

Н. ИСМАТОВА, О. КАРИМОВА

# МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Жалпы орта білім мекемелерінің  
11-сыныбына арналған оқулық**

*1-басылым*

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі  
бекіткен*

Ташкент  
«Yangiyul Poligraph Service»  
2018

УО‘К: 340.12(575.1)(075.3)

КБК: 67.0(50‘)

D 13 Исмадова, Наргиза.

Мемлекет және құқық негіздері: Жалпы орта білім мекемелерінің 11-сыныбына арналған оқулық / Н. Исмадова, О. Каримова. – Бірінші басылым. – Ташкент: «Yangijolpoligraf servis», 2018. – 144 б.

УО‘К: 340.12(575.1)(075.3)

КБК: 67.0(50‘)ya72

ISBN 978-9943-5246-0-6

### **Жауапты редакторлар:**

М. Баратов — А.Авлони атындағы ХББМҚҚДБАИ профессоры,  
заңгерлік пәндері докторы;

Б. Маликова — заңгерлік пәндері докторы, профессор

### **Пікір жазғандар:**

Б. Ахроров — ТМЗУ профессоры, заңгерлік пәндері докторы;

Х. Туйчиева — ТЭУ «Руханият және құқық» кафедрасы  
меңгерушісі, заңгерлік пәндері кандидаты,  
доценті;

Х. Тожибоева — Яккасарой ауданындағы 144-мектептің «Мемлекет  
және құқық негіздері» пәнінің оқытушысы.

**Республикалық мақсатты кітап қоры қаржылары есебінен басылды.**

© Н. Исмадова, О. Каримова, 2018.

© Yangiyul Poligraph Service, 2018.

ISBN 978-9943-5246-0-6

## Кіріспе

Құқықтық сана мен мәдениетті одан әрі жетілдіру барысында білім беру жүйесінде қажетті міндеттер жүзеге асырылуда. Олардың бірі аталмыш салаға тиісті оқулықтардың жаңа ұрпағын жаратуда білім технологияларының тиімді әдістерінен пайдалану мәселесі болып табылады. Оқулықта берілген сұрақ пен тапсырмалар, қосымша мәліметтер, құқықтық мәселелер (казус), терминдердің сипаттамасы, тарихтан үлгілер дәл құқықтық білім саласындағы білімдерінді одан әрі байытуға, құқықтық сана мен ойынды кеңейттіруге қызмет етуге бағытталған. Бұл сала қоғам дамыған сайын, заңдар да жетіліп баратын сала. Соның үшін де Сен тек қана оқулықта берілген мәліметтермен шектелместен [www.lex.uz](http://www.lex.uz) сайты арқылы заңдылықтағы өзгерістерді бақылап барғансың, дүниеге көзқарасың одан әрі кеңейеді, бұл салада тағы да көбірек білімдерге ие боласың.

Өзбекстан Республикасының Конституциясының 24-жылдығына арналған мерекелік шарада Президентіміз Шавкат Мирзиёев бұл мәселеге жеке назар аударып, заң үстемдігін қамтамасыз етуде құқықтық мәдениетті жетілдіру азаматтарды заңға құрмет рухында тәрбиелеу қажетті маңызға ие екендігін атап өтті.

Құрметті оқушы!

Қолыңдағы оқулық төменгі сыныптарда алған білімдеріңді жалғастырады және толтырады, құқықтық білімдеріңді кеңейттіреді. Мәдениетке ие бөлу өзіңнің қолыңда.

Заңдарды білмеген адам бүгінгі күнде өз құқық пен міндеттемелерін білмейді. Ол өмірде бірер қиын жағдайға түсіп қалғанда, жайттан қалай шығып кетуді, мәселені қалай шешуді білмей, қорғансыз болып қалуы мүмкін. Бір данышпан «Ең жақсы еркіндік – бұл заңдарға тәуелді болу», деген екен. Себебі, заң үстемдігі мемлекетте тыныштық-тұрақтылық, еркіндік пен демократиялық бағыттар үкім сүрудің кепілі болады.

Бұл саладағы білімдеріңді жетілдіруде және жоғары адамгершілік құндылықтармен бірге құқықтық мәдениетке ие болуда сендерге сәттіліктер тілейміз.

*Авторлар*

# КІРІСПЕ

## 1-§ Өзбекстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің құқықтық негізі

### Шығармашылық қызмет



*Мемлекет билігі басқармаларының өкілеті, әрекет шеңбері адам мен азаматтардың құқық пен еркіндіктерімен шектеледі. Бұл пікірді Өзбекстан Республикасының Конституциясының 2, 13 және 14-баптарында айтылған ережелері өзара байлап талқылау арқылы дәлелдеуге әрекет жаса.*

4

### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Өзбекстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің құқықтық негізі.
- Өзбекстан Республикасының Конституциясы адам құқықтарын жүзеге асырудың құқықтық негізі.

### Өзбекстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің құқықтық негізі

Мемлекеттердің ішкі басқаруы мен тәуелсіздігі, суверенитеті оның Конституциясы құралында заңдас-тырылады. Бұл мемлекет билігінің Конституциямен шектелгендігін, тәртіпке салуын да білдіреді.

Құқықтық демократиялық мемлекет пен азамат-тық қоғамында Конституция мемлекет билігімен адам арасындағы өзара қатынастардың заңды өл-шемін, құқықтық қатыстылығын орнататын негізгі құрал болып табылады.

Конституцияда адам, оның өмірі, еркіндігі, абы-ройы, қадір-қасиеті және басқа тиіссіз құқықтары жоғары құндылық деп бағаланады. Демократиялық құқық пен еркіндіктер конституция және заңдармен қорғалады. Өз кезегінде мемлекет органдары мен лауазымды тұлғалар азаматтар алдында жауапты. Аталмыш конституциялық ережелер мазмұнынан

адам мен азаматтар құқықтары және еркіндіктерінің үстемдік принципі келіп шығады. Демек, Өзбекстан Республикасы Конституциясы кіріспесінің негізгі тақырыбы адам құқықтары болып, халқымыз бен мемлекетіміз міне осы мәселеде өзінің адам құқықтарына сенімділігін жариялайды.

Конституция азамат, қоғам мен мемлекет билігі арасындағы қатынастарды белгілейтін өзіне тән әлеуметтік келісім болады. Конституция азаматтардың жалпы тең құқықтығы, азамат және мемлекет арасындағы қатынастарда өзара жауапкершілігі идеясына негізделеді.

Конституциялық ережелер тұлға мен мемлекеттің өзара қатынастары қалай қалыптасуы керекті және бұл адам өмірінде қандай қажетті маңызға ие екендігін түсініп алуға көмектеседі. Өзбекстан Республикасының Конституциясы тұлға мен мемлекет арасындағы өзара қатынастардың құқықтық тәртібін белгілеп береді. Бұған сәйкес халық, қоғам, тұлға құқығы мен мүддесі бірінші орынға қойылады.

Егер тұлға мен мемлекет қатынасында мемлекет орнына мән берілсе, мемлекет мүддесінің маңызы түбінде де адам құқығы мен еркін қорғау жатады. Біз құрып жатқан мемлекеттің адамгершілік пен адамсүйгіштік маңызы сонда көрініс табады, яғни мемлекет қызметінің негізгі мақсаты адамға қызмет ету екендігі толығымен көрініс табады.

Әрбір мемлекет өз аумағында іске асырылатын берілетін заңдарды өзі жаратады. Демек, заңдар қоғамдағы белгілі әлеуметтік қатынастарды тәртіпке салады және халықтың ықыласын көрсетеді, әр түр-



Өзбекстан Республикасында Өзбекстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының үстемдігін сөзсіз тән алады. Мемлекет, оның органдары, лауазымды тұлғалар, қоғам бірлестіктері, азаматтар Конституция мен заңдарға сай жұмыс көру.

**Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 15-бап**



**Шығармашылық қызмет**

Төмендегі суреттерде көрініс тапқан тұлғалар мен мемлекет арасында қандай қатынастар бар?





Өзбекстан – суверен демократиялық республика. Мемлекеттің «Өзбекстан Республикасы» және «Өзбекстан» деген аттары бір мағынаны білдіреді.

### **Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 1-бап**



Ашуың шыққанда сөздеріңе мән бер... Үлкендерден алдын жүрме. Біреу сөйлеп жатқанда араға сөз сұқпа.

**Лұқпан Әкім**

лі саяси күштер, әлеуметтік топтар, топтар мүдделерінің өзара ымыраласуын қамтамасыз етеді.

## **Өзбекстан Республикасының Конституциясы адам құқықтарын жүзеге асырудың құқықтық негізі**

Конституциялық мемлекет дегенде мемлекет билігі басқармалары конституцияда белгіленген тәртіп пен принциптер негізінде қалыптастырылатын және конституциялық нормаларға үзілді-кесілді мән берген тәрізде өз қызметін жүзеге асыратын мемлекет аппараты түсініледі. Конституциялық мемлекет — мемлекеттің бүкіл аумағында және мемлекет қызметінің барша салаларында конституцияның және оның негізінде қабылданған заңдардың үстемдігі қамтылған және оған кепілдік беретін мемлекет болады. Халық суверенитеті жоғары билік халыққа тиісті екендігін білдірсе, мемлекет суверенитеті тәуелсіз билік, яғни мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын халық атынан мемлекет жүзеге асыруын білдіреді. Мемлекет билігі халық ерлік-жігерінің жемісі, оны жүзеге асыратындар халық тарапынан, халықтың сенімі арқылы билік басына келеді де қызмет жүргізеді.

Конституциялық мемлекетте заң үстемдігі принципінің логикалық жалғасы ретінде тағы екі принцип: «Заңмен тыйым салынбаған барша нәрсеге рұқсат беріледі» (азаматтар үшін) және «Тек қана заңда нығайтылған нәрсеге ғана рұқсат беріледі» (мемлекет органдары мен лауазымды тұлғалар үшін) іске асады.

Бірінші принцип азаматтардың әрекеттену еркіндігі мен мүмкіндіктерін кеңейттіреді. Заңда тыйым салынбаған әрқайсы іс-әрекеттерді болдыру мүмкін болады және мұның үшін заңды жауапкерлік келіп шықпайды.

Екінші принциптің мағынасы мынадай, яғни мұнда мемлекет басқармалары мен лауазымды

тұлғалар өздерінің заңда белгіленген өкілеттіктері шеңберінде, оларға сай түрде әрекеттенуі қажет болады.

Конституциялық мемлекетте биліктің құрылуы мен қызмет жүргізуі Конституцияда бекітіп қойылады. Конституцияда назарда ұсталмаған билік органдарын құруға болмайды. Конституциялық мемлекет, ең алдымен, мемлекеттің құқықпен тығыз байланыстылығы болады.

Конституция адам мен азаматтың сол билік тарапынан кепілденген құқықтарын бекемдейді және сол құқықтарға пропорционалды тәрізде мемлекет билігін шектейді. Басқаша айтқанда, Конституция — мемлекет билігін құру және қызмет жүргізудің құқықтық ресмиленуі болып, бұл биліктің азаматтық қоғамы басқа субъекттерімен қатынасын тәртіпке салады.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. «Тұлға — қоғам — мемлекет» қатынастарына мысал келтір.
2. Өзбекстан Республикасының Конституциясында мемлекет тәуелсіздігі, мемлекет басқаруы, мемлекеттің құрылу формасы мен саяси тәртіп қалай көрсетілген? Пікірінді сипаттап бер.
3. Өзбекстан Республикасының Конституциясының 7-бабын оқы. Халық әкімшілігі дегенде нені түсінесің?
4. Өзбекстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтарыңды білесің бе?
5. Оларды толық жүзеге асыруда сенің қандай қатысың бар?
6. Адам құқықтары мен борыштары арасында қандай қатынас болуы мүмкін?

## Құқық тарихынан

Кейбір мемлекеттерде, соның ішінде, Өзбекстанда заңның үстемдігін демократиялық конституциялық мемлекеттің негізгі принципі болып табылады. Бұл жерде аталмыш принцип, алдымен, конституцияның үстемдігін назарда тұтады. Егерде, заңды қолдаушы атқару билік органы (лауазымды тұлға) яки сот бұл заң конституцияға қарсы екендігін анықтаса, мәселені бұл заң негізінде емес, бәлкім конституция негізінде шешуі шарт.

# I бөлім. ЖАНҰЯ ҚҰҚЫҒЫ

## 2-§ Жанұя қоғамның негізгі буыны

**15 мамыр –  
Халықара-  
лық жанұя  
күні**

Мемлекетімізде  
1998 жыл —  
«Жанұя жылы»,  
2012 жыл  
«Берік жанұя  
жылы» деп  
жарияланды.

Жанұя қоғам-  
ның негізгі  
буыны және  
қоғам мен  
мемлекет қорға-  
нысында болу  
құқығына ие.

**Өзбекстан Рес-  
публикасының  
Конституциясы,  
63-бап**

8

**Бүгін сабақта төмендегі  
тақырыптармен танысасың:**



- ➔ Жанұя құқығының конституциялық негізі.
- ➔ Өзбекстан Республикасының жанұя кодексі.
- ➔ Жанұя туралы заң құжаттарымен тәртіпке салынатын қатынастар.
- ➔ Жанұя құқығының субъекттері жанұялық қатынастарда азаматтардың тең құқықтығы.

### Жанұя құқығының конституциялық негізі

Жанұя-құқықтық қатынастардың негізгі көзі Өзбекстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Қоғам мен мемлекеттің жанұяға қамқорлығы әлеуметтік саясатымыздың қажетті бағытына айналған.

Жанұя аман-сау екен – қоғам берік, қоғам берік екен – мемлекет тұрақты болады. Соның үшін де жанұя қоғамның негізгі буыны ретінде бағаланып, баланың тұлға ретінде қалыптасуы, болашақта қоғамда өз орнын табуы мен рухани кемел адам болып жетілуінде негізгі баған болып есептеледі.

Халқымыз тарихына назар салсақ, ең қадірлі дәстүрлер: адалдық, шынайылық, ар-намыс, ар-ұят, мейір шапағат, еңбексүйгіштік сияқты барша адами-лық қасиеттері ең алдымен жанұяда қалыптасқан.

Әдепті, білімді және ақылды, еңбексүйгіш, иманды перзент тек қана ата-ананың емес, бәлкім бүкіл қоғамның да ең үлкен байлығы.



Жанұя қатынастарының Өзбекстан Республикасы заңдарында көрініс табуы жанұяны жоғары рухани адамгершілік нормалары негізінде нығайтуды жарқын үлгісі.

Өзбекстан Республикасының Конституциясында Өзбекстан азаматтары балаларды кәмелетке толғанға дейін бағу және тәрбиелеуге мәжбүрлігі, перзенттер ата-аналары жөнінде қамқорлық жасауы мен оларға көмек беруі шарт екендігі көрсетіп өтілген.

Перзенттер, ата-аналарының үрім-бұтағынан және азаматтық жағдайынан тыс, заң алдында тең, аналық және балалық мемлекет тарапынан қорғалады.

## Өзбекстан Республикасының Жанұя кодексі

Жанұяның қоғамдағы рөлін қамтамасыз етуде оның құқықтық қорғанысы мен әлеуметтік беделін нығайтуға Жанұя кодексінің рөлі үлкен. Өзбекстан Республикасының Жанұя кодексі дүние ынтымақтастығында жалпы тән алынған құқықтық нормаларға толық сай түрде құрылған жайтта, «жанұя — қоғамның тірек жүйесі болады», деген идеяға негізделген.

Жанұя туралы заң құжаттарының міндеті жанұяны нығайтудан, жанұялық қатынастарды өзара махаббат, сенім мен құрмет, ынтымақтастық, бір-біріне көмек беру және жанұя алдында оның барша мүшелерінің жауапкершілік сезімі негізінде құрудан, бірер тұлғаның жанұя мәселелеріне өз бетінше араласуға жол бермеуінен, жанұя мүшелері өз құқықтарын тосқауылсыз жүзеге асыруын және бұл құқықтардың қорғалуын қамтамасыз етуден тұрады. Жанұялық қатынастарды тәртіпке салу еркек пен әйелдің ерікті түрде неке одағын құруы, еркек пен әйелдің жеке және мүліктік тең құқықтығына негізделеді.



«Егер бір мемлекет тұрғыны әдепсіздік және жауыздықпен жанұялық қатынастарды әлсіздендірсе және тәртіпсіздікке жол берсе, сонда бұл ұлттың бақыты мен өмірі күмән астында қалады».

**Фитрат**



### Шығармашылық Қызмет

1. Мәтінді мұқият оқы және өз пікірінді білдір.
2. Мәтіндегі «жанұялық қатынастарды әлсіретіп жіберсе» дегенде нені түсіндің?
3. Жанұяның беріктігінде ұлттық құндылықтарының орны неде?
4. Жанұядағы проблемалардың қоғам дамуына әсері қандай болуы мүмкін?

## Құқық тарихынан



Тарихи кундылығымыз болған «Авестода» әйел кісі жеке мүлікке ие болуының құқықтық негіздері бар. Әйел кісі өз мүлінен қайырымдылық мақсаттарында тәуелсіз пайдалануы, сондай-ақ тәуелсіз түрде даугер болуы мен куәгер ретінде түсініктемелер беруі мүмкін болған. Неке зардуштілік құқығына сәйкес оған кірушілердің екі жақты ықыласының нәтижесі болып, тек қана содан кейін ғана ата-аналар мен қамқоршылар тарапынан бекітілген.

## Жанұя туралы заң құжаттарымен тәртіпке салынатын қатынастар

Жанұялық құқықтық қатынастар дегенде азаматтар арасында болатын және жанұялық құқықтық нормалармен тәртіпке салынатын әлеуметтік қатынастар түсініледі.

Жанұя құқы жанұя мүшелері арасындағы жеке мүліктік болмаған және мүліктік қатынастарды тәртіпке салады. Жеке мүліктік болмаған қатынастарға ерлі-зайыптының фамилиясы, балалар тәрбиесі, жанұя тұрмысының мәселелерін шешу, жаттығу түрі, кәсіп пен тұрғын үй таңдау құқықтары кіреді.

Мүліктік қатынастар, еркек пен әйелдің неке барысында арттырған жалпы мүліктері, сондай-ақ неке тіркелгенге дейін болашақ ерлі-зайыптының жалпы қаржылары есебіне алынған мал-мүліктері, егер заң яки неке келісімшартында басқаша жағдай назарда тұтылған болса, олардың біргеліктегі жалпы мүлкі есептеледі.

Жанұялық-құқықтық қатынастар өзінің кейбір белгілерімен азаматтық-құқықтық қатынастарға ұқсап кетеді. Бірақ бұл ұқсастық тек қана сыртқы көрінісі. Азаматтық құқықтық қатынастардың негізін мүліктік қатынастар, ал жанұялық құқықтық қатынастардың негізін мүліктік болмаған жеке қатынастар құрайды. Жанұя құқығы бірінші кезекте жеке қатынастарды тәртіпке салады.

Азаматтардың Өзбекстан Республикасы жанұя заңдарында назарда ұсталған құқықтары, еркіндіктері мен міндеттемелерінің құрамына төмендегілер кіреді:

- ➔ ерлі-зайыптының (жеке және мүліктік) құқықтары мен міндеттемелері;
- ➔ ата-ананың (жеке және мүліктік) құқықтары мен міндеттемелері;

- неке құруда тең құқықтар;
- кәмелетке толмаған балалардың (жеке және мүліктік) құқықтары мен міндеттемелері;
- ата-аналар мен балалар, ерлі-зайыпты, бұрынғы ерлі-зайыпты, туыстар мен басқа тұлғалардың алимент міндеттемелері;
- некенің аяқталу негіздері;
- ерлі-зайыптының жалпы мал-мүлікке иелік етуі, пайдалану және оны ұйғару құқығы;
- неке келісімшартын құруда ерлі-зайыптының құқықтары мен міндеттемелері;
- перзенттікке алу тәртібі;
- баланың құқық пен мүддесін қорғау бойынша ата-ананың құқық пен міндеттемелері;
- ата-ананың баланы тәрбиелеу және оған білім беруге тиісті құқық пен міндеттемелері.
- ата-аналық құқығынан айыру негіздері;
- қамқоршылық пен қамқорлыққа қайрылу құқығы.

Ата-аналық құқығынан айыру институты жанұялық құқықтық қатынастарда жеке орын ұстайды. Жанұялық құқықтық қатынастар дегенде аза-

Өзбекстан Республикасында барша азаматтар бірдей құқық пен еркіндіктерге ие болып, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, діні, әлеуметтік келіп шығуы, нанымы, тұлғасы мен әлеуметтік жағдайынан тыс заң алдында тең. Жеңілдіктер тек қана заңмен белгіленіп қойылады және әлеуметтік әділет принциптеріне сай болуы шарт.

**Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 18-бап**



Жанұя туралы заң құжаттары неке құру, некенің аяқталуы (бітуі) және оны шынайы емес деп табу шарттары мен тәртібін белгілейді, жанұя мүшелері: ерлі-зайыпты, ата-ана мен балалар (перзенттікке алушылар және перзенттікке алынғандар) арасындағы, жанұя туралы заң құжаттарында назарда ұсталған жағдайларда және шеңберінде туыстар мен өзге тұлғалар арасындағы жеке мүліктік болмаған және мүліктік қатынастарды тәртіпке салады, сондай-ақ ата-ананың қарамағынан мақрұм болған балаларды жанұяға алу формасы мен ережелерін, азаматтық жағдайы куәліктерін тіркеу тәртібін белгілейді.

**Өзбекстан Республикасының Жанұя кодексі, 5-бап**

**Шығармашылық  
қызмет**

Өзбекстан Республикасының Конституциясының 18-бабында бегіленген ережені «Жанұялық қатынастарда азаматтардың тең құқықтығы» мәтінімен қандай байланыстылық жағы бар екендігін анықта.

маттар арасында болатын және жанұялық құқықтық нормалармен тәртіпке салынатын әлеуметтік қатынастар түсініледі.

## Жанұя құқығының субъекттері

Кез келген басқа қатынастарда болғанындай жанұялық құқықтық қатынастарда да үш элемент: субъект, субъективтік құқық пен міндеттерді көруімізге болады.

Жанұялық қатынастардың субъекті болып, ерлі-зайыпты, ата-ана, балалар, қамқоршылар мен де-меушілер басқа туыс-ағайындар және жанұя заңдары саласында ол яки бұл қатынастарды шешуде қатысатын заңды тұлғалар, азаматтар одағы, мекемелер, органдар, әлеуметтік бірлестіктер болып табылады.

Жанұя мүшелеріне, жанұяның алдыңғы мүшелеріне тиісті заңмен қорғалатын адамгершілік және материалды құндылықтар тұрғысынан жанұяның құқық субъекттері қабылдайтын әрекет пен қаулылар жанұялық құқықтық қатынастардың объекттері болуы мүмкін.

## Жанұялық қатынастарда азаматтардың тең құқықтығы

Жанұялық қатынастарда азаматтардың тең құқықтығы жанұялық қатынастарды тәртіпке салу еркек пен әйелдің ерікті түрде некеленіп құрған одағы, еркек пен әйелдің жеке және мүліктік құқықтары теңдігі, ішкі жанұялық мәселелердің өзара келісу жолымен шешілуі, жанұяда балалар тәрбиесі, олардың жасампаз өмір сүруі мен кәмелеті жөнінде қамқорлық жасау, кәмелетке толмаған және

еңбекке жарамсыз жанұя мүшелерінің құқық пен мүдделерін қорғау тұрақты бағыттарының негізінде жүзеге асырылады.

Барша азаматтар жанұялық қатынастарда тең құқықтарға ие. Неке құру барысында жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, діні, әлеуметтік келіп шығуы, нанымы, жеке және әлеуметтік жағдайы мен басқа жағдайларға қарап, құқықтарды белгілі тәртізде тікелей яки тікелей болмаған шектеуге, тікелей яки тікелей болмаған ерекшеліктер белгілеуге әрі жанұялық қатынастарға араласуға жол бермейді.

Жанұялық қатынастарда азаматтардың құқықтары тек қана заңға сәйкес және тек қана жанұядағы басқа мүшелердің сондай-ақ өзге азаматтардың әдебі, абыройы, қадір-қасиеті, денсаулығы, құқықтары және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында қажет мөлшерде ғана шектелуі мүмкін.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Өзбекстан Республикасының Конституциясында әйел-қыздар мен еркектер тең құқықты екендіктері айтылады. Жанұяда тең құқықтық түсінігі қандай қатынастарға қатысты көбірек қолданылады?
2. Жанұялық-құқықтық қатынастар дегенде нені түсіндің? Өмірлік мысалдар келтір.
3. Жанұялық-құқықтық қатынастармен азаматтық құқықтық қатынастардың бір-бірінен айырмашылығы неде?
4. Жанұялық-құқықтық қатынастар субъектітеріне мысал келтір.
5. Не үшін жанұя қоғамның негізгі арқауы деп аталады? Пікірінді сипаттап бер.

## Шығармашылық қызмет



Берілген суреттерден жанұялық қатынастардың субъектітерін анықта.



## 3-§ Неке құру тәртібі мен шарттары



Неке – еркек пен әйелдің тең құқықты, еркін және ерікті одағы болып, ол азаматтық жағдайы куәліктерін тіркеу органдарында құрылады және жанұя құру мақсатына қызмет етеді.



### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- ➔ Неке ұғымы. Неке құру тәртібі.
- ➔ Неке құрудың еріктілігі. Неке жасы. Неке құруға кедергі жасайтын жағдайлар. Некелесуші тұлғаларды медициналық тексеруден өткізу.

### Неке ұғымы. Неке құру тәртібі

Неке жанұяның жүзеге асуы үшін бірден-бір негіз болады. Неке шарты адамдарға жауапкершілік жүктейді. Себебі жанұяда еркектің де, әйелдің де өз міндеті бар, олардың әрбірі өз міндетін толық орындауға жауапты. Неке тұрғысынан жаңа жанұялар пайда болады.

**Неке құру** жай ғана ресмилік емес, оның мемлекет тарапынан тіркелуі заңды факт болады.

Дәл тізімге алынған (тіркелген) неке заңды неке деп есептеледі және тек қана ол ерлі-зайыптылық құқықтары мен міндеттемелерін жүзеге асырады. Тізімсіз (тіркеусіз) неке шынайы емес. Неке мемлекет пен қоғам мүдделерін көздеп, еркек, әйел мен балалардың жеке және мүліктік құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында тіркеледі. Некені тіркеуде куәгерлердің саны екі кісіден кем болмауы керек.

Тек қана діни әдеттерге сәйкес құрылған неке құқықтық маңызға ие емес.



## Неке құрудың еріктілігі. Неке жасы. Неке құруға кедергі жасайтын жағдайлар

Неке құру ерікті. Неке құру үшін болашақ ерлі-зайыпты өз разылығын еркін көрсету қабілетіне ие болуы керек. Неке құруға мәжбүр ету тыйым салынады. Ис-жүзіндегі заң құжаттарында неке жасы белгілеп қойылған. Заңға сәйкес еркектер 18 жастан, ал әйелдер 17 жастан неке құруға болады.

Азаматтық заңдарына сәйкес кәмелетке толғанға дейін заңды түрде некеден өткен азамат толық өлшемдегі қарым-қатынас жасау қабілетіне ие болады. Неке құру нәтижесінде ие болған қарым-қатынас жасау қабілеті 18 жасқа толмай тұрып некеден ажыратылған жайтта да толық сақталып қалады. Неке шынайы емес, деп табылғанында сот кәмелетке толмаған еркек (әйел) сот белгілеген кезден бастап толық қарым-қатынас жасауға қабілетін жоғалтқандығы жөнінде қаулы қабылдауы мүмкін.

Неке жасына мән берместен заңға қайшы түрде неке қатынастарында болу әр түрлі құқықтық салдарды келтіріп шығаруы мүмкін. Мұндай неке шынайы емес деп табылып, жанұя заңдарында белгіленген тиісті жеке және мүліктік құқықтық салдарды келтіріп шығармайды.

### Неке құрылуына кедергі жасайтын жағдайлар.

*А) Ең болмағанда біреуі тізімге алынған басқа некеден тұрған тұлғалар арасында.*

Республикамызда әрбір азамат тек қана бір некеден болуы мүмкін. Жеке некелік бағыты біздің қоғамымызда бар болған жоғары әдептілік ережелерден келіп шығады. Бұл ереженің бұзылуы некені шынайы емес деп табылуына негіз болады.



Неке жасы еркектер үшін он сегіз жас, әйелдер үшін он жеті жас етіп белгіленеді. Кешірімді себептер болғанында, жеке жайттарда (жүктілік, бала туылуы, кәмелетке толмаған тұлғаның толық мәмілеге жарамды деп жариялануы (эмансипация), некеге кіруді қалаушылардың өтінішіне сәйкес неке мемлекет тізімінен өткізілетін жердегі аудан, қала әкімі неке жасын көбімен бір жылға азайтырылуы мүмкін.

**Өзбекстан Республикасының  
Жанұя кодексі,  
15-бап**



Неке жасына жетпеген тұлғамен құрылған неке әлі неке жасына жетпей некеге кірген тұлғаның мүдделері талап еткен жайттарда шынайы емес деп табылуы мүмкін...

**Өзбекстан Республикасының  
Жанұя кодексі  
51-бап**

*Б) Келіп шығу шежіресі бойынша дұрыс тұтасқан туыстар арасында, туысқан және өгей аға-інілер мен әпке-сіңілдер арасында, сондай-ақ перзенттікке алушылар мен перзенттікке алынғандар арасында.*

Заң құжаттарында жақын, дұрыс, жан, толық және толық болмаған туыстар ұғымдары бар. Бірі басқасынан яки жалпы әулеттен дүниеге келген тұлғалар жақын туыстар болып табылады.

Басқа біреуден дүниеге келген тұлғалар, яғни ата-баба, ұл-немере-немене-шөбере-шөпшек дұрыс туыс деп жүргізіледі. Аға-іні мен әпке-сіңіл жан туыс делінеді. Толық туыс деп жалпы ата яки анаға ие болу, толық болмаған туыс деп басқа ата яки анадан туылған өгей аға-інілер мен әпке-сіңілдер түсініледі.

Аға-інілер мен әпке-сіңілдер перзенттерінің өзара неке құруы, сондай-ақ балаларды емізуінен жүзеге асқан сүт туыстар, яғни неке құруы мақсатқа сай емес.

Жақын туыстар арасындағы некені заң жолымен тыйым салу әдептілік ереже мен биологиялық тұрғыдан, медицина пәнінің жетістіктері мен қорытындыларына негізделеді.

Басқа туыстар арасында неке құру заңмен тыйым салынбайды. Соның үшін жан сызық бойынша



Неке жасы туралы заң құжаттарын бұзған кінәлі тұлғалар Өзбекстан Республикасының Әкімшілік жауапкершілік туралы кодексі 47<sup>3</sup>-бабы мен Қылмыстық кодексінің 125<sup>1</sup>-бабына сәйкес жауапкерлікке тартылады.



туыс болған, немере нағашы, немере ағалар, немере әпкелер және басқа алыс туыстар арасында неке құруға болады.

Туыстық неке тұрғысынан көбінесе әлсіз, дене тұрғысынан сау болмаған, ақыл-есінің кемдігі, сақау, төмен яки басқа нұқсанды, мүгедек балалар дүниеге келеді. Туыстар арасында құрылған неке керек болса перзентсіздікке алып келуі де мүмкін.

*В) Ең болмағанда біреуі психикасының бұзылуы психикалық ауруы тұрғысынан ақыл-есінің кемдігі сот тарапынан мәмілеге жарамсыз деп табылған тұлғалар арасында неке құруға жол берілмейді.*

Мұндай тұлғалар өз қылмыстарының салдарына толық жауап бере алмайды және неке құруға саналы түрде өз қалауларын айта алмайды. Бұл ереже неке-ленушілердің ерікті және өз қалауына сәйкес неке құру үрдісінің келіп шығады. Тұлғаның психологиялық ауруы яки ақылы ақылесінің кемдігінен төмендігінен мәмілеге жарамсыз деп табылуы азаматтық жағдайы куәліктерін жазу органына арыз тапсырғаннан соң, некені тіркеу мерзіміне дейін болған болса да некеден өтуге кедергі жасайды.



Көп әйелді болу, яғни жалпы қоғамдық негізінде екі яки одан артық әйелмен ерлі-зайыпты болып жасау — ең аз айлық жалақының елу есесінен жүз есеге дейін мөлшерде айыппұл яки үш жылға дейін әдеп түзеу жұмыстары яки бір жылдан үш жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе үш жылға дейін бас бостандықтан айырумен жазаланады.

**Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 126-бап**



### НЕКЕ ЖӨНІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДАН

Сендер үшін (бұл сөз еркектерге айтылып жатыр) аналарың, қыздарың, әпке-сіңлілердің, әпкелерің, немере әпкелерің, аға-інілеріңнің қыздары, әпке-сіңлінің қыздары, емізген аналарың, емізген әпке-сіңлілерің, қайыненелерің, некеден болған әйелдеріңнің тәрбиенде болған қыздары міне, осы санап өтілген әйелдерге үйлену харам етілді.

**Құраны Кәрім Нисо сүресі 23-аят**



## Шығармашылық қызмет



Некеленуші тұлғалар мемлекет денсаулықты сақтау жүйесі мекемелерінде тегін түрде медицина тексеруінен өтеді. Медициналық тексеруден өту көлемі мен тәртібі Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті тарапынан белгіленеді...

**Өзбекстан  
Республикасы  
Жанұя кодексі,  
17-бап**

*Азиза кәсіптік-техникалық колледжінің 2-басқышында оқиды. Наурыз айында ол 17 жасқа толады. Үйінен саушылардың да аяғы арылмай қалды. Жанұяда 80 жасын қаралап қалған әжесі бар. Әрдайым саушы келгенде, «Маған сенің тойың бұйырады ма екен?» деп өксініп қояды. Бұл сөзді естіген Азизаның атасы: «Сығылмаң, анажан, жазға барып той жасаймыз», деп жұбатады. Анасы болса: «Әлі қызымыз жас, жанұя құруға дайын емес», деп саушыларға жауап беріп жібереді.*

1. Аталмыш жағдайда қандай жол ұстанған жөн?
2. Азизаның анасы: «Әлі қызымыз жас, жанұя құруға дайын емес», дегенде нені түсіндің?
3. Сенші, жанұя құруға дайынсың ба?

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Жанұя құрайтын адам қандай жауапкершіліктерді мойнына алуы керек?
2. Жанұя құру үшін нелерге ие болу керек?
3. Төмендегілердің қай бірі болмаса да жанұя құруға болады: материалды мүмкіндіктер, рухани дайындық, психологиялық дайындық, дене (биологиялық) дайындық?
4. Сеніңше, жанұяда тұрмыстың қиындықтары көбірек кімнің мойнына түседі? Пікіріңді сипаттап бер.

## 4-§ Ерлі-зайыптының жеке құқық пен міндеттемелері

### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Ерлі-зайыпты құқық пен міндеттемелерінің жүзеге асуы.
- Жанұяда еркек пен әйелдің тең құқықтығы.
- Еркек пен әйелдің фамилия таңдау құқығы.
- Ерлі-зайыптының балалар тәрбиесі мен жанұя тұрмыс мәселелерін шешуі.

### Ерлі-зайыпты құқық пен міндеттемелерінің жүзеге асуы

Неке азаматтық жағдайы куәліктерін тіркеу органдарында тізімге алынған кезден бастап некені құрғандар ерлі-зайыпты болып табылады және олар арасында ерлі-зайыптылық құқық пен міндеттемелері жүзеге асады. Енді олар арасындағы қатынастар әдеп ережелері ғана емес, бәлкім заңдар мен құқықтық ережелермен де тәртіпке салынады. Мұнда әйелдер саяси тұрғыдан еркектермен тең құқыққа ие болғандай, жанұяда да барша жеке және мүліктік



### Шығармашылық қызмет



1. Сен не деп ойлайсың жанұяда еркек пен әйелдің міндеттемелері тең бе?
2. «Жанұяда әйелдерге қатысты көбірек құқық берілген», деген пікірге қалай қарайсың?
3. «Жанұяны басқаруда еркек кісі үстем болуы керек», «Жанұяны негізінен еркек кісі қамтамасыз етуі қажет, әйел кісі өзі тапқан қаржыны өзі қажетіне жұмсаса болады», «Жанұяда кім көп қаржы тапса, сол бас болады», сияқты пікірлерге өз қатынасыңды білдір.



Азаматтар жанұялық қатынастардан келіп шығатын құқықтарын өз қалауларына сәйкес иелік етеді. Жанұя мүшелерінің өз құқықтарын жүзеге асыруы және өз міндеттемелерін орындауы жанұяның басқа мүшелері мен өзге тұлғалардың құқықтары, еркіндіктері және заңды мүдделерін бұзбауы шарт.

**Өзбекстан Республикасының  
Жанұя кодексі,  
10-бап**

мәселелерде олармен тең құқықтардан пайдаланады және тепе-тең міндеттемелерге ие болады.

## Еркек пен әйелдің фамилия таңдау құқығы

Неке негізінде екі түрлі — жеке және мүліктік қатынастар келіп шығады. Жеке қатынастарға ерлі-зайыптының фамилия таңдау құқығы, балалар тәрбиесі мен жанұя-тұрмыс мәселелерін шешу, кәсіп пен тұрғын үй таңдау құқықтары кіреді. Мұндай жағдайларда олардың еңбегі мен азаматтық құқығы мінез-құлықты жарамсыздығының элементі болып, жанұя құқығының саласы есептелмейді.

Некеге кіру уақытында өз фамилиясын өзгерттірген еркек (әйел) некеден ажыратылғаннан кейін де сол фамилияда қалуға құқылы немесе сот тарапынан некеден ажырату туралы қаулы шығарылып жатқанда оның қалауына сәйкес оған некеге дейін болған фамилиясы қайтарылуы мүмкін.

## Ерлі-зайыптының балалар тәрбиесіндегі қатысуы және тұрмыс мәселелерін шешуі

Әрбір бала жанұяда жасау және тәрбиелену, өз ата-анасын білу, олардың қамқорлығынан пайдалану, олармен бірге жасау құқығына ие. Ата-ана баланың тәрбиесіне яки мүдделеріне кері әсер ететін әрекеттерді орындаса, ата-аналық құқығынан айырылады.

Ерлі-зайыпты ата-ана балалар тәрбиесіне бірдей жауапты. Бала өз ата-анасы тарапынан тәрбиелену, мүдделену, жан-жақты кемел табу, адамилық қадір-қасиеттерінің құрмет етілуі құқығына ие. Баланың ата-анасы болмағанда яки олар ата-аналық құқығынан айы-

рылганда және бала ата-ана қарамағынан айыру болған басқа жайттарда оның жанұяда тәрбиеленуі құқықтық қамқоршылық және қамқорлық органы тарапынан қамтамасыз етіледі. Ата-анасы некесінің жоққа шығарылуы яки шынайы емес, деп табылуы баланың құқықтарына әсер етпейді.

Ата-ана кәмелетке толмаған перзенттердің заңды өкілі есептеледі, себебі олар өз құқығы мен міндеттемелерін өздігінен қорғай алмайды. Ата-ана тек қана тең құқықты, бәлкім балаларды материалды тұрғыдан жабдықтау, шыныққан, психологиялық және әдептілік дені сау етіп тәрбиелеу, оларды тәуелсіз өмірге дайындау барысында бірдей міндетке де ие.

Өкінішке орай, кейде ата-аналар өз міндеттемелерін орындаудан бас тартады. Балаларға аяусыз қатынаста болады, оларды балағаттайды, ішкілік яки есірткі заттарын пайдалануына үздіксіз беріледі яки басқа амалдарымен ата-аналық құқығын қасқылық жасайды.

Мұндай жайттар анықталатын болса, олар сот қаулысы негізінде ата-аналық құқығынан айырылады. Ата-ана құқығынан айыруға сай жұмыстар прокурор мен қамқоршылық және қамқорлық органы қатысуында көріп шығылады.

Сот ата-аналық құқығынан айыру туралы жұмыстарды көріп шығуда баланы материалды тұрғыдан қамтамасыз ету үшін ата-аналық құқығынан айырылған ата-анадан (яки олардың бірінен) алимент өндіру жөнінде қаулы қабылдайды.

Сот баланың мүдделерін есепке алған түрде ата-аналық құқығынан айырмай тұрып, баланы ата-анадан (олардың бірінен) алу туралы шешуші қаулысы шығаруы (ата-аналық құқығын шектеуі) мүмкін.



Неке жасы түрлі мемлекеттерде түрліше белгіленген. Мәселен, Болгарияда әр екі жыныс өкілдеріне де – 18 жас, Англияда – 16 жас, АҚШ-та – 16 жастан 21 жасқа дейін, Франция мен Венгрияда еркектер үшін – 18 жас, әйелдер үшін – 16 жас, Ресей Федерациясында белгіленген неке жасын (18) екі жасқа кемейтіру өкілеті заңда көрсетілген тиісті басқармаларға берілген.



### Ата-ананың балаларға тәлім-тәрбие беруге сай құқық пен міндеттемелері

Ата-ана өз балаларын тәрбиелеу құқығына ие және тәрбиелеуі шарт.

Ата-ана өз балаларының тәрбиесі мен кәметі үшін жауапты.

Олар өз балаларының денсаулығы, дене-тәрбиелік, психологиялық, рухани және әдептілік кәметі жөнінде камқорлық етуі шарт. Ата-ана өз балаларын тәрбиелеуде басқа барша тұлғаларға қарата үстем құқыққа ие.

**Жанұя  
кодексінің  
73-бабынан**

## Шығармашылық қызмет



### 1-жағдай.


Гулноза мен Әнуар тұрмыс құру үшін азаматтық жағдайларын тіркеу органына арыз берді. Гулноза өзінің фамилиясында қалмақшы болды. Әнуар Гулнозаның бұл пікірден қайтаруға ұрынды, бірақ Гулноза өз пікірінде тұрып алды.

**Сұрақ:** Гулноза тұрмысқа шығуда өз фамилиясында қалуы мүмкін бе? Яки керісінше Әнуар Гулнозаның фамилиясын қабылдауы мүмкін бе?

### 2-жағдай.

Бір жылдан соң олардың жанұясында перзент дүниеге келді. Олар перзентіне бабасының атын фамилия етіп беруге келісілді. Енді олардың жанұясында үш түрлі фамилия.

**Тапсырма:** Бұл жайтқа заңды баға бер.



## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Ерлі-зайыптының құқық пен міндеттемелері нелерді өз ішіне алады?
2. Ерлі-зайыптының құқық пен міндеттемелері қашаннан бастап жүзеге асады?
3. Ата-ананың құқығынан айыруға тән жұмыстар кімдердің қатысуында көріп шығылады?
4. Пікіріңді сипаттап бер.
5. Кәметке толмаған перзенттердің заңды өкілі кімдер болуы мүмкін және не үшін?



## 5-§ Ерлі-зайыптының мүліктік құқық пен міндеттемелері

**Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:**



- Еркек пен әйелдің жалпы мүлкі.
- Еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлікке иелік етуі, одан пайдалануы мен оған иелік етуі.
- Еркек пен әйелдердің әрбірінің мүлкі.
- Еркек пен әйелдің жеке пайдаланудағы бұйымдары.
- Еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкін бөлу.
- Еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкін бөлуде үлестерді анықтау.

### Еркек пен әйелдің жалпы мүлкі

Еркек пен әйелдің неке барысында арттырған мал-мүліктері, сондай-ақ неке тіркелгенге дейін, болашақ ерлі-зайыптының жалпы қаржылары есебіне алынған мал-мүліктері, егер заң яки неке келісім-шартында басқаша жағдай көрсетілмеген болса, олардың біргеліктегі жалпы мүлкі есептеледі.

Еркек пен әйелдің неке барысында арттырған мал-мүліктері қатарына (еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкіне) олардың әрбірінің еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметінен және интеллектуалды қызмет нәтижелерінен арттырған табыстары, олар тарапынан алынған зейнетақылар, жәрдемақылар, сондай-ақ арнайы мақсатқа көзделмеген басқа ақша төлемдері (материалды көмек сомасы, мүгедек яки денсаулығына басқаша зиян жеткізу салдарында еңбек қабілетін жоғалтқандық қатынасымен жеткізілген шығынды қаптау тәрізінде төленген сомалар және басқалар) кіреді.





Еркек пен әйелдің жеке пайдалануындағы бұйымдар, қымбат бағалы бұйымдар мен сырғалардан басқа жеке пайдаланудағы бұйымдар (баскиім, аяқ-киім және басқа сол сияқтылар), ол неке барысында еркек пен әйелдің жалпы қаржысы есебіне алынған болса да, олардан пайдаланып келген еркек пен әйелдің жеке мүлкі болып табылады.

**Өзбекстан Республикасының Жанұя кодексі, 26-бап**

Еркек пен әйелдің жалпы табыстары есебіне алынған көшетін және көшпес шикізаттар, қымбат қағаздар, аманаттар, кредит мекемелеріне яки басқа сауда ұйымдарына кірітілген капиталдағы үлестері мен еркек пен әйелдің неке барысында арттырған басқа кез келген мал-мүліктері, олар еркек яки әйелден бірінің атына тіркелген немесе ақша қаржылары кімнің атына яки еркек пен әйелдің қайсы бірі тарапынан кірітілген болуынан тыс, олар да еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкі есептеледі.

Еркек пен әйелдің бірі қожалық жұмыстарын жүргізу, балаларды бағумен бос болған яки басқа кешірімді себептерге сәйкес тәуелсіз жұмыс ақысы және басқа пайдаға ие болмаған жайтта да еркек пен әйел жалпы мал-мүлікке қатысты тең құқыққа ие болады.

Еркек пен әйел олардың біргеліктегі жалпы мүлкі болған мал-мүлікке иелік ету, одан пайдалану және оны иеленуде тең құқықтарға ие.

### **Еркек пен әйелдердің әрбірінің мүлкі**

Еркек пен әйелдің некеге дейін өзіне тиісті болған мал-мүлкі, сондай-ақ олардың әрбірінің неке барысында тарту, мирас ретінде яки басқа тегін бітімдер негізінде алған мал-мүлкі олардың әрбірінің жеке мүлкі есептеледі.

Неке барысында ерлі-зайыптының жалпы мүлкі, олардың әрбірінің мал-мүлкі немесе еркек пен әйелдің бірінің еңбегінің есебіне мал-мүліктің құны едәуір асуына алып келген қаржылар (капитал жабдықтау, қайта құру, қайта жабдықтау және басқалар) қосылғаны анықталса, еркек яки әйелдің әрбірінің мал-мүлкі олардың біргеліктегі мүлкі деп табылуы мүмкін.



## Еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкін бөлу

Еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкін бөлу еркек пен әйелдің бірінің талабына сәйкес, олар некеде болған дәуірде де некеден ажырағаннан кейін де, сондай-ақ кредитор еркек пен әйелдің бірінің жалпы мал-мүліктегі үлесіне өндіруді қарату үшін жалпы мал-мүлікті бөлу талабымен шағым жасаған жайттарда жүзеге асырылуы мүмкін.

Еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкі еркек пен әйел арасында өзара келісім негізінде болып алынуы мүмкін. Еркек пен әйелдің еркімен олардың жалпы мал-мүлікті бөлу туралы өзара келісімі нотариалды тәртіпте бекітіледі.

Наразылық туылған жайттарда еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкін бөлу, сондай-ақ еркек пен әйелдің бұл мал-мүліктегі үлесін анықтау сот тәртібінде жүзеге асырылады.

Жанұялық қатынастар аяқталғанда сот еркек пен әйел жеке жасаған дәуірде арттырған мал-мүлікті олардың әрбірінің жеке мүлкі деп табуы мүмкін.

Кәмелетке толмаған балалар қажеттілігін өтеу үшін алынған бұйымдар (бас-киім, аяқ-киім, мектеп және спорт жиһаздары, музыка құралдары, балалар кітапханасы мен басқалар) бөлінбейді және балалар еркек пен әйелден қайсы бірімен жасаса, оған компенсациясыз беріледі.

Еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкі есебінен ортадағы кәмелетке толмаған балалар атына қойылған аманаттар осы балаларға тиісті есептеліп, ерлі-зайыптының жалпы мал-мүлкін бөлу кезінде есепке алынбайды.

Еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкі олар некеде тұрған дәуірде бөлінген жайтта, еркек пен әйел мал-мүлкінің бөлінбей қалған бөлігі, сондай-ақ еркек пен әйел тарапынан олар некеде тұрған дәуірде



Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1993 жыл 20 қыркүйекте болып өткен жиналысында 1994 жылдан бастап, әр жылы 15 мамыр күнін Халықаралық Жанұя күні ретінде атап өтуге қаулы қабылданды. Бұл қаулыны қабылдаудан мақсат барша өркениетшіл және тыныштықсүйер адамзат назарын адам өз өмірін өткізетін, өз арман-үміттері, бақытын және тыныштығын қамтамасыз ететін мекен — жанұяның бекем болуына қарату.



## Шығармашылық қызмет

М. тұрмыс жолдасы Т.-мен некеден ажырату және олардың біргеліктегі мал-мүліктерін бөліп беру жөнінде шағым арызымен сотқа арызданады. Жауапты өз арызында келтірілген мал-мүліктер тізімі қатарында оларға неке тойларына Т.-ның ата-анасы тарапынан сыйлыққа берілген жұмсақ мебельдер жинағы мен кілем бар екендігін көрсетеді.

Сыйға тарту келісімшарты түзілмеген болса-да, Т. ата-анасы тарапынан тойларына сыйлық етілген бұйымдарды өзінікі, деп қарсылық білдірді.

Сен не деп ойлайсың, кімнің талабы заңды?



Фермер шаруашылығы яки дикан шаруашылығы мүшелерінің біргеліктегі мүлкі болған мал-мүлікке қатысты еркек пен әйелдің иелік ету, пайдалану және иелену құқықтары «Фермер шаруашылығы туралы» және «Дикан шаруашылығы туралы» заңдармен тәртіпке салынады.

арттырылған мал-мүлік кейіннен олардың біргеліктегі жалпы мүлкін құрайды.

Некеден ажыралған еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлікті бөлу туралы талаптарына қатысты үш жылдық шағым мерзімі қолданылады.

Еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкін бөлуде және олардың сол мал-мүліктегі үлестерін анықтауда, егер еркек пен әйел арасындағы неке келісімшартында басқаша жайт назарда ұсталмаған болса, еркек пен әйелдің үлестері тең деп есептеледі.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкі қалай бөлінеді?
2. Некеден ажыралған еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлікті бөлу туралы талаптарына қатысты үш жылдық дауа мерзімі қанша?
3. Еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкі олар некеден болған дәуірде бөлінуі мүмкін бе? Пікіріңді сипаттап бер.
4. Еркек пен әйелдің жалпы мал-мүлкі есебінен ортадағы кәмелетке толмаған балалар атына қойылған аманаттар ерлі-зайыптының жалпы мал-мүлкін бөлу кезінде есепке алынады ма?

## 6-§ Күйеу мен әйел мал-мүлкінің келісімшарттық тәртібі

### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Неке келісімшарты.
- Неке келісімшартының формасы мен мазмұны.
- Некенің аяқталу негіздері.
- Некеден ажырату тәртібі



### Неке келісімшарты

Неке келісімшарты – некеленуші тұлғалардың яки еркек пен әйелдің некеде болған дәуірінде және (яки) еркек пен әйел некеден ажыраған жағдайда олардың мүліктік құқық пен міндеттемелерін белгілейтін келісімі.

Неке келісімшарты – еркек пен әйел мүлкінің келісімдік режимі есептеледі. Неке келісімшарты

Өзбекстан Республикасы Азаматтық кодексінде назарда ұсталған негіздер бойынша неке келісімдерінің заңға сәйкес наразылық білдіру, неке келісімшартын толық яки аздап шынайы емес, деп ұйғарылуы мүмкін. Келісімшарт шарттары Өзбекстан Республикасы Жанұя кодексіндегі неке келісімшарты мазмұнын назарда ұстайтын 31-бабы талаптарына қайшы болған жайтта, сот ерлі-зайыптының бірінің талабы бойынша неке келісімшартын толық яки шағын шынайы емес, деп ұйғарылуы мүмкін. Ерлі-зайыпты өзара заңмен рұқсат берілген барша мүліктік-келісімдік қатынастарға кірісу құқығына ие. Ерлі-зайыптының бірінің құқықтарын шектеп қоюға қаратылған келісімдер жарамсыз.



Некені тиісті тәртіпте тіркемей тұрып, ерлі-зайыпты болып жасау олардың мүлкін ерлі-зайыптының бірге жалпы мүлік, деп табу үшін негіз болмайды.

«контракт» – қарапайым бітім болып, сот процесінде бұл бітімге оны түзген тұлғалар тарапынан да басқа мүдделі тұлғалар тарапынан да наразылық білдіруі мүмкін.

Неке келісімшартында ерлі-зайыпты жанұя қаражаттарын бірге қамтамасыз ету және жүзеге асыру, бір-бірінің табыстарында қатысу бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін белгілеп алу, неке бекер болған жайтта ерлі-зайыптының әрбіріне берілетін мүлікті белгілеу, сондай-ақ неке келісіміне ерлі-зайыптының мүліктік қатынастарына тиісті басқа ережелерді емізу құқығына ие.

Неке келісімшарты тек қана дәл өзі құрылуы мүмкін болған бітімдер құрамына кіреді, келісімшарт уәкілдер арқылы құрылуы мүмкін емес.

Неке келісімшарты ерлі-зайыптыда неке тіркелгенге дейін және неке бекер болғаннан соң жеке мүлік құқығы кімге және қандай мүлік тиісті екендігі туралы анық түсінік пайда болады.

Ерлі-зайыпты арасында бірге арттырылған мүлік шекаралары белгіленеді, неке бекер болғаннан соң достық қатынастар мүмкіндігі сақталып қалады.

## Шығармашылық қызмет



*Азиз «Damas» маркалы автомашинасының сатылғандығын тіркеуге алу үшін нотариусқа барды. Нотариус машинаның құжаттары мен Азиздің паспортын парақтап, автомашинаны сатуға оның әйелінің разылығы керектігін түсіндірді.*

*Азиз: «Бұл менің автомашинам, менің атыма алынған, өз қаржыма алғанмын. Әйелім істемейді, үйде отырады», деп түсіндіруіне қарамай, нотариус алды-сатты келісімшартын тіркеуден бас тартты.*

Нотариус не үшін келісімшартты тіркеуге алмады?

## Неке келісімшартының формасы мен мазмұны

Неке келісімшарты жазба формада құрылады және нотариалды тәртіпте бекітілуі шарт.

Еркек пен әйел неке келісіміне сәйкес бірге жалпы мүліктің заңда белгіленген тәртібін өзгерттіруге, еркек пен әйелдің барша мал-мүлкіне, оның кейбір түрлеріне немесе еркек пен әйелдің әр бірінің мал-мүлкіне бірге, үлесті яки жеке иелік ету тәртібін орнатуға құқылы.

Неке келісімдері, әдетте, мемлекет яки басқа арнайы тізімнен өткізілетін мүліктерге қатысты құрылады. Неке келісімшартында көрсетілмеген мүліктерге жалпы ортақ мүлік режимі сақталып қалады. Неке келісімшартында назарда ұсталған құқық пен міндеттемелер белгілі мерзіммен шектелуі яки белгілі жағдайлардың жүзеге асуын да назарда ұстауы мүмкін.

Нотариалды форма келісімнің сенімділігін білдіреді, тараптардың өзара қатынастарына анықтама кіргізеді, неке келісімшартының түзілгендегі факті және оның мазмұны бойынша нарызылықтар жүзеге асу мүмкіндігін айрықшалайды. Неке келісімшартын бекітуден алдын нотариус заңды факттердің қажетті құрамын тексереді.



Неке келісімшартын нотариалды бекіту оның заңдылығын кепілдік береді.

## Құқық тарихынан



Неке келісімшарты көп ғасырлардан бері шетелдік және ұлттық практикада қолданылып келуде. Ежелгі Римде ғана болашақ ерлі-зайыптылардың мал-мүлкіне тән бітімдер құрылған. шығыстық және Батыс Еуропа мемлекеттерінде XVI-XIX ғасырларда тұрғындардың түрлі қабаттары арасында кең таралған некеден алдыңғы келісімдер әйгілі болған. Ерлі-зайыпты мал-мүлкінің келісімдік режимін тәртіпке салатын құқықтық құрал ретінде неке контракты институтының қалыптасуы XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың алғашқы жылдарда Франция, Англия, Германия, Австрия және басқа мемлекеттерде басталған.

## Шығармашылық Қызмет



Азиз бен Шахиста тұрмыс дәуірінде неке келісімшартын тіркеуге алмақ болды. Олар неке келісімшартын құрып жатқандығы туралы өз кредиторын (кредиторларын) хабардар етуі шарт па?

Ол тараптардың тұлғасы, құқық қабілеті, мәміле қабілетін, олардың бірінен екіншісіне өтіп жатқан субъективті құқықтарға ие екендігін анықтауы шарт. Куәландырылған неке келісімшарты нота-риалды басқарманың жұмыс құжаттарында сақта-луы да қажетті маңызға ие болады және егер тарап-тарға берілген нұсқалар жоғатылса, олар өздерінің құқықтарын бекіту үшін нотариалды архивке арыз-дануы және неке келісімшартының дубликатын алуы мүмкін.

Еркек пен әйелдің мал-мүлкі құқықтық тәртібін белгілейтін неке келісімшартының шарттары оның мазмұнын құрайды. Неке келісімшарты шартта-рында тараптардың некеде және ол бекер болға-нында еркек пен әйел мүліктік қатынастарының қажетті жақтары бойынша ережелер тіркеледі. Ере-жеге сәйкес, неке келісімшарты еркек пен әйел-дің бар мал-мүлкіне де, болашақ мал-мүлкіне де құрылуы мүмкін. Неке келісімшартында еркек пен әйел төмендегі ережелерді енгізуге құқылы:

- ➔ өзара материалды жабдық беру;
- ➔ жанұя қаражаттарын бөлу;
- ➔ бір-бірінің пайдасында қатысу;
- ➔ басқа тұлғалармен мүліктік келісімдер құру;
- ➔ бірге кәсіпкерлік қызметімен шұғылдану бойынша өз құқық пен міндеттемелерін бел-гілеп алу;
- ➔ некеден ажыралғанда еркек пен әйелдің әр-біріне берілетін мал-мүлікті анықтап алу;
- ➔ еркек пен әйелдің мүліктік қатынастарына тән басқа ережелер.

Неке келісімшарты ерлі-зайыптының келісімімен қалаған уақытта өзгерттірілуі яки жоққа шыға-рылуы мүмкін. Неке келісімшарты қандай формада құрылған болса, оның өзгерттірілуі яки жоққа шыға-

рылуы да сондай формада жүзеге асырылады. Неке келісімшартын орындаудан бір жақты бас тартуға жол бермейді. Неке келісімшарты ерлі-зайыптының бірінің талабымен Өзбекстан Республикасы Азаматтық кодексінде белгіленген негіздер және тәртіпте соттың шешу қаулысымен өзгерттірілуі яки жоққа шығарылуы мүмкін.

## Некениң аяқталу негіздері. Некеден ажырату тәртібі

Заң құжаттарында некені аяқтау, жоққа шығару және некеден ажырату туралы нормалар бар. Мұнда некені аяқтау жалпы және кең мағынаны құрайды. Некенің аяқталуы дегенде белгілі заңды факттер түрінен ерлі-зайыпты арасында жүзеге асқан неке құқықтық қатынастарының аяқталуы түсініледі. Неке аяқталған кезден бастап неке келісімшартының қолданылу мерзімі де аяқталады. Егер неке келісімшартында неке аяқталғаннан кейінгі дәуір үшін назарда ұсталған міндеттемелер көрсетілген болса, олар заңды күшін жоғалтпайды. Қайтыс болу заңды факт болып, ерлі-зайыпты арасындағы неке қатынасын жоққа шығарады. Ерлі-зайыптының бірі қайтыс болған яки сот тәртібінде қайтыс болған деп жарияланған жайттарда олар арасындағы некенің құқықтық қатынасы аяқталады.

Жанұя кодексінде некеден ажырау үшін анық негіздер көрсетілмеген және мұның лажы да жоқ, себебі еркек яки әйел келтірген негіз кейбір жайттарда некеден ажырату үшін жеткілікті деп табылса, басқа жайттарда ажырату үшін негіз бола алмайды. Соның үшін Жанұя кодексінде некеден ажырасудың сот практикасы төмендегідей белгіленген: «Егер сот еркек пен әйелдің бұдан былай бірге жасауына және жанұяны сақтап қалуға мүмкіндік жоқ деп тапса, оларды некеден ажыратады».



Жанұя кодексінің 43-бабына сәйкес, егер ерлі-зайыптының бірі:

- сот тарапынан із-түссіз жоғалған деп табылса;
- сот тарапынан психологиясы бұзылуы (психологиялық ауруы яки ақыл-есінің кемдігі) тұрғысынан мәмілеге жарамсыз деп анықталса;
- жасаған қылмысы үшін үш жылдан кем болмаған мерзімге бас бастандығынан айырылған болса, ортада кәмелетке толмаған балалары бар-жоқтығынан тыс ерлі-зайыптының бірінің арызына сәйкес олар азаматтық жағдайы куәліктерін жазу органдарында некеден ажыратылады.





Некеден ажырасу арыз берушілердің жасау жеріндегі Азаматтық жағдайы куәліктерін жазу органына арыз берілген күннен бастап үш ай мерзім өткеннен кейін тіркеледі.

**Некеден сот тәртібінде ажырату.** Жанұя кодексі некеден ажырасудың негізіне қарап, мұның төмендегі тәртібін белгілейді:

1) ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік араздықтар болған жайттарда (мәселен, мал-мүлкті бөлу, ерлі-зайыптылар арасындағы және кәмелетке толмаған балаларға материалды жабдықпен байланысты болған жағдайлар тұрғысынан (алимент өндіру мәселесінде) және басқалар) сот тәртібінде ажыратылады;

2) араздық болмаған жайтта, сондай-ақ егер:

а) ерлі-зайыпты арасында кәмелетке толмаған перзенттері болмаса және олар ажырасуға өзара разы болған;

б) тараптар (еркек яки әйел) сот тарапынан із-түссіз жоғалған, психологиялық ауруы яки ақыл-есінің кемдігінен мәмілеге жарамсыз деп табылған;

в) Жанұя кодексінің 42-43-баптарында белгіленгендей, жасаған қылмысы үшін еркегі яки әйелі үш


## Шығармашылық қызмет



*З. және А. ерте тұрмыс құрды. Некеге кірісу уақытында екеуі 17 жаста болған. З. 16 жастығынан эмансипацияға ие болып, кәсіпкерлік қызметімен шұғылданып келетін. Сол себепті З. некеге кірісу уақытында А.-ға неке келісімшартты құруды ұсынды.*

*Еркек пен әйел неке келісімшартын құру және оны тіркеу мақсатында нотариалды басқармаға ұсынылғанда, нотариус олардың әлі кәмелетке толмағандықтарын, нотариалды бекітілген бітім құру үшін олар әлі жас екендігін, тағы екі жылдан соң келу мүмкіндігін айтып, неке келісімшартын нотариалды бекітуден бас тартты.*

*Нотариустың әрекеттері дұрыс па?*






жылдан кем болмаған мерзімге бас бостандықтан айырылған жағдайда әкімшілік тәртіпте (ФХДӘ органы арқылы).

**Азаматтық жағдайы куәліктерін жазу органдарында некеден ажырату.** Некеден ажырасудың сотпен бірге әкімшілік тәртібі бар. Аталмыш тәртіп ерлі-зайыптылық қатынастарын жоққа шығарудың мейлінше қарапайым және жеңілдетілген тәртібі есептеледі. Мұнда неке азаматтық жағдайы куәліктерін жазу органында ажыратылады және сот процесі болмайды.

Некеден ажырату туралы арызын қабылдаған азаматтық жағдайы куәліктерін жазу органдары арыз берілген күннен үш ай өткеннен кейін ажырасуды тіркеуге алады және оларға некеден ажырасу туралы куәлігін береді. Үш айлық мерзім ерлі-зайыптының жарасып кетуі үшін мүмкіндік жарату мақсатында белгіленеді. Сол уақыттан бастап неке аяқталған есептеледі және бұрынғы ерлі-зайыпты жаңа некеден өту құқығын алады.



## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Неке келісімшартын азаматтық құқығындағы басқа келісімдермен салыстыр және неке келісіміне енгізілуі шарт болған немесе кірітуі мүмкін болмаған шарттардың өзара айырмашылығына талдау жаса.
2. Неке келісімшартында неке аяқталғаннан кейінгі дәуір назарда ұсталады ма?
3. Некені тиісті тәртіпте белгілемей тұрып, ерлі-зайыпты болу мүмкін бе?
4. Не үшін неке келісімшарты тек қана дәл өзі құрылуы қажет болған бітімдер құрамына кіреді?

## II бөлім. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ

### 7-§ Қылмыстық құқықтың мақсаты, міндеті мен бағыттары

#### Шығармашылық қызмет



Өзбекстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында кепілденген азаматтардың құқық пен мүдделерін, олардың қорғалуы мен жүзеге асырылу механизмін анықта. Бұл процестің бұзылуы қандай құқықтық салдарға алып келуін Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодексі негізінде анықтап көр.

#### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Өзбекстан Республикасының Конституциясы қылмыстық құқықтың негізгі көзі.
- Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қылмыстық кодексінің міндеттері мен принциптері.

#### Өзбекстан Республикасының Конституциясы қылмыстық құқықтың негізгі көзі

Қылмыстық және конституциялық құқықтардың өзара байланыстылығы еш күмәнсіз. Қылмыстық құқықтың конституциялық заң-ережелермен өзара қатыстылығы мен байланыстылығы көп қырлы болып, ол конституцияда бекітілген әрі қылмыстық заңының негізгі функционалды міндеттерін өз ішіне алады.

Қылмыстық құқық принциптері халық билігі, заң үстемдігін, әлеуметтік әділеттілік, адамгершілік, демократизм, азаматтар теңдігі, жалпыадамилық құндылықтар мен жалпы тән алынған халықаралық құқық нормаларының үстемдігін және Өзбекстан Республикасының Конституциясында бекітілген басқа сол сияқты принциптерге негізделеді.

Өзбекстан Республикасында қылмыстық құқық принциптерінің негізін Конституцияда бекітілген заңдылық пен азаматтардың теңдік принципін

құрайды (ӨзР Конституциясының 14, 15, 18-б.). Соң қылмыстық жауапкершілік, жаза тағайындау және оны орындау, жазадан азат ету сияқты ережелері өзінде іске асырылған принциптер көрсетілген.

Аталмыш жүйеге енгізілген барша принциптер өзара тең құнды, дегенмен, олардың әрбірі тәуелсіз маңызына ие болып, мемлекеттің қылмыстық құқығына тән саясатын жүзеге асыру үшін қажет болған бірқатар міндеттерді орындайды.

Қылмыстық құқығына тән нұсқауларды қолдау өкілеттіктеріне ие болған мемлекет басқармаларының лауазымды тұлғаларға нормативтік принциптердің әсері олардың қызметінде Қылмыстық кодексінде назарда ұсталған ережелері анық және дұрыс қолдауды, Өзбекстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында кепілденген азаматтардың құқық және мүдделеріне барша шаралармен мән беруді, өз қызмет міндеттемелерін орындауда жеке жауапкершілік пен талапшандық сезімдерін асыруды талап етеді.

Қылмыс заңдылығының негізгі міндеттері ретінде тұлға, оның құқық пен еркіндіктері, қоғам және мемлекет мүдделері, жеке мүлік, табиғи орта, ты-



Қылмыстық кодексінің міндеттері тұлғаны, оның құқық пен еркіндіктерін, қоғам және мемлекет мүдделерін, мүлікті, табиғи ортаны, тыныштықты, адамзат қауіпсіздігін қылмыстық шапқыншылықтардан қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу, азаматтарды Республика Конституциясы мен заңдарын сақтау рухында тәрбиелеуден тұрады.

Міне, сол міндеттерді жүзеге асыру үшін кодекс жауапкершіліктің негіздері мен принциптерін, қандай әлеуметтік қауіпті қылмыстар қылмыс екендігін анықтайды, әлеуметтік қауіпті қылмыстар жасаған тұлғаларға қатысты қолданылуы мүмкін болған жаза мен басқа құқықтық әсер шараларын белгілейді.

**Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2-бап**



Айыпсыздық презумпциясының екі ерекшелігі бар, біріншіден, белгілі қылмыс құрамын анықтау және тұлғаны оны жасағандықта кінәлі деп табу заңға сәйкес түрде жүзеге асырылуы шарт және екіншіден, тек қана сот үкіміне сәйкес, тұлға кінәлі деп табылып, Қылмыстық кодексінде көрсетілген қылмыстық жауапкерлікке, жазаға яки басқа құқықтық әсер шараларына тартылуы мүмкін.

ныштық пен адамзат қауіпсіздігін қылмыстық шапқыншылықтардан қорғау назарда ұсталған.

Қылмыстық заңдарының міндеттерінің қатарына қылмыстардың алдын алу кіреді. Бұл міндеттер қылмыс құқығына тән тыюдан келіп шығады және кейбір топтағы тұлғаларды қылмыс жасаудан қайтаруға бағытталған болады. Қылмыстық заңы міндеттерін орындау төмендегілер арқылы жүзеге асырылады: жауапкершілік негіздері мен принциптерін анықтау; қылмыс тобына енгізілген қылмыстар шеңберін анықтау; қылмыстық жаза шараларын тағайындау; жазадан тыс құқықтық әсер шараларын тағайындау және басқа. Аталмыш міндеттерді жүзеге асыруда Қылмыстық кодексі заңдылық, азаматтардың заң алдында теңдігі, демократизм, адамгершілік, әділдік, айып үшін жауапкершілік, жауапкерліктің анықтығы принциптеріне негізделеді. Аталмыш жүйеге енгізілген барша принциптер өзара тең құнды. Олардың әр бірі жеке мазмұнға ие болып, мемлекеттің қылмыстық құқығына тән саясатын жүзеге асыру үшін қажет болған бірқатар міндеттерді орындайды.

Өзбекстан Республикасы қылмыстық құқығының негізгі принциптеріне:

- заңдылық, жасалған әрекеттің қылмыстылығы, жазаға тән екендігі және басқа құқықтық салдары тек қана Қылмыстық кодексімен белгіленеді. Ешкім сот үкімі болмай тұрып қылмыс жасауда кінәлі деп табылуы және заңға қайшы түрде жазаға тартылуы мүмкін емес;
- азаматтардың заң алдында тең, қылмыс жасаған тұлғалар жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, әлеуметтік келіп шығуы, нанымы, жеке және әлеуметтік деңгейінен тыс бірдей құқық пен міндеттеріне ие;

- ➔ демократизм, қоғам бірлестіктері, азаматтардың өзін-өзі басқару органдары яки топтар қылмыс жасаған тұлғалар әдебін түзету ісіне заңда назарда ұсталған тәрізде жұмылдырылуы мүмкін;
- ➔ адамгершілік, жаза мен басқа құқықтық әсер шаралары дене азабын беру яки адам қадір-қасиетін кемсіту мақсатын көздемейтіндігі;
- ➔ әділдік, қылмыс жасауда кінәлі болған тұлғаға қолданылатын жаза яки басқа құқықтық әсер шарасы әділетті болуы, яғни қылмыстың ауыр-жеңілдігіне, кінәнің және тұлғаның әлеуметтік қауіптілік дәрежесіне сәйкес болуы;
- ➔ тұлға заңда белгіленген тәртіпте кінәсі делелденген әлеуметтік қауіпті қылмыстары үшін ғана жауапты болуы;
- ➔ жауаптылықтың анықтылығы, қылмысында қылмыс құрамының бар екендігі анықталған әрбір тұлға жауапкерлікке тартылуы шарт екендігі кіреді.

Қылмыстық құқық құқықтың басқа салаларынан төмендегі ерекшеліктерімен ерекшеленеді:

**біріншіден**, қылмыс жасалуы қатынасымен жүзеге асқан қылмыстық-құқықтық қатынастарда, бір тарапынан қоғам, мемлекет, екінші тарапынан қылмыс жасаған тұлға субъект болады;

**екіншіден**, қылмыстық-құқықтық нормамен белгілеп қойылған тыйым салуларды бұзғандығы үшін сот мемлекет атынан белгіленген қылмыстық жазаны тағайындайды.

Қылмыстық құқық нормалары өз мазмұнына сәйкес екі бөлікке бөлінеді. Олардың бірі қылмыстық құқықтың жалпы орнын, ереже мен тәртібін белгілеп береді. Екіншісі анық қылмыстардың белгілерін сипаттап, аталмыш қылмыстарды жасаған



## Шығармашылық Қызмет

Өзбекстан Республикасы Конституциясының қайсы бабында: «Ешкім сот үкімінсіз және заңға сай болмаған тәрізде қылмыс жасауда кінәлі деп табылуы мен қылмыстық жазаға тартылуы мүмкін емес» деп тіркеледі? Бұл баптың кінәсіздік презумпциясымен қандай байланысы бар?

## Құқық тарихынан



Өзбекстан Республикасының қылмыстық заңдары кодификацияланған болып, Өзбекстан Республикасының негізгі қылмыстық заңы 1994 жыл 22 қыркүйекте қабылданған және 1995 жыл 1 сәуірден күшке енген Қылмыстық кодексі болып табылады.

тұлғаларға қолданылады жазаларды анықтайды. Бірінші нормалар қылмыс құқығының жалпы бөлігін, екінші нормалар арнайы бөлігін құрайды.

Қылмыс құқығында қылмыстық әрекетті анықтау да қажетті рөл атқарады. Қылмыстық әрекет — бұл қылмыстық заңдарымен қорғалатын әлеуметтік қатынастарға қауіп төндіретін қоғамға қарсы және адам әдеп ережелерінен шетке шығатын әрекет. Қылмыстық әрекет өзінің объектив жиынтықтарына сәйкес қоғам үшін қауіпті әрекет яки әрекетсіздік, субъективті жиынтықтарына сәйкес әрдайым белгілі мақсат пен себептерге сәйкес жасалған кінәлі амал есептеледі.

Қылмыстық заңымен қорғалатын кез келген әлеуметтік қатынас қылмыстың объекті есептеледі. Кез келген санамен басқарылған қылмыс ішкі және сыртқы маңызынан құралып, оның ішкі маңызы субъектив тарапы, сыртқы маңызы объектив тарапы деп аталады. Қылмыстың объектив тарапы әлеуметтік қауіпті қылмыстың сыртқы тарапы ретінде қылмыстың қалай жасалғандығын анықтайды.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Кінәсіздік презумпциясы не? Пікіріңді сипаттап бер.
2. Өзбекстан Республикасы қылмыстық құқықтың негізгі принциптерін түсіндір.
3. Қылмыстық заң құжаттарының негізгі міндеттері неден тұрады?
4. Қылмыстық құқық нормалары өз мазмұнына сәйкес неше бөлімге бөлінеді және олардың міндеттері нелерден тұрады?



## 8-§ Қылмыс белгілері


### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Қылмыс белгілері. Кінә, кінә формалары, пиғыл.
- Қылмысты ерекшелігі жоқ ететін жайттар және оның салдары.
- Абайсыздықта қылмыс жасау және оның салдары.

Қылмыс басқа заң бұзушылықтардан өзіне тән ерекшеліктерімен ажыралып тұрады. Бұл қылмыстың әлеуметтік қауіптілігі. Себебі қылмыс нәтижесінде қоғам мен тұлға үшін әрі материалды, әрі рухани зиян жеткізіледі. Соның үшін қылмыстың әлеуметтік қауіптілік дәрежесі қылмыстық салдарында көрінеді.

Қылмыстың заңға қайшылығы оның заңды құқықтық белгісі. Мұнан тыс, қылмыс жасаған тұлғаның кінәлі деп табылуы қылмыстың қажетті белгілерінің бірі. Сонда ғана, оған қылмыстық жаза қол-



### Шығармашылық қызмет



8-сыныпта «Өзбекстан мемлекеті мен құқық негіздері» пәнінен алған білімдеріне таянып, төмендегі сұрақтарға жауап беруге әрекет жасап көр.

1. Қылмыс не? Құқық бұзушылықпен қылмыс арасында қандай айырмашылықтар бар?
2. Төмендегі оқиғалардың қайсы бірі қылмыс болуы мүмкін?
  - А. 9-сынып оқушысы А. міндетті түрде сабақ қалдырып келгені үшін оның ата-анасы жауапкерлікке тартылды.
  - Б. З. есімді 7-сынып оқушысы көрші аулада ұрлық жасап жатқанын білген болса-да, бұл жөнінде ешкімге хабар бермеді.
  - В. К. есімді азамат ластаушы заттарды екі шелекте алып шығып, үйінің алдынан ағып өтіп жатқан каналға төгіп жіберді.



Қылмыстық кодексіне сәйкес бұл кодекспен тыйым салынған, кінәлі әлеуметтік қауіпті қылмыс (әрекет яки әрекетсіздік) жаза қолдау қауіпімен қылмыс деп табылады, деп анықтама берілген.

данылады. Әлеуметтік қауіпті қылмыс тек қана заңда көрсетілген қылмыс белгілері бар болған жайтта, яғни оның құрамы анықталғанда қылмыс деп табылады.

Қылмыс құрамы қылмыс туралы заңдарда анық бір әлеуметтік қауіпті әрекетті қылмыс деп сипатайтын ең кем және жеткілікті объектив пен субъектив белгілер жиынтығы. Қылмыс құрамының объективті және субъективті белгілері арасында өзара байланыс пен тығыз байланыстылық бар.

Қылмыс құрамы құрылуы бойынша төрт элементтен тұрады: объект, объектив тарап, субъект және субъектив тарап.

Объектив, яғни сыртқы белгілер қылмыстың объекті мен объектив тарапын сипаттайды.

Субъектив (ішкі) белгілер қылмыстың субъекті мен субъектив тарапын анықтайды.

Әрбір белгі басқаларымен бірге бар және ажырамас бір бүгіндіктің қажетті бөлігін құрайды.

**Қылмыс құрамының бірінші элементі қылмыс объекті.** Бұл қылмыстық заңымен қорғалатын қатынастар болып, қылмыстық басқыншылықтар соларға қаратылады. Қасақана адам өлтіруде қылмыс



## Шығармашылық қызмет

1. Қашқадария облысы Қарсы қаласы Хамрох көшесі 4-үйдің алдында тұрған «Вагон Дено» АҚ-ға тиісті «Damas» маркалы автомобильде электр сымдардың қысқа тұтасуы нәтижесінде өрт пайда болды. Өрт нәтижесінде автомобиль бүтіндей жанып бітті. Өрт өшіру уақытында автомобиль жүргізушісі Ж.С.-ның денесі күйіп, ауруханаға жайғастырылды.

2. Әндіжан облысының Хожобод ауданында жасайтын А.Т.-ның ашық қалған есігі арқылы үйіне бейтаныс тұлғалар кіріп, 25.000.000 сум ақшасын ұрлап кетті.

Бұл жағдайларда қылмыстық белгілері бар ма? Пікіріңді жоғарыда қылмысқа берілген анықтама негізінде сипатта.



объекті басқа тұлғаның өмірі, ал ұрлықта өзгелер мүлкі болады және басқа.

**Қылмыс құрамының екінші элементі** қылмыстың объективті тарапы. Қылмыстың объективті тарапын қоршаған ортада бірер белгілі өзгеріске алып келетін және себеп болатын тұлғаның ақылды және басқармалық іс-әрекетін құрайды. Бұл элементтің қажетті белгісі қылмыс (әрекет яки әрекетсіздік) есептеледі. Әрекет арқылы қылмыс жасалады.

**Қылмыс құрамының үшінші элементі** қылмыстық субъекті, яғни қылмыс жасаған жеке тұлға. Қылмыс субъекті тек қана қылмыс үшін жауап бере алатын, яғни қылмыс туралы заңдарда көрсетілген белгілі жасқа жеткен және ақылы жетік тұлға болуы мүмкін.

**Қылмыс құрамының төртінші элементі** қылмыстың субъективті тарапы. Қылмыстың субъективті тарапы тұлғаның жасап жатқан қылмысына психологиялық қатынасы есептеледі. Субъектив тарапы белгілеріне кінә, мотив пен мақсат кіреді.

Қылмыстық құрам деп табылуы үшін көрсетіп өтілген төрт элементтің баршасы бар болуы шарт. Жалпы қылмыс құрамында барша белгілер негізгі және факультативті белгілерге ажыратылады.



Қылмыс— жазаға лайық әрекет. Соған сәйкес, әрекеттің қылмыс ретіндегі ең қажетті белгісі оның жазаға лайықтығы. Қылмыс басқа құқықбұзушылықтардан төмендегі белгілерімен ерекшеленеді: 1) объекті; 2) әлеуметтік қауіптілік дәрежесі және ерекшелігі; 3) құқықтыққа қайшы көрінісі.

## Құқық тарихынан



«Қылмыс» ұғымы алғаш рет Батыс Еуропа мемлекеттерінің қылмыс туралы заң құжаттарында келтірілген. Бұл түсінік бірінші рет Францияның 1791 жылдағы Қылмыстық кодексіне ұшырайды.

Қылмыстық құқығы тарихында қылмысқа анықтама ны бірінші рет 1919 жылда Ресей заң мамандары берді: «Қылмыс— қылмыстық құқымен қорғалатын әлеуметтік қатынастар тәртібінің бұзылуы».



Барша қылмыстардың жалпы объекті қылмыс заңымен қорғалатын әлеуметтік қатынастардың жалпы жиындысынан құралған болады. Жалпы объект барша қылмыстар үшін бірдей, себебі кез келген қылмыс ол яки бұл әлеуметтік қатынастарға зиян жеткізеді.

Қылмыстың субъективті тарапы тек қана кінә формалары, яғни кек және абайсыздықпен шектеліп қалмайды, ол өз ішіне мотив пен мақсаттарды да алады. Бірақ субъектив тарапының ажырамас белгілері болған пиғыл мен абайсыздықтан ерекше, мотив пен мақсат екінші дәрежелі белгілерге кіреді.

Қылмыс жасаған тұлға өз қылмысының әлеуметтік қауіптілік ерекшелігін танып білген және соған қарамай, оны жасауды қалаған болса, мұндай қылмыс қасақана жасалған деп табылады.

Қылмыс заңдылығында дұрыс яки қисық қасақана деген түсініктер бар. Тұлға өз қылмысының әлеуметтік қауіпті ерекшелігін білген, оның салдарына көзі жеткен және олардың болуынан бас тартпаған болса, мұндай қылмыс дұрыс қасақана жасалған делінеді.

Егер тұлға өз қылмысының әлеуметтік қауіпті ерекшелігін білген, оның салдарына көзі жеткен және олардың болуына саналы түрде жол берген болса, мұндай қылмыс қисық қасақана жасалған деп табылады. Өз-өзіне сену яки немқұрайдылық салдарында жасалған әлеуметтік қауіпті қылмыс абайсыздықтан жасалған қылмыс деп табылады.

Әрекетте Қылмыстық кодексте назарда ұсталған белгілер ресми тұрғыдан бар болса-да, бірақ ол әлеу-



## Шығармашылық қызмет

**Аталмыш жағдайда қылмыс объекті анықта.**

*Ташкент облысының Ташкент ауданы «Көктерек» қыстағы азаматтар жиыны аумағындағы үйлердің біріне бетіне бетперде киген бейтаныс тұлға бастырып кірді. Сол уақытта үйде жалғыз болған үй иесінің қызын пышақпен қорқытып, 300 АҚШ доллары және екі түрлі зергерлік бұйымдарын алып кетті. Жүргізілген жедел шара нәтижесінде, бұл басқыншылық қылмысын жасаған 1994 жылда туылған А.Н. қолға алынды. Оған Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 164-бабы 3-бөлімімен қылмыс ісі қозғалады.*

**Өзбекстан Республикасы ІІМ Баспасөз қызметі**

меттік қауіпті, заңға қайшы яки кінәлі болмаса, әрекеттің қылмыстығын алып тастайтын жағдайлар деп табылады. Яғни кем маңызды әрекеттер; қажетті қорғаныс; соңғы қажеттілік; әлеуметтік қауіпті қылмыс жасаған тұлғаны ұстау барысында зиян жеткізу; бұйрық яки басқаша тәріздегі міндетті орындау; кәсіп яки қожалық қызметімен байланысты болған дәйекті қауіпті қылмысты алып тастайтын жағдайлар деп табылады.



Субъектив тараптың мазмұнында қылмыс мотиві мен мақсаттары жеке орын ұстайды. Мотив және онымен байланысты мақсат кінәлі тұлға әрекетін басқарушы бүкіл басқармалық процеске өз әсерін тигізеді. Тұлға үшін ол жасаған қылмыс қандай мағына және маңызға ие екендігі дәл мотивке байланысты.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Қылмыс басқа құқықбұзушылықтардан қайсы ерекшеліктерімен ажыралып тұрады?
2. Қылмыстық белгілерін түсіндіріп бер.
3. Кінәлі қылмыс дегенде нені түсінесің?
4. Дұрыс және қисық пиғыл дегенде нені түсіндің?
5. Төменде берілген жайттарда қылмыстық белгілері бар ма? Олардың қайсыбірі абайсыздық салдарында жасалған?

1) Бейтаныс тұлғаның есігі ашық түрде қалдырылған ВАЗ-21099 автокөлігін жүргізіп қашқан.

2) Бір қыз істен қайтып жатқан кезде бейтаныс тұлға қолындағы сөмкені жұлып алып қашқан. Сөмкенің ішінде азық-түліктер мен ұялы телефон болған.

3) Жекеменшік кәсіпорынға қарасты көбіктелген полиэтилен істеп шығару цехында өрт болып жатқандығы туралы хабар келіп түскен. Өртті өшіру уақытында жекеменшік кәсіпорын жұмысшысының денесі табылған. Өртті өшіруге 19 өртті өшіру техникасы жұмылдырылған.

# 9-§ Қылмыстық жауапкершілік пен жаза жүйесі



Қылмыстық жағдай дегенде әлеуметтік қауіпті қылмыс нәтижесінде қылмыстық-құқықтық қорғалатын объекттерге залал (зиян) жеткізу түсініледі.



Қылмыстық құқығына тән қатынас бұл қылмыстық құқық нормалары арқылы тәртіпке салыныатын әлеуметтік қауіпті қылмыс жасаған тұлға мен мемлекет арасындағы қатынас.

## Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- ➔ Жеке тұлғалардың қылмыстық жауапкерлігі.
- ➔ Жаза ұғымы және оның түрлері.

Қылмысты әрдайым анық жеке тұлғалар жасайды. Соның үшін де қылмыс жасаған тұлға «қылмыстың субъекті» деп тән алынады. Қылмыстық субъектінің жоқтығы қылмыс құрамы мен қылмыстың өзі бар еместігін білдіреді.

Қылмысқа тән заңдарында субъектке «кінәлі», «дерексіз», «қылмыс жасаған тұлға», «қылмыс жасауда кінәлі болған тұлға» сияқты басқа сөздер қолданылады.

Заңды тұлғалар, яғни ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер және қоғам бірлестіктері қылмыс субъекті бола алмайды. Соның үшін қылмыс әлеуметтік қауіпті әрекет мемлекет кәсіпорны, мекеме, ұйым және қоғам бірлестіктерінде қызмет яки істеп шығару қызметімен байланысты түрде жасалса, аталмыш міндетке жауапты болған тиісті лауазымды тұлғалар яки басқа қызметшілер қылмыс субъектісіне айналады.

Қылмыстық субъектінің ақылы жетік болуы шарт, яғни ол өз әрекеті яки әрекетсіздігінің әлеуметтік қауіпті ерекшелігін танып білген болуы және оларды басқара алуы шарт.

Ақылы жетіктік кінә мен қылмыстық жауапкерліктің қажетті шарты. Тек қана өз әрекеті яки әрекетсіздігінің әлеуметтік қауіпті ерекшелігін танып білген және оларды басқара алған тұлғалар, кінәліні түзету мақсатында, қылмыстық жауапкерлікке тартылады.

Тұлғаның заңмен белгіленген қылмыстық жауапкершілік жасына жеткендігі қылмыстық субъектінің қажетті белгілерінің бірі есептеледі.

Заңда жас шекарасы анық тәртіпке салынғандығы қылмыс жасаған тұлғаның жасын (күн, ай, туылған жылын) дұрыс белгілеу қажеттілігін тудырады. Бұл қажеттілік Қылмыстық-процессуалды кодексінің 314-бабында көрсетілген.

Қылмыстық кодексінде бекітілген азаматтардың заң алдындағы теңдік принципі конституциялық принциптің қайталауы болмай, бәлкім оның енгізілуі болады.

Қылмыстық кодексіне сәйкес, екі яки одан артық тұлғаның қасақана қылмыс жасауда бірге қатысуы сыбайлас қатысу деп табылады. Қылмыста сыбайлас қатысу бұл алдыннан тіл біріктіру, қасақана жасау сияқты түсініктерін өз ішіне алады.

Қылмыстық заңында төрт түрдегі қылмыс қатысушылары ерекшеленеді: орындаушы, ұйымдастырушы, куәгер және көмекші. Аталмыш түрлерді ажырату негізіне объектив мөлшер қойылған болып, ол әрбір қатысушының қылмыс жасауда қатысу дәрежесі және ерекшелігімен байланысты.

Қылмысты орындаушылар деп: а) тікелей өздері толық яки аздап қылмыс жасаған тұлғалар; б) тікелей өздері қылмыс жасамаған, бірақ сол мақсатта қылмыстық заңдарына сәйкес, қылмыстық жауапкерлікке тартылуы мүмкін болмаған тұлғалардан пайдаланған тұлғалар тән алынады.

Жасы яки ақыл-есінің кемістігінен қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкін болмаған яки абайсыздықпен немесе айыпсыз әрекет жасаған тұлғаларды қасақана қылмыс жасауға жұмылдырған тұлға жасалған қылмыстың қатысушысы деп тән алынады.



### **Жеке тұлғалардың жауапкерлігі**

Қылмыс орын жасағанға дейін он алты жасқа толған, ақыл-ойы жетік жеке тұлғалар жауапкерлікке тартылады.

Қылмыс жасағанға дейін он үш жасқа толған тұлғалар жауапкерлікті ауырластыратын жағдайларда қасақана адам өлтіргені (97-баптың екінші бөлігі) үшін ғана жауапкерлікке тартылады.

**Өзбекстан Республикасы  
Қылмыстық кодексі,  
17-бап**



Қылмыстың субъекті деп қылмыстық заңында көрсетілген, әлеуметтік қауіпті әрекетті қасақана яки абайсыздық салдарында жасаған, белгілі жасқа толған, ақыл-ойы жетік, жеке жайттарда Қылмыстық кодекстің Арнайы бөлігі тиісті нормаларында көрсетілген арнайы белгілерге ие болған жеке тұлғаға айтылады.



Туылған күнінің ертеңі сағат 00-ден бастап тұлға қылмыстық жауапкершілік жасына жеткен деп табылады.

Қылмысқа дайындық көруге яки қылмыс жасалуына жетекшілік еткен тұлға ұйымдастырушы деп табылады.

Қылмыс жасауда жетекшілік ету орындаушылар мен әріптес орындаушылар күшін тікелей қылмыстық әрекетті орындауға бағыттау бойынша қызметті білдіреді.

Куәгерлік басқа тұлғаны қылмыстық жасау яки қылмыстық қызметте қатысуға үндеуде өз шешімін табады. Үндеу куәгердің басқа тұлғаларда қылмыс жасауда қатысу яки қылмыстық қызметпен шұғылдану ықыласын қалыптастыруға қаратылған белсенді және бастамашыл іс-әрекетінен тұрады.

Қылмысты жасауда көмектескен тұлға көмекші есептеледі.

Жаза қылмыс жасауда кінәлі деп табылған тұлғаға мемлекет атынан сот үкімімен қолданатын және қылмыскерді заңда назарда ұсталған белгілі құқық пен еркіндіктерден айыру яки оларды шектеуден тұратын мәжбүрлеу шарасы.

Жаза қылмыскерді әдепті түзету, оның қылмыстық қызметті жалғастыруына тосқауылдық жасау және қылмыскер, сондай-ақ басқа тұлғалар жаңа қылмыс жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

Мәжбүри қоғамдық жұмыстары зейнетақы жасына жеткен тұлғаларға, он алты жасқа толмаған тұлғаларға, жүкті әйелдерге, үш жасқа толмаған балалары бар әйелдерге, бірінші және екінші топ мүгедектеріне, әскери қызметшілерге, шетел азаматтарына және Өзбекстан Республикасында тұрғылықты жасамайтын тұлғаларға қатысты қолданылмайды. Бас бостандықты шектеу кәмелетке толмаған қылмыскерлерге негізгі жаза шарасы ретінде алты айдан екі жылға дейін мерзімге тағайындалады.



Кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандықтан айыру жазасы алты айдан он жылға дейін мерзімге тағайындалады.

Он үш жастан он алты жасқа дейін болған уақытта қылмыс жасаған тұлғаларға қылмыстар жиынтығы ретінде жаза тағайындалғанда бас бостандықтан айырудың ең көп мерзімі он жылға дейін, егер жасаған қылмыстарының біреуі өте ауыр қылмыс болса, он екі жылға дейін тағайындалады.

Он алты жастан он сегіз жасқа дейін болған уақытта қылмыс жасаған тұлғаларға қылмыстар жиынтығы ретінде бас бостандықтан айыру жазасы — он екі жылға дейін мерзімге, егер жасаған қылмыстарының біреуі өте ауыр қылмыс болса, он бес жылға дейін мерзімге тағайындалуы мүмкін.

Қылмыс жасау кезінде он үш жастан он сегіз жасқа дейін болған тұлғаларға бірнеше үкім тұрғысынан тағайындалатын бас бостандықтан айыру жазасының мерзімі он бес жылдан аспауы керек.

Бостандықтан айыру қылмыс жасау кезінде он үш жастан он алты жасқа дейін болған тұлғаларға ауыр қылмыс үшін — алты жылға дейін, өте ауыр қылмыс үшін — он жылға дейін мерзімге тағайындалады.



Қылмыс жасауға қызықтыратын тұлға куәгер деп табылады.



Жаза мен басқа құқықтық әсер шаралары денелік азап беру яки адамның қадір-қасиетін кемсіту мақсатын көздемейді.

## Құқық тарихынан



Сол жылдың өзінде махалла азаматтары жиындары кепілдігі негізінде – 152 шақты, Жастар одағы кепілдігі негізінде – 18 шақты, әйел-қыздар комитеттері кепілдігі негізінде – 3 шақты, жалпы 173 шақты азаматқа жаза тағайындауда қоғамдық кепілдігі есепке алынды. Бұл азаматтардың 38 шақтысын жастар, 18 шақтысын кәмелетке толмағандар, 11 шақтысын әйелдер құрайды. Мәселен, бір ғана Шайхонтахур ауданында 15 шақты тұлғаға жаза тағайындауда махалла азаматтар жиындарының кепілдігі есепке алынды.

**Президент Шавкат Мирзиёевтің Өзбекстан Республикасының Конституциясы қабылданғандығының 25 жылдығына арналған салтанатты мерекедегі сөзінен**





Айыппұл кінәліден мемлекет табысына заңда белгіленген мөлшерде ақша өндіру.



Мәжбүрлі қоғам жұмыстары қылмыскерді ақы төленбейтін пайдалы қоғам жұмыстарын орындауға мәжбүрлі тәрзіде жұмылдыру.

Бостандықтан айыру қылмыс жасау кезінде он алты жастан он сегіз жасқа дейін болған тұлғаларға ауыр қылмыс үшін — жеті жылға дейін, өте ауыр қылмыс үшін — он жылға дейін мерзімге тағайындалады.

Кәмелетке толмай тұрып әлеуметтік қауіп үлкен болмаған қылмыс жасаған, абайсыздық салдарында қылмыс жасаған немесе қасақана оншалықты ауыр болмаған қылмыс жасаған тұлғаларға бостандықтан айыру түріндегі жаза тағайындалмайды.

Үкім шығару кезінде он сегіз жасқа толмаған тұлғаларға бостандықтан айыру жазасын тәрбие колонияларында өтеу тағайындалады.

## Сұрақ пен тапсырмалар



Берілген жағдайларды оқы және қылмыста қатысушыларды анықта.

1. *Н.Б. ПБ-на қайрылып, бейтаныс тұлға оның мобиль телефонын қолынан тартып алып қашқанын хабарлады. Көрілген шаралар нәтижесінде бұл қылмысты Н. есімді тұлға жасағандығы анықталып, қолға алынды.*
2. *Бейтаныс тұлға кәсіпкер У.Х.-қа қоңырау соғып, одан үлкен мөлшерде ақша және 6 қапта ұн өнімін қарызға алған. Ол тез арада бұл ұнды бір кәсіпорынға сатуы және қарызды қайтарып беруін білдірген. Бірақ не ақшаны, не ұнды қайтарған. У.Х. бұл туралы ішкі істер органдарына хабар бергеннен кейін, көрілген шаралар нәтижесінде бұл қылмысты Қ. есімді тұлға жасағандығы анықталып, қолға алынған.*

**Өзбекстан Республикасы ИМ Қоғамдық және Бұқаралық ақпарат құралдары мен байланыстар басқармасы мәліметтері негізінде**



## Қосымша мәлімет үшін

Р/с	Рақымшылық	Амнистия
1.	Белгілі тұлғалар үшін, олардың жеке өзі сипаттайтын мәліметтерді (жасы, ден саулығының жағдайы, жанұялық ахуалы) есепке алып жазадан азат ету есептеледі.	Амнистия анық тұлғаларға емес, жалпы топтарға жарияланады. Мұнда амнистияға неше кісі түсуі, кімдер түсуі алдыннан анық болмайды.
2	Рақымшылық тек қана сот үкімімен жаза тағайындалған қылмыскерлерге жарияланады	Амнистия қылмыстық процесінің қалаған басқышында – алғашқы тергеу, сұрастыру, тергеуге дейін тексеру және қылмыстық іс қозғауға дейін болған басқышта да қолданылуы мүмкін.
3	Өзбекстан Республикасы Конституциясының 93-бабына сәйкес Рақымшылық тек қана Президент тарапынан жарияланады.	Амнистия акті Президент ұсынысына сәйкес Олий Мәжілістің Сенаты тарапынан жарияланады.
4	Рақымшылықты қолдау үшін әдетте қылмыс жасаған тұлғалардың өтінішхаты негіз болады. Рақымшылықты қолдау мәселесін Өзбекстан Республикасы Президенті құзырындағы рақымшылық жасау мәселелері бойынша арнайы комиссия шешеді.	Амнистия акті қолдауда ешқандай өтінішхат талап етілмейді. Амнистия акттерін қолдау мәселесі құқықты қорғаушы органдар мен жазаны орындау мекемелері және соттар тарапынан көріп шығылады. 2008 жылдан бастап, Амнистия акті қолдауға тән қорытынды қаулыны тек қана соттар шығаруы белгілеп қойылған.

## Құқық тарихынан



Өзбекстан әлемнің ең қауіпсіз мемлекеттері тізімінде 2-орынды иеленді. Талдау барысында 135 мемлекет майданы, қауіпсіздік жағдайы, заң үстемдігі мен тәртіп сияқты бірнеше топтар бойынша сауалдама өткізіліп, бағаланды. Мемлекеттер 100 балдық жүйеде бағаланды. Тізімнің 1-орнын 97 балмен Сингапур иеледі. Өзбекстан 95 балмен 2-орында жайғасты. Исландия 92 балмен 3-орында. Дүниенің ең қауіпті мемлекеті деп Венесуэла жарияланды.

Р/с	Рақымшылық	Амнистия
5	Рақымшылықты қолдау көп уақыт пен тәртіпті талап етпейді. Ол қабылдануымен лезде орындалады, мұның үшін тағы жеке басқыштардан өту шарт емес.	Амнистия акті шыққаннан кейін, оны кімдерге қолдау мәселесін шешу ұзаққа созылды және көптеген ұйымдастыру процесі өз ішіне алады.
6	Рақымшылықтың құқықтық салдары аздау болады. Бұлар: 1) негізгі және орындалмаған қосымша жазадан толық яки аздап азат етіледі; 2) жазадан мерзімнен ілгері шартты түрде азат етіледі; 3) өмірбақи бостандықтан айыру яки басқа өтелмеген жазаны жеңілдеу жазамен алмастырылады; 4) сотталғандық алып тасталады.	Амнистия актінің құқықтық салдары кеңірек болады: 1) тұлға қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы; 2) қылмыскер негізгі және орындалмаған қосымша жазадан босатылуы; 3) қылмыскерге тағайындалған негізгі және орындалмаған қосымша жазаның қысқартырылуы (кемейттірілуі); 4) қылмыскер жазадан мерзімінен ілгері шартты түрде босатылуы; 5) қылмыскерге тағайындалған жазаның өтелмеген бөлігі жеңілдеуімен алмастырылуы; 6) қылмыс жасаған тұлғадан сотталғандық мерзімінен ілгері алып тасталуы.



Адамгершілігі бар жомарт кісі өзінен және өзінікі екендігіне ешкім тартысып отырмайтын нәрседен басқасынан иелік етпейді.

Төмендегі кестені дәптеріңе сыз және толтыр. Амнистия мен рақымшылықтың негізгі ерекшеліктері бойынша сұрақтарға жауап бер.

Сұрақтар	Рақымшылық	Амнистия
Кім қабылдайды?		
Кімдерді қамтиды?		
Кімдерге қолданады?		
Кешірім құжатының бастамашысы кім болады?		
Жеке факторлар (сипат) қаулыға әсер етеді ме?		

# 10- Азаматтардың Конституция мен 11-§ заңдарда бекітіліп қойылған құқық және еркіндіктеріне қарсы қылмыстар

## Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:





- Тұлғаның азаттығы, құрметі мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстар.
- Хат-жазысулар, телефонда сөйлесу, телеграф хабарлары яки басқа хабарлардың құпия сақталуы тәртібі.
- Азаматтардың үндеулері туралы заң құжаттарын бұзудың құқықтық салдары.

Тұлғаның азаттығы, құрметі мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстар бұл:

- адам саудасы;
- әйелді күйеуге тиюге мәжбүрлеу яки оның күйеуге тиюге тосқауылдық жасау;
- адам ұрлау;
- зорлық істетіп заңға қайшы түрде бостандықтан айыру;
- жала;
- қорлау кіреді.

Бұл қылмыстардың объекті тұлғаның азаттығы, құрметі мен қадір-қасиеті есептеледі. Қылмыстар 16 жасқа толған ақылы жетік тұлға тарапынан дұрыс қаскөйлікпен жүзеге асырылады.

Адам саудасы бүгінгі күнде ең жаһандану проблемалардың біріне айналып үлгерді. Адам саудасы адамды алу-сату немесе одан пайдалану мақсатында жалдау, тасу, тапсыру, жасыру яки қабылдауда көрініс





Адамдарды эксплуатация жасау – басқа тұлғалардан өз ниетіне сәйкес пайдалану яки жыныстық зорлаудың басқа түрлері, мәжбүри еңбек яки қызметшілер, құлдық және оған ұқсас дәстүрлер, еркінен айыру яки адам мүше-тоқымаларын ажыратып алу есептеледі.

табады. Мұнда адамдарды ұрлау, зорлық қолдану яки зорлық қолданумен қорқыту немесе зорлаудың басқа формаларын қолдау арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыс тұлғаның өмірі мен денсаулығының дербестігін жабдықтаушы әлеуметтік қатынастарға қатысты жасалады. Қылмыс байлық арттыру және басқа пайдакүнемдік мақсаттарында алдау жолымен адам саудасын жүзеге асыруда көрінеді.

Адам саудасына адам саудасы, яғни оны сатушыға белгілі мөлшердегі ақша қаржы яки басқа мүліктік эквивалент орнына басқа адамның еркіне тапсыру кіреді.

### **Әйелді күйеуге тиюге мәжбүрлеу яки оның күйеуге тиюіне тосқауылдық жасау**

Әйелді тұрмысқа шығуға яки некеде жасауды жалғастыруға мәжбүрлеу, әйелдің разылығынсыз үйлену мақсатында оны ұрлау, сондай-ақ әйелдің тұрмысқа шығуына тосқауылдық жасау да қылмыс саналады.

Аталмыш қылмыстың жасаулы мотиві қылмысты квалификациялауда маңызсыз. Кейбір жайттарда қылмыс әйелдің ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңілдері, туысы ағайындары, күйеуі тарапынан жасалады.



«Барша адамдар заң алдында тең және ешқандай кемсітулерсіз заңмен тең қорғалу құқығына ие. Сондықтан әр түрлі кемсітулер заң жолымен тыйым салынуы және заң барша тұлғаларға бірер-бір белгі бойынша, айталық, нәсілі, терісінің түсі, жынысы, тілі, діні, саяси яки басқа нанымы, ұлттық яки әлеуметтік келіп шығуы, мүліктік деңгейі, туылуы яки басқа жағдайлар бойынша кемсітулерге қарсы тең және тиімді қорғауды кепілдеуі шарт».

**Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 26-бабы**

**Адам саудасы қылмысы бойынша жәбірленушілердің эксплуатация процесі**

Істеп шығару және ауыл шаруашылығы жұмыстарында пайдалану

Қожалық жұмыстарында пайдалану

Қайыршылыққа мәжбүрлеу

Жасанды аналық және бала тууға мәжбүрлеу

Мәжбүрлі неке, жыныстық еркіндігіне қарсы әрекеттер

Адам тоқымаларын трансплантация жасау

## Адам ұрлау

Аталмыш қылмыстың объекті адамның еркіндігі, яғни қалаған жерінде болу, қалағанша киіну, қалаған нәрсені тамақтану және басқа еркіндіктер есептеледі.

Бұл қылмысқа кодекстің 245-бабында назарда ұсталған жайттардан тыс барша түрдегі адам ұрлаулар кіреді.

Адам еркіндігінен айырылған кезден бастап қылмыс аяқталған, деп есептеледі.

## Зорлық қолданып заңға қайшы түрде бас бостандықтан айыру

Талданып жатқан қылмыстың объекті жәбірленушінің жеке азаттығы есептеледі. Қылмыстың объектив тарапы зорлық істетіп заңға қайшы түрде тұлғаны әрекет жасау еркіндігінен айыру, жәбірленушіге дене яки психологиялық зорлық қолдану, оның қай жерде болуын еркін таңдау құқығын шектеу сияқты әрекеттерді жасауда көрінеді.

Жәбірленуші бас бостандықтан айырылған кезден бастап қылмыс аяқталған, деп есептеледі. Бұл қылмыс дұрыс қаскөйлікпен жемқорлық ниетінде жасалуымен ажыралып тұрады.



Әйелді күйеуге тиюге яки некеде бірге жасауды жалғастыруға мәжбүрлеу дегенде оған дене яки психологиялық зорлық-зомбылық істетілуін түсіну шарт.





## Жала

Адамды ұрлау дегенде, адамның жасырын, ашықтан-ашық яки алдау немесе сенімін қиянатшылық жолымен жеке еркіндігінен айыруды түсіну қажет.



Жала жабушы бір сағатта бір айға татитындай бүліншілік қозғатады.

**Әлішер Науаи**

54

Үйреніліп жатқан қылмыс үш бөлімнен тұрады. Жаланың объекті тұлғаның құрметі мен қадір-қасиеті есептеледі. Құрмет адамның ішкі әдептілік қадір-қасиеті, әділдігі, адамгершілік, ождан, жалпы алғанда, құрмет — адамның рухани және әлеуметтік ерекшеліктерін белгілейтін түсінік. Қылмыс жаланың жалғандығын біле тұрып, басқа тұлғаны шерменде ететін жалғандарды таратуда көрінеді. Анық дәлелдерге сілтеме жасалмаған, жалпы мәліметтерді ашу жала есептелмейді. Жалғандарды тарату әдісі әр түрлі, мәселен, ауызша, жазба, бірер сурет көрінісіндегі сурет және басқа болуы мүмкін. Қылмыстың жалғандығы алдыннан белгілі болған мәліметтер таратылған кезден бастап аяқталған есептеледі.

## Қорлау

Қорлау тұлғаның құрметі мен қадыр-қасиетін әдепсіздікпен қасақана балағаттаудан тұрады. Қорлау ауызша яки жазба түрде болуы мүмкін. Тұлғаның құрметі мен қадір-қасиетін әдепсіздікпен ба-



Әркім өз құрметі мен абыройына жасалған қауіптен, жеке өміріне араласудан қорғалу және тұрғын үйінің дербестігі құқығына ие.

Ешкім заң назарда ұстаған жайттардан және тәртіптен тыс біреудің тұрғын үйіне кіруі, тінту өткізуі яки оны көзден өткізуі, жазысулар және телефонда сөйлесулер құпиясын жариялау мүмкін емес.

**Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 27-бап**



лағаттауға қаратылған әрекет жасалған кезден бастап қылмыс аяқталған есептеледі.

Қорлау әдетте тікелей жасалады, бірақ жәбірленуші бұл туралы хабар табады, деген болжаммен сырттан болуы да мүмкін. Қорлау делдал арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Өкпелету әр түрлі болуы мүмкін, бірақ олардың баршасы да қорлау бола бермейді. Қорлау әрдайым белгілі бір тұлғаға қаратылған болады.

## Азаматтардың конституциялық құқық пен еркіндіктеріне қарсы қылмыстар

Азаматтардың конституциялық құқық пен еркіндіктеріне қарсы қылмыстардың құрамына мемлекетіміз Конституциясында белгілеп қойылған құқықтарды бұзу сияқты қылмыстар кіреді. Бұлар:

- ➔ азаматтардың тең құқықтылығын бұзу;
- ➔ жеке өмір дербестігін бұзу;
- ➔ азаматтардың тұрғын үй дербестігін бұзу;
- ➔ хат-жазысулар, телефонда сөйлесу, телеграф хабарлары яки басқа хабарлардың сыр сақталу тәртібін бұзу;



Адамның қадір-қасиеті дегенде, дүниеге көзқарасының дәрежесі, ақыл-зейіні, тұрмыс салты сияқты адамның объектив жақтарын сипаттаушы жақсы сапалар жиындысын түсіну қажет.

## Шығармашылық қызмет

1. Жала мен қорлаудың бір-бірінен ерекшелігі неден тұрады?
2. Төмендегі жағдайлардан қайсыбірін жала, қайсыбірін қорлау деп сипаттау мүмкін?

*А. көпшілік алдында Г. есімді досын: «Сен кеше менің мобиль телефонымнан пайдаланып, қайтарып бермедің. Сен ұрысың!» деп кінәлады. Г. өзін ақтау үшін: «Мен сенің телефоныңды алғаным жоқ, маған да кеше сондай телефон сыйға берген еді», деп жауап берді. Түбінде А. өзінің телефонын спорт киімінің қалтасында қалдырған, телефоны қуатсызданып қалғандығы үшін істемей қалған еді.*





Азаматтар тең құқықтылығының бұзылуы оларға өз құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндігін бермеу немесе олардың өз құқықтарын жүзеге асыруына тосқауылдық жасаудан (мәселен: жынысы, нәсілі, ұлты және т.б. келіп шығып, істен босату, жасайтын жерінде тізімнен өтуіне, іске қабылдануына, оқуға кіруіне жол бермеу) құрылуы.

- жеке және заңды тұлғалардың үндеулері туралы заң құжаттарын бұзу;
- ар-ождан еркіндігін бұзу;
- сайлау яки референдум ұйымдастыру, оларды өткізу туралы заң құжаттарын бұзу;
- сайлау құқығының яки сенімді өкіл өкілеттіктерінің жүзеге асырылуына тосқауылдық жасау;
- еңбек ету құқығын бұзу;
- авторлық яки ойлап табушылық құқықтарын бұзу.

## Азаматтардың тең құқықтылығын бұзу

Аталмыш қылмыстардың объекті азаматтардың жеке құқықтары мен еркіндіктері.

Азаматтардың тең құқықтылығын бұзу қылмыс жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, діні, әлеуметтік келіп шығуы, нанымы, жеке яки әлеуметтік дейгейінен келіп шығуынан тыс азаматтардың құқықтарын бұзу яки шектеу немесе азаматтарға тікелей артықшылықтар беруде көрінеді.



## Жеке өмір дербестігін бұзу

Бұл қылмыстық тұлғаның жеке яки жанұялық құпиясын құрайтын жеке өмірі туралы мәліметтерді оның ризашылығынсыз заңға қайшы түрде жинау немесе таратуға көрініс табады.

## Азаматтардың тұрғын үй дербестігін бұзу

Қылмыс жасаушылардың еркіне қарсы зорлық қолданып, заңға қайшы түрде тұрғын үйге бастырып кіруде көрініс табады.

## Хат-жазысулар, телефонда сөйлесу, телеграф яки басқа хабарлардың құпия сақталу тәртібін бұзу

Қылмыс тұлғалардың пошта-телеграф хабарлары яки телефонда сөйлесудің мазмұнымен заңға қайшы танысуында немесе азаматтардың хаттары, телеграммалары, телефакс арқылы, электрон пошта және т.б. арқылы хабар беріліп жатқан мәліметтерді осы ақпараттар иесінің ризашылығынсыз жариялауында көрінеді.

## Азаматтардың үндеулері туралы заң құжаттарын бұзу

Аталмыш бап азаматтардың Өзбекстан Республикасының Конституциясында белгілеп қойылған арыз беру, мемлекет билік органдары, кәсіпорындары, мекемелері мен қоғам өмірінің басқа салалары қызметін еркін сынға алу құқығын қылмыс құқы тарапынан қорғаудың қажетті құралы есептеледі.

Қылмыс азаматтардың үндеулері туралы заңды бұзуға қаратылған әр түрлі әрекеттер болып, ол азаматтар, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын құқықтарына байыпты залал жеткізуде көрінеді.



Заңға қайшы түрде бастырып кіру дегенде, кінәлі тұлғаның немесе тұрғын үй иесінің рұқсатынсыз тұлғаның тұрғын үйге өз бетімен бастырып кіруге қаратылған әрекеттерінің (мәселен, заңға қайшы түрде көшіру, рұқсат қағазынсыз тінту өткізу, өзгенің тұрғын үй майданына өз бетімен көшіп кіру және т.б.) жасалуын түсіну шарт.



Барша үшін ар-ождан еркіндігі кепілденеді. Әрбір адам қалаған дінге сыйыну, ешқандай дінге сыйынбау құқығына ие. Діни көзқарастарды мәжбүрлі түрде сіндіруге жол берілмейді.

**Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 31-бап**

## Ар-ождан еркіндігін бұзу

Қылмыс діни ұйымдардың заңды қызметіне яки діни мерекелердің өткізілуіне тосқауылдық жасауда көрінеді. Ар-ождан еркіндігі діни қызметінің тек қана заң шеңберінде жүзеге асырылуы болады.

Кәмелетке толмаған тұлғаларды діни ұйымдарға жұмылдыру, діни ұйым қызметінде қатысуға көндіруге қаратылған қылмыс жасалған кезден бастап аяқталған қылмыс, деп атап өтіледі.

Заңға қайшы түрде діни білімге оқыту дегенде кәмелетке толмаған тұлғаларға олардың қалауына қарсы, ата-аналары яки олардың орнын басатын тұлғалардың еркі мен қалауларына қарсы дін туралы білімдерді сіндірудің әр түрлі көріністерін түсіну шарт.

## Сайлау яки референдум ұйымдастыру, оларды өткізу туралы заң құжаттарын бұзу

Азаматтардың еркін дауыс беру құқы, сайлаулар яки референдумдарды ұйымдастыру, өткізудің белгіленген тәртібіне қарсы әрекет яки әрекетсіздік.

Қылмыс:

- 1) дауыс берудің жасырынғандығын бұзуға;



Өзбекстан Республикасының азаматтары қоғам мен мемлекет жұмыстарын басқаруда тікелей және өз өкілдері арқылы қатысу құқығына ие. Мұндай қатысу өзін-өзі басқару, референдумдар өткізу және мемлекет органдарын демократиялық тәрізде ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекет органдарының қызметі үстінен топтық бақылауын дамыту және жетілдіру жолымен жүзеге асырылады.

**Өзбекстан Республикасы Конституциясы 32-бабынан**

- 2) сайлау яки референдум құжаттарын бұрмалауға;
- 3) сайлау яки қол қоятын қағаздарына жалған жазулар кірітуге;
- 4) сайлау яки референдум ұйымдастыру, оларды өткізу уақытында берілген дауыстарды әдейі қате есептеуге қаратылған әрекеттерді жасауда көрінеді.

Қылмыстың сайлау яки референдум ұйымдастыру, оларды өткізуде қатысатын лауазымды тұлға, саяси партиялар, азаматтардың өзін-өзі басқару органдарының өкілдері, бастамашы топтар, сайлау комиссиялары немесе референдум комиссияларының мүшелері тарапынан жасалуы мүмкін.

### Сайлау құқығының яки сенімді өкіл өкілеттіктерінің жүзеге асырылуына тосқауылдық жасау

Қылмыс адамның сайлау яки сайлану, сайлауалды үгіттерін алып бару, референдумды өткізуде қатысу сияқты конституциялық құқықтарын бұзуда көрінеді. Қылмыстық зорлық қолдану, қорқыту, алдау яки аудырып алу жолымен азаматтардың өз сайлау құқықтарын еркін жүзеге асыруына тосқауылдық жа-



Тендік үкім сүрген жерде сатқын, өтірік сезімдер, мұң-өкініш болмайды.



### Шығармашылық қызмет

Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексінің арнайы бөлім VI-VII баптарында берілген баптарды оқы.

1. Бұл қылмыстардың субъекттерін және субъектив тараптарын анықта.
2. Аталмыш қылмыстардың объекттері мен объектив тараптарын анықта.
3. Бұл бапта көрсетілген қылмыстардың алдын алу үшін қандай шаралар көру керек деп ойлайсың?
4. Қылмыс жасамау үшін тұлғаның құқықтық санасы яки құқықтық мәдениеті жоғары болуы керек пе? Жауабыңды сипаттап бер.

сауда яки депутаттыққа немесе Өзбекстан Республикасы Президенттігіне кандидаттың сенімді өкілдері өз өкілеттерін жүзеге асыруына тосқауылдық жасауда көрінеді.

## Еңбек ету құқығын бұзу

Өзбекстан Республикасы Конституциясында азаматтардың еңбек ету құқы кепілденген.

Негізгі Заңның 37-бабында: «Әрбір тұлға еңбек ету, еркін кәсіп таңдау, әділетті еңбек жағдайларында істеу және заңда көрсетілген тәртіпте жұмыссыз-



## Шығармашылық қызмет

1. Берілген жағдайлардан, адам құрметі мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстарды ажырат.
2. Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 17-бабына негізделіп, аталмыш қылмыстардың субъекттерін анықта.
3. Қылмыстар жасалуының субъективті тараптарын анықта.

*Бұхара облысы ИБ қызметшілері тарапынан жүргізілген шұғыл сұрастыру шаралары барысында Бұхара ауданы, Гулианабат ААЖ-да жасайтын, 1969 жылда туылған, алдын сотталған Ф.Нажметдинова Когон қаласы, Истиқлол МАЖ-да жасайтын азамат Н.Ф. және Шофы ауданы, Қалмақон ААЖ-да жасайтын, бұрын сотталған Г.Й.-ларды Таиланд мемлекетінде денесін сату жолы арқылы қомақты табыс табуы мүмкіндігін білдірген жайтта қызықтырып, шет мемлекетке баруы үшін жасалатын қаражаттар, яғни ол жерде жеп-ішуі және жалға тұру үшін жасалатын қаражаттардың барша-сын өзі көтеруін білдірген.*

*2) аудан өкілеттік органдарына сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын алып барып жатқан Н.-ның сенімді өкілдері Гулабат махалласындағы азаматтарға Н. -ға дауыс беруі орнына махалла тұрғындарына түрлі азық-түлік өнімдерін берді. Аудан өкілеттілік органына өз кандидатурасын қойған Х. Н.-ның бұл әрекеттерінен наразы болып сотқа шағым жасады.*

*3) Кәмелетке толмаған тұлғалар Интернет тармағы арқылы сыныптас-тары жөнінде сөгіс мәліметтерді жайғастырып, рухани залал жеткізді.*

дыктан қорғану құқығына ие», деп белгілеп қойылған.

Бұл қылмыстың объекті азаматтардың Конституциямен кепілденген еңбек ету құқы есептеледі. Қылмыстың субъекті іске қабылдау яки істен босату құқығына ие болған тұлға болуы мүмкін.

## Авторлық яки ойлап табушылық құқықтарын бұзу

Азаматтың интеллектуалды мүлкін қорғауға болған конституциялық құқығы, атап айтқанда, авторлық яки ойлап табушылық құқығының бұзылуы.

Қылмыс авторлық құқығын меңгеріп алу, бірлескен авторлыққа мәжбүрлеу, сондай-ақ ойлау мүлкі объекттері туралы мәліметтерді олар ресми тізімнен өткізілгенге дейін яки жарияланғанға дейін автордың келісімінсіз жариялануында көрінеді.



Әркімге ғылыми және техникалық шығармашылық еркіндігі, мәдениет жетістіктерінен пайдалану құқығы кепілденеді. Мемлекет қоғамның мәдени, ғылыми және техникалық дамуына қамқорлық жасайды.

**Өзбекстан Республикасы Конституциясының 42-бабынан**

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Азаматтардың тұрғын үй дербестігін бұзғаны үшін жауапкерлікке тартудың шарттары нелерде көрінеді?
2. Азаматтардың жеке өмірі туралы ақпаратты тарату қылмыстық жауапкерлікке негіз болады ма? Пікіріңді сипаттап бер.
3. Сайлау құқығын яки сенімді өкіл өкілеттіктерін жүзеге асыруға тосқауылдық жасау әрекеттері нелерде көрінеді?
4. Кәмелетке толмаған 16 жасты тұлға біреудің хатын сұраусыз оқығаны және мазмұнын достарына айтып бергені үшін жауапкершілік болады ма?





# 12-§ Жанұяға, жастарға және әдепке қарсы қылмыстар



## Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Кәмелетке толмаған яки еңбекке жарамсыз тұлғаларды материалды қамтамасыз етуден бас тарту.
- Ата-ананы материалды қамтамасыз етуден бас тарту.
- Кәмелетке толмаған тұлғаны бейәлеуметтік іс-әрекеттерге жұмылдыру.

## Кәмелетке толмаған яки еңбекке жарамсыз тұлғаларды материалды қамтамасыз етуден бас тарту

Бұл қылмыстың объекті кәмелетке толмаған яки еңбекке жарамсыз тұлғалардың мүдделері, яғни олардың денсаулығы, нормалды денелік дамуы мен соттың шешуші қаулысына сәйкес қаржы алу құқығына ие тұлғалардың материалды жабдығы есептеледі.

Қылмыстық соттың шешуші қаулысына сәйкес материалды көмекке мұқтаж болған кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз тұлғаларды бағу үшін өндірілетін қаржыларды жалпы үш айдан артық мерзім барысында төлемеуде көрінеді.

Соттың заңды күшке кірген шешуші қаулысына сәйкес материалды көмекке мұқтаж болған Кәмелетке толмаған яки еңбекке жарамсыз тұлғаларды бағу үшін өндірілуі шарт болған қаржы жалпы үш ай барысында төленбеген жайтқа қылмыс аяқталған деп есептеледі. Қылмыс қасақана жасалады.



Ата-аналар өз перзенттерін кәмелетке толғандарына дейін бағу және тәрбиелеуге мәжбүр.

**Өзбекстан Республикасы Конституциясының 64-бабынан**



### **122-бап. Кәмелетке толмаған яки еңбекке жарамсыз тұлғаларды материалды қамтамасыз етуден бас тарту**

Материалды көмекке мұқтаж болған кәмелетке толмаған яки еңбекке жарамсыз тұлғаны материалды қамтамасыз етуден бас тарту, яғни оларды материалды тұрғыдан жабдықтау үшін соттың шешу қаулысына сәйкес өндірілуі шарт болған қаржыны жалпы болып үш айдан артық мерзім барысында төлемеу, ең кем айлық жалақының елу есеге дейін мөлшерде айыппұл яки үш жүз сағатқа дейін мәжбүрлі қоғам жұмыстары немесе екі жылға дейін әдеп түзету жұмыстары яки бір жылға дейін бас бостандықты шектеу яки бір жылға дейін бас бостандықтан айырумен жазаланады.

Осы қылмыс қауіпті рецидивист тарапынан жасалған болса, үш жүз сағаттан үш жүз алпыс сағатқа дейін мәжбүрлі қоғам жұмыстары яки екі жылдан үш жылға дейін әдеп түзету жұмыстары немесе бір жылдан үш жылға дейін бас бостандықтан шектеу яки үш жылға дейін бас бостандықтан айырумен жазаланады.

#### **Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексі**

Аталмыш қылмыстың субъекті соттың шешуі қаулысына сәйкес материалды көмекке мұқтаж кәмелетке толмаған яки еңбекке жарамсыз тұлғаларды материалды жабдықтау міндеті мойнына жүктелген 18 жасқа толған, кемел ақыл кез келген тұлға (ата-аналар, перзенттікке алушылар) болуы мүмкін. Жеке ата-аналық құқығынан айыру алименттерін төлеуден азат етпейді.



Ата-ана кәмелетке толған еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж балаларына жабдықтау беруі шарт.

**Өзбекстан Республикасының Жанұя кодексі, 100-бабы, бірінші бөлім**

## Ата-ананы материалды қамтамасыз етуден бас тарту

Соттың шешуші қаулысына сәйкес еңбекке жарамсыз және материалды көмекке мұқтаж болған ата-ананы яки олардың орнын басатын тұлғаларды материалды жабдықтау үшін өндірілетін қаржының кәметке толған тұлғалар тарапынан жалпы үш айдан артық мерзім барысында төленбеуінде көрінеді.

Қылмыс тікелей қастандықпен жасалады. Қылмыстың жасалу мотиві мен көзделген мақсат оны квалификация етуде маңызға ие болмайды.

Қылмыстың субъекті соттың шешуші қаулысына сәйкес ата-аналарын яки олардың орнын басатын тұлғаларды материалды жабдықтау міндеттемесі жүктелген кәметке толған туысқан перзенттер, перзенттікке алынған ұл мен қыздар, өгей ұл және қыздар болуы мүмкін.



Кәметке толған, еңбекке жарамды перзенттер өз ата-аналары жөнінде қамқорлық жасауға мәжбүр.

**Өзбекстан Республикасы Конституциясының 66-бабынан**



### 123-бап. Ата-ананы материалды қамтамасыз етуден бас тарту

Кәметке толған тұлғалардың еңбекке жарамсыз және материалды көмекке мұқтаж болған ата-ананы яки олардың орнын басатын тұлғаларды материалды қамтамасыз етуден бас тартуы, яғни оларды материалды тұрғыдан жабдықтау үшін соттың шешуші қаулысына сәйкес өндірілуі шарт болған қаржыны жалпы болып үш айдан артық мерзім барысында төлемеуі, — ең кем айлық жалақының елу есеге дейін мөлшерде айыппұл яки үш жүз алпыс сағатқа дейін мәжбүрлі қоғам жұмыстары немесе үш жылға дейін әдеп түзету жұмыстарымен жазланады.

**Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексі**

## Кәмелетке толмаған тұлғаны бейәлеуметтік әрекеттерге жұмылдыру

Бұл қылмыстың объекті кәмелетке толмаған тұлғаның нормалды, әдептілік дамуы, оның денсаулығы және қоғам қауіпсіздігі мен тәртібі есептеледі.

Кәмелетке толмағандарды спиртті ішімдіктер ішуге, нашақорлық яки психотропты есептелмеген, бірақ кісінің ақыл-жігеріне әсер ететін құрал мен заттарды пайдалануға жұмылдыру дегенде, кәмелетке толған тұлғаны жоғарыда аты айтылған ішімдіктер, құрал мен заттарды бірнеше рет пайдалануға үйрету яки оларды кәмелетке толмағандар үшін бірнеше рет алынуы және кәмелетке толмаған тұлғаны алдау, қонақ ету, көндіру сияқты жолдармен сол предметтерді қолдануға көндіруге қаратылған әрекеттерін түсіну қажет.

Кәмелетке толмаған тұлғаны қылмысқа жұмылдырғанда кәмелетке толмаған тұлғаға қарай денелік зорлықты қолдау яки оған психологиялық әсер ету, қорқыту, ақша беріп көндіру, арбау, алдау, кек алу, көре алмаушылық, қызғану сезімдерін және басқа кері ниеттерін қоздыру, қылмыс жасауды ұсыну, ұр-



Қайыршылық жасау дегенде, кәмелетке толмаған тұлғаны бөгде тұлғалардан ақша, азық-түліктер, киім-кешектер және т.б. тілеп, сұрап алуға жұмылдыруды түсіну қажет.

ланган заттарды сатып алу яки сатып беруді уәде беру, қылмысты жасау жері мен әдістері яки қылмыс іздерін жасыру жөнінде кеңестер беру жолымен оның бір яки бірнеше қылмыстардың жасалуында қатысу ниетін ынталандыруға қаратылған әрекеттер мен қылмысты жасауға аудару мақсатында кәмелетке толмаған тұлғалармен спиртті ішімдіктер ішілуін түсіну қажет.



### **127-бап. Кәмелетке толмаған тұлғаны бейәлеуметтік әрекеттерге жұмылдыру**

Кәмелетке толмаған тұлғаны тіленшілікке, спиртті ішімдіктер ішуге, нашақорлық яки психотропты есептелмеген, бірақ кісінің ақыл-жігеріне әсер ететін құрал мен заттарды пайдалануға жұмылдыру, сондай әрекеттер үшін әкімшілік жаза қолданылғанынан кейін жасалған болса, — ең кем айлық жалқының жүз есесінен екі жүз есеге дейін мөлшерде айыппұл яки үш жүз алпыс сағатқа дейін мәжбүрлі қоғам жұмыстары немесе екі жылға дейін әдеп түзету жұмыстары яки бір жылдан үш жылға дейін бас бостандығын шектеу яки үш жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.

Кәмелетке толмаған тұлғаны нашақорлық заттары яки психотропты заттарды қолдануға жұмылдыру — үш жүз алпыс сағаттан төрт жүз сексен сағатқа дейін мәжбүрлі қоғам жұмыстары яки үш жылдан бес жылға дейін бас бостандығын шектеу яки үш жылдан бес жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.

Кәмелетке толмаған тұлғаны қылмыс жасауға жұмылдыру, сондай-ақ бұл баптың екінші бөлімінде назарда ұсталған әрекеттер:

а) ілгері нашақорлық құралдары яки психотропты заттарды заңға қайшы түрде қатынасқа шығарумен байланысты кез келген қылмысты жасаған тұлға тарапынан;

б) екі яки одан артық кәмелетке толмаған тұлғаға қатысты;

в) оқу орындарында яки оқушылар, студенттер оқу-тәрбие, спорт яки қоғам шаралары өткізетін басқа жерлерде жасалуы — бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.

**Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексі**



Отанг пандларига сен қилғил амал,  
Юрарсан бахтиёр бўлиб ҳар маҳал.  
Онангни, отангни севинтир тамом,  
Бу ҳикмат етқурғай тилакка мудом.

**Жүсіп Хас Хажиб**

Қылмыс тікелей қаскөйлікпен жасалады, яғни айыпты кәмелетке толмаған тұлғаны бейәлеуметтік әрекетке жұмылдырылып жатқанын біледі және сондай болуын қалайды. Қазіргі кезде кінәні бейәлеуметтік әрекетке жұмылдырылып жатқан тұлғаның кәмелетке толмағандығын білген жайтта ғана оны Аталмыш бап бойынша қылмыстық жауапкерлікке тарту мүмкін екендігіне назар аудару керек.

Бұл қылмыстың субъекті 18 жасқа толған кез келгін қандай ақылы жетік тұлға болуы мүмкін.



Жас баладан пайдаланған жайтта қылмысты жасау ҚК 56-бап «ж» бөлігіне сәйкес жазаны ауырлататын жағдай деп есептеледі және жаза тағайындау уақытында сот тарапынан есепке алынады.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Кәмелетке толмаған яки еңбекке жарамсыз тұлғаларды материалды қамтамасыз етуден бас тарту ұғымы мен оны жасағандық үшін қылмыстық жауапкершілік мәселесі қандай болады?
2. Кәмелетке толмаған яки еңбекке жарамсыз тұлғаларды материалды жабдықтау қылмысынан ата-ананы материалды қамтамасыз етуден бас тарту қылмысының айырмасы неден тұрады?
3. Кәмелетке толмаған тұлғаны бейәлеуметтік әрекеттерге жұмылдыру дегенде нелерді түсіндің?



# 13-§ Тыныштық пен қауіпсіздікке қарсы қылмыстар



Ғапыл адам көз жұмып мағлұматсыздық ұйқысына батады, ей жігерлі батыл, ғапыл болма, қырағы бол.

**Жүсіп Хас  
Хажиб**

## Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- ➔ Тыныштық пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар. Өзбекстан Республикасына қарсы қылмыстар.
- ➔ Өзбекстан Республикасының конституциялық жүйесіне қауіп төндірудің құқықтық салдары.

## Тыныштық пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар

Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексінің VIII бабы тыныштық пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, IX бабы Өзбекстан Республикасына қарсы қылмыстар деп аталады. Тыныштық пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстарға ұрысты үгіттеу, агрессия, ұрыстың заң мен үміттерін бұзу, геноцид, шет мемлекеттердің әскери қызметіне, қауіпсіздік, полиция, әскери әділет органдары яки соған ұқсас басқа органдарына қызметке кіру, жалдану, терроризм, дайындалып жатқан яки жасалған террорлық әрекеттері туралы мәліметтер мен факттерді хабар бермеу, террорлық қызметін жүзеге асыру мақсатында оқудан өту, шығу яки әрекеттену, терроризмді қаржыландыру, ұлттық, нәсілдік, этникалық яки діни араздық азғырулар кіреді.

Бұл қылмыстардың объекті кез келген мемлекет өркениеті мен өмірлік қызметін жүзеге асырудың шарты болған тыныштық пен тыныш-тату жасау, адамзаттың жасау құқы есептеледі.



## Өзбекстан Республикасына қарсы қылмыстар

Өзбекстан Республикасына қарсы қылмыстарға мемлекетке сатқындық жасау, Өзбекстан Республикасы Президентіне басқыншылық жасау, Өзбекстан Республикасының конституциялық жүйесіне басқыншылық жасау, тыңшылық, қопарушылық, мемлекет сырларын жариялау, мемлекет құпиясы яки әскери құпия есептелген құжаттарды жоғалту сияқтылар кіреді.

Өзбекстан Республикасы Президентіне басқыншылық жасау Қылмыстық кодексінің «Өзбекстан Республикасына қарсы қылмыстар» бабына кірітілгендігі бекер емес, себебі Өзбекстан Республикасы Президенті азаматтардың құқықтары мен еркіндіктеріне, Конституция мен заңдарға мән берудің кепілі.

Өзбекстан Республикасы Президентінің өмірі, денсаулығы, құрметі мен қадір-қасиеті. Президентті көпшілік алдында қорлау яки оған жала жабу яки жала қасиетіне ие болған әрекеттер жасалған кезден бастап аяқталған қылмыс деп есептеледі.

Қылмыс қасақана жасалады. Қылмыстың мотиві мен мақсаты оның классификациясы үшін маңызды емес.

## Өзбекстан Республикасының конституциялық жүйесіне басқыншылық жасау

Өзбекстан Республикасының Конституциясында «конституциялық жүйе» атауының қолданылуы заманауи конституциялық құқық пәнінде көрсетілген бұл терминнен көпшілік мемлекеттерде кең пайдаланып жатқандығымен сипатталады.



Шығармашылық қызмет берілген суреттердегі адамдардың өмірі мен қызметі тыныштық пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың объекті бола алады ма?





Жақсы істердің тағы бір артықшылығы, ол көңілді көтереді және оны одан әрі ізгі істерге бейімдейді.

**Жан Жак Руссо**

Конституциялық жүйені сипаттауда мемлекеттің экономикалық жағдайы, қоғам мүшелерінің тұрмыс салты мен әлеуметтік жағдайы, бар ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар мазмұны, мемлекет билігінің маңызы, басқару формасы мен әдістері, адам құқығы мен еркіндіктеріне болған қатынас, азаматтық институттарының даму дәрежесі, халықтың саяси-құқықтық санасы мен ойы және адам кәмелеті сияқты қатар факторлар қызмет етеді.

Конституциялық жүйе мазмұндық тұрғыдан Конституцияда белгіленген нормаларының табиғатына сай келіп, олардың іс-жүзінде болуы конституциялық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Конституциялық нормалар негізінде конституциялық жүйе қорғалады, яғни заңдар арқылы бекітіліп қойылған қоғам өміріне тән барша әлеуметтік қатынастар бірізділікте жалғасады.

Конституциялық жүйенің құқықтық кепілі болған Конституция мен заңдардың үстемдігі, олар-



### **159-бап. Өзбекстан Республикасының конституциялық жүйесіне қолғұшылық**

Өзбекстан Республикасының іс-жүзіндегі мемлекет құрылымын Конституцияға қайшы тәрізде өзгертіруге, үкіметті басып алуға немесе заңды түрде сайлап қойылған яки тағайындалған билік өкілдерін үкіметтен шеттетуге немесе Өзбекстан Республикасы аумақтық тұтастығын Конституцияға қайшы тәрізде бұзуға ашықтан-ашық үндеу, сондай-ақ мұндай мазмұндағы материалдарды тарату мақсатында дайындау, сақтау яки тарату — ең кем айлық жалақының алты жүз есеге дейін мөлшерде айыппұл яки екі жылдан бес жылға дейін бостандықты шектеу немесе бес жылға дейін бас бостандықтан айырумен жазаланады...

**Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексі**

да адам құқық пен еркіндігінің ең жоғары құндылық ретінде бекітілуі, халықаралық құқықтың жалпы тән алып жасалған нормаларының тән алынуы сияқты ережелер бүгінгі күнде конституционализмнің негізі ретінде қаралуда.

Конституциялық жүйеге қаратылған қылмыстық әрекеттер конституциялық нормалар негізінде конституциялық жүйе қорғалады, яғни заңдар арқылы бекітіліп қойылған қоғам өміріне тән барша әлеуметтік қатынастар болып табылады.

Қылмыс қасақана жасалады. Қылмысты жасаудан мақсат Өзбекстан Республикасының конституциялық құрылымын өзгерттіру. Қылмыс мотивтері түрліше болуы мүмкін, яғни бар конституциялық жүйеге, заңды сайлап қойылған мемлекет қайраткерлеріне өшпенділікпен қарау және басқалар. Бұл әрекеттер шет мемлекетінің тапсырмасына сәйкес жасалған жайтта, кінәлі мемлекетке сатқындық жасағандық үшін де жауапты болады.



Жақсылар жауап кершілікпен жұмыс істеуі үшін заңдарға мұқтаж болмайды. Жамандар заңдарға тап беру үшін жол табады.

**Афлатон**



### **159-бап. Өзбекстан Республикасының конституциялық жүйесіне қолсұғушылық**

...Әкімшілік конституциялық органдарының заңды қызметіне тосқауылдық жасау яки оларды Конституцияда назарда ұсталмаған параллель билік құрылымдарымен алмастыруға қаратылған зорлық-зомбылық әрекеттері, сондай-ақ мемлекет билігі өкілетті органдарының Өзбекстан Конституциясында назарда ұсталмаған тәртіпте құрылған билік құрылымдарын таратып жіберу туралы қаулыларын белгіленген мерзімде орындамау — ең кем айлық жалақының екі жүз есесінен алты жүз есеге дейін мөлшерде айыппұл яки үш жылдан бес жылға дейін бас бостандықты шектеу немесе үш жылдан бес жылға дейін бас бостандықты айырумен жазаланады...

**Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексі**



Бүліншілік – екі яки одан артық тұлғалардың үкіметті басып алу яки конституциялық жүйені аударып тастауға қаратылған қылмыстық әрекетті жасау үшін өз күштерін бірліктіруге келісуі.

Үкіметті басып алу яки Өзбекстан Республикасының конституциялық құрылымын аударып тастау үшін қылмыстық топ құрылған кезден бастап, қылмыстық мақсатқа жетуге қаратылған әрекет жасалған яки жасалмағандығынан тыс бүліншілік таусылған қылмыс деп есептеледі. Берілген бапта мемлекет үшін қауіпті салдар жүзеге асуын жою, яғни үкіметті басып алу яки конституциялық жүйені аударып тастаудың алдын алу мақсатында бүліншілік туралы билік органдарына ерікті түрде хабар беру ынталандырылады.

Тыңшылық, қопарушылық, мемлекет құпияларын паш ету, мемлекет құпиясы яки әскери құпия есептелген құжаттарды жоғалту сияқты қылмыстар және мемлекетіміздің конституциялық жүйесіне қарсы қылмыстар қатарына кіреді.



### **159-бап. Өзбекстан Республикасының конституциялық жүйесіне қолсұғушылық**

...Бұл баптың бірінші яки екінші бөлімінде назарда ұсталған қылмыстар:

- а) қайтадан яки қауіпті рецидивист тарапынан;
- б) ұйымдасқан топ тарапынан яки оның мүдделерін көздеген тәрізде жасалған болса, —

бес жылдан он жылға дейін бас бостандықтан айырумен жазаланады.

Үкіметті басып алу яки Өзбекстан Республикасы конституциялық құрылымын аударып таңдау мақсатында бүліншілік ұйымдастыру —

бүліншілік туралы әкімшілік органдарына ерікті түрде хабар берген тұлға, егер де, көрілген шаралар нәтижесінде бүліншіліктің алды алынған болса, жазадан азат етіледі.

**Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодексі**



## «Мўндай халықты жеңіп болмайды»

Франс Кафка:

- Қандай кітап оқып жатырсың?
- «Ташкент — нан қаласы»...
- Тамаша кітап. Жақында мен оны бір кеште оқып шықтым.
- Менімше, бұл кітап өнер шығармасына қарағанда көбірек құжатқа ұқсайды.
- Кез келген шынайы өнер — құжат, төлқұжат. Мұндай балалары бар халықты, дәл бұл кітаптағыдай, жеңіп болмайды.
- Бірақ сөз, дегенмен, санда болмаса керек.
- Керісінше! Материяның көрінісі атомдағы электрондар санымен белгіленеді. Бұқараның деңгейі санаулы кісілердің саналылығына байланысты.

*Чехиялық музыкант пен әдебиетші Густав Яноухтың «Кафкамен сұхбаттарынан» таңдалған кейбір үзінді.*

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Жоғарыда берілген мәтіндегі «Мұндай балалары бар халықты, дәл бұл кітаптағыдай, жеңіп болмайды», қатарды сипаттан көр. Пікіріңді жасампаздық, адамгершілік, кеңпейілділік, мейірбандық сияқты түсініктер арқылы сипатта.
2. Мемлекетке опасыздық жасау нелерде көрінеді?
3. Конституциялық жүйеге қолсұғушылық дегенде нені түсіндің?
4. Тыныштықты сақтауда сенің қандай үлесің бар?
5. Өзбекстан Республикасына қарсы қылмыстар дегенде нені түсіндің? Қылмыс үшін қандай жаза белгіленген?
6. Тыныштық пен адамзатқа қарсы қылмыстар қалай жасалады?

# 14-§ Экономика саласындағы қылмыстар



Мүлік – мал-мүлікке иелік ету, одан пайдалану және оны иелік ету бойынша мүлік иесі мен қоғамның басқа мүшелері (меншік иесі болмағандар) арасында жүзеге асатын құқықтық қатынастар.

## Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Өзгелердің мүлкін талан-таражға салу. Жалған кәсіпкерлік.
- Салықтар яки басқа еріксіз төлемдерді төлеуден бас тарту.
- Электр, жылулық энергиясы, газ, су жабдығынан пайдалану ережелерін бұзу.

Өзбекстан Республикасының Конституциясында базар қатынастарын дамытуға қаратылған Өзбекстан экономикасының негізін әр түрлі формалардағы мүліктің құруы мен мемлекет пайдаланушылардың құқығы үстемдігін есепке алып, экономикалық қызмет, кәсіпкерлік пен еңбек ету еркіндігін, барша мүлік формаларының тең құқықтылығын және құқықтық тұрғыдан тең қорғауын кепілдік беру жеке тіркеледі. Сонымен бірге жеке мүлік басқа мүлік формалары сияқты дербес және мемлекет қорғауында деп белгілеп

## Шығармашылық қызмет



1. Мемлекетіміз экономикасының негізін әр түрлі формалардағы мүлік құрайды. Мүлік дербес және ол мемлекет тарапынан қорғалады, оған жасалған кез келген қолсұғушылық заңға қайшы деп есептеледі. Аталмыш ереже Өзбекстан Республикасының Конституциясының қайсы бабында тіркелгендігін анықта.
2. Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексінің X, XI, XII, XIII, XIII<sup>1</sup> баптарын мұқияттылықпен оқы. Бапта берілген экономика саласына тиісті қылмыстарды топтарға ажырат.



## Шығармашылық қызмет



1. *«Мүлік дербес және ол мемлекет тарапынан қорғалады, оған жасалған кез келген қолсұғушылық заңға қайшы деп есептеледі».* Аталмыш қатарды сипаттап көр.
2. Берілген суреттерді және мұқияттылықпен бақылап, мүлік формаларын ажырат. Олардың қайсылары тұлғаларға тиісті болуы мүмкін? Қайсылары мемлекеттікі болуы мүмкін?
3. Өзбекстан Республикасының Конституциясының 7-бабында берілген ережеге негізделіп, бұл мүліктердің қайсыларын халық мүлкі деуге болады? Пікіріңді сипаттап бер.

қойылған. Демек өзгенің мүлкіне қол сұғу заң шеңберінде жауапкерлікке тартуға негіз болуы мүмкін.

Экономика саласындағы қылмыстарға өзгелер мүлкін талан-тараж ету, өзгелер мүлкін талан-тараж етумен байланысты болмаған қылмыстар, экономика негіздеріне қарсы қылмыстар, қожалық қызметі саласындағы қылмыстар, кәсіпкерлік қызметіне тосқауылдық жасау, заңға қайшы түрде араласумен байланысты қылмыстар мен қожалық жүргізуші субъекттердің құқықтары мен заңды мүдделеріне қолсұғатын басқа қылмыстар кіреді.

**Өзгелердің мүлкін талан-таражға салу.** Талан-таражға салу – бұл біреудің мүлкін өзінің яки басқа тұлғалардың пайдасы үшін, мүлікшіге яки бұл мүліктің басқа иесіне зиян келтіріп, заңға қайшы және ақы төлемей өндіру.

**Объектив тараптан талан-таражға салу** өзгенің мүлкін заңға қарсы түрде, тегінге өзі яки басқа тұлға пайдасы үшін алуда көрініс табады.

Өзбекстан Республикасы қылмыс туралы заңдар талан-тараж етумен байланысты қылмыстарға жа-







Қанағат – қараммен адалдың шекарасын белгілейтін ар-ождан қазысы.

### Хикмет



**Талан-тараж жасаудың жасырындығы** дегенде, қылмыс мал-мүлік иесі яки мал-мүлік сеніп тапсырылған немесе еркінде тұрған тұлғаға сездірмей яки мүлік иесі немесе мал-мүліктің талан-тараж етілуінен мүдделі болмаған басқа тұлғалар жоқ уақытында болуы түсініледі.

уапкерлікті белгілеуде оны қайсы әдісте жасалғандығына сәйкес ажыратады. Мәселен, басқыншылық, алаяқтық, тонаушылық, меңгеру яки ысырап жолымен талан-таражға салу, алдаушылық, ұрлық. Кез келген талан-тараж жасаудың қажетті белгісі оның құқыққа қарсылығы болады.

Өзгенің мүлкін талан-таражға салудың аяқталған уақыты талан-таражға салудың формасына байланысты болады.

Талан-тараж жасау субъектив тараптан дұрыс қаскөйлікпен жасалады. Мотиві – қанағатсыздық.

Талан-тараж студің субъекті мәмілеге жарамдылығы мен заңда көрсетілген жасқа толған кез келген тұлға есептеледі.

Басқыншылықтың өте әлеуметтік қауіптілігі, алдымен, сонымен байланысты, бұл қылмыс жасалғанда жәбірленушілердің өмірі яки денсаулығына да зиян жеткізіледі немесе мұндай зиян жеткізілуі үшін реал қауіп жүзеге асады және өзгенің мал-мүлкі иеленіледі.

Объектив тараптан басқыншылық өзгенің мал-мүлкін талан-тараж ету мақсатында сол мүліктің иеленуіне қарсылық көрсеткен тұлғаның өмірі яки денсаулығы үшін қауіпті болған денелік зорлық істету немесе сондай зорлық қолданумен қорқытып шабуыл жасауда көрінеді. Басқыншылықтың объекті өзгенің мал-мүлкі, азаматтардың өмірі мен денсаулығы.

Алаяқтық мүлікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстардың бірі есептеледі. Алаяқтықтың әлеуметтік қауіптілік ерекшелігі оның тек мүлікшілікке емес, бәлкім мүлікшілік мүдделерінің тәуелсіз формасы ретінде көрініс табатын басқа (міндеттеме жүктейтін, мұра болып өтетін, тұрғын үй сияқты) мүліктік қатынастарға да қолсұғушылықтан тұрады.

Объектив тараптан алаяқтық кінәлінің мүлікшіден біле тұрып, заңға қайшы түрде өзіне яки ол көрсеткен тұлғаларға белгілі мүлікті, мүлікке болған құқықты тапсыруды, мүліктік мүдделер беруді немесе олардың пайдасына белгілі мүліктік ретіндегі әрекеттер жасауды талап етуде көрінеді.

Тонаушылықтың әлеуметтік қауіптілігі қылмыскер мүлікке қолсұғушылық ашықтан ашық, сонымен бірге орнатылған тәртіпті, құқықтық және әдептілік ережелері мен қоғам құндылықтарын менсінбеушілікпен жүзеге асырылудан тұрады.

Объектив тараптан тонаушылық өзгенің мүлкін жариялы талан-тараж жасауда көрініс табады.

Өзгенің мүлкін жасырын түрде талан-таражға салу яки ұрлық экономика саласындағы ең кең таралған қылмыстардың бірі болады.

Объектив тараптан ұрлық өзгенің мүлкін жасырын түрде талан-таражға салуда көрінеді.

Жалған кәсіпкерлікке жарғыда көрсетілген қызметті жүзеге асыру мақсатын көздеместен ссудалар, кредиттер алу, пайданы (табысты) салықтардан азат ету (салықтарды азайту) яки басқаша мүліктік мүдде көру мақсатында кәсіпорындар және басқа кәсіпкерлік ұйымдарды құру кіреді.

Субъективтік тараптан қылмыс тек тікелей қаскөйлікпен жасалады.



**Өзгенің мүлкі** дегенде, кінәліге заңды түрде тиісті болмаған мүлік түсініледі.

**Құқыққа қарсы келу** (заңға қайшылық) – иеленіп жатқан мүлікке ешқандай құқығы болмаған кінәлі тұлға тарапынан бұл мүлкінің иеленуі.



## Шығармашылық қызмет

Өзгенің мүлкін талан-тараж ету, басқыншылық, алаяқтық, тонаушылық, ұрлық қылмыстарының әлеуметтік қауіптілік дәрежесін анықтап көр. Мұнда Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 15-бабының ережелеріне үндеу жаса.



Қанағатсыздық талан-тараж жа-саудың қажетті белгісі есептеледі.

**Қанағатсыздық** – бұл өзі үшін яки басқа тұлғалар үшін материалды мүдде өндіру.



Адамның ең үлкен дұшпаны – бұл оның нәпсі.

**Хикмет**

### Шығармашылық қызмет



Өзбекстан Республикасының Салық кодексінен өлкеміз аумағында қандай жалпы мемлекеттік салықтары, жергілікті салықтар мен төлемдер бар екендігін анықта.

Жалған банкроттық қылмысы да дұрыс қасақана жасалады. Бұл қылмыс шаруашылық жүргізуші субъектінің өз міндеттемелерін экономикалық тұрғыдан орындай алмауы жөнінде біле тұрып, шындыққа сай келмейтін хабарландыру беруі кредиторларға көп мөлшерде залал жеткізілуінде көрініс табады.

Салықтар яки басқа еріксіз төлемдерді төлеуден бас тарту қылмысы пайда (табыс) яки салық салына-тын басқа объекттерді қасақана жасыруда, кемейтіріп көрсетуде, сондай-ақ мемлекет тарапынан белгіленген салықтарды яки басқа еріксіз төлемдерді төлеуден қасақана бас тартуда көрініс табады. Қылмыс тікелей қаскөйлікпен жасалады.

Электр, жылулық, газ яки су жабдығынан пайдалану ережелерін бұзу қылмысы жалпы пайдаланудағы электр, жылулық, газ яки су жабдығы тармақтарына өз бетімен жалғану немесе электр, жылулық энергиясы, табиғи газ, мұздай яки жылы суды есепке алу құралдарына, сол тұрғыдан олардың пломбаларына қасақана зиян келтіру, олардың көрсеткіштерін өзгерттіру мақсатында сырттан араласуда көрінеді. Қылмыс тікелей қаскөйлікпен жасалады.

### Шығармашылық қызмет



**Мәтінді оқы, талдау жаса және пікірінді білдір.**

1. А. есімді тұлға электр есептеуішті арқаға сүріп қойды.
2. Г. есімді тұлға көше басынан өткен газ құбырына жасырынша жалғанып, жылулық ханасын жылыта бастады.

## Шығармашылық қызмет



Ойлап көр.

1. Мәтінді оқы және пікіріңді білдір.
2. Мәтінге тақырып қой.
3. Сен оқиға қатысушыларының орнында болғаныңда қандай жол ұстанар едің?
4. Мектебінде қажетсіз жанып тұрған электр шырағын яки ішімдік суын еш өшіріп қойғансың ба?

*Самарқантқа қызмет сапарымен жолға шықтық. Жүргізуші машинаны 100-120 км/сағат жылдамдықта жүре бастады. Артқы орындықта отырған, шамасы 60 жастарды қаралап қалған қария: «Ұлым, машина жылдамдығын асыруың шарт емес, Самарқант еш жерге кетпейді орнында тұра береді», деді. Машина жүргізушісі қарияның сөзінен наразы болғандай бір қарап қойды-да, жылдамдықты азайттырды.*

*Жолда тамақтану үшін тоқтадық. Шайханаға кіре берісте қолымызды жудық, бірақ қол жуғыштың шүмегі бұзылғандығынан суды тоқтата алмадық. Манағы жолдасымыз шүмекті жөндеуге кірісіп кетті. Біз жеңіл тамақтануға үлгердік, қария судың шүмегін жөндеумен әуре еді. Барша машинаға барып отырды, бірақ қария әлі де шүмекті жөндеуден босамаған еді. Жүргізушінің сабыры шыдамады, сияқты, жүкханадан әлдеқандай темір-терсектерді алып, қарияның алдына барды. Біз де ол кісіге көмек беру үшін еріксіз машинадан түстік.*

*Солайша, қол жуғыштың шүмегі жөнделді. Қария қуанышты дауыспен: «Міне, енді су ысырап болмайды», деп күлімсіреп бізге қарады. Біз тағы жолды жалғастырдық.*



Табиғи газ және электр энергиясы қажетті материалды техника ресурстарының стратегиялық түрлері есептеледі.



Жалпы пайдаланудағы электр, жылулық, газ яки су жабдығы тармақтарына өз бетімен, яғни заңда орнатылған тәртіп негізінде өкілетті органның рұқсатынсыз жалған әлеуметтік қауіпті есептеледі.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Берілген жағдайларды талқыла. Олардың ұқсас және өзіне тән тараптарын анықта.
2. Берілген жағдайдағы қылмыстардың белгілерін, объекті мен субъектінің, объектив және субъективті тараптарын анықта.
3. Бұл оқиғалардың қоғам дамуына қандай әсері бар? Олардың алдын алу мүмкін бе еді?

*А) Денау ауданының «Ұлы Жібек жолы» махалласында жасайтын А. С. арызбен құқықты қорғау органдарына шағым жасап, колледж оқытушысы Ж. М. оны 2000 АҚШ долларына Ресейдегі университеттердің біріне оқуға кіргізіп қоюды уәде бергенін айтады.*

*Б) Терміз қаласының ИБ кезекшілік бөліміне қаладағы базарлардың бірінде орналасқан сауда дүкеніне бейтаныс бір қыз келіп, өзін сатып алушыдай тұтып, оны ешкім күзетіп жатпағандығына сенім білдіргеннен кейін, дүкен қатарында тұрған 295 000 сумдық 3 шақты әйелдер көйлегін ұрлап кеткендігі жөнінде хабар келіп түседі.*

*Д) Түнде сағат төрт жарымдар шамасы Ферғана облысының Қостөбе ауданында үш шақты бейтаныс тұлға беттеріне бетперде киген және пышақпен қаруланған түрде, Янгиариқ махалла азаматтар жиыны аумағындағы үйлердің біріне қабырға арқылы асып түсіп, үй иесі Ф. Й. және оның тұрмыс жолдасы С. Й.-лар ұйықтап жатқан бөлмеге бастырып кіреді. Үй иелері оянып қалғандарында Ф. Й.-ді ұрып, тән жарақатын жеткізеді. С. Й. және бұл үйде бірге жасайтын қызы М. Й.-дің аяқ-қолдарын арқанмен байлап, бөлмедегі сандық ішінен 10 млн. сум ақша мен 1,5 мың АҚШ долларлық түрлі зергерлік бұйымдарын алып кетеді.*

**Дерек: Өзбекстан Республикасы ИМ Баспасөз қызметі**

# 15-§ Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар

## Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- ➔ Сыбайлас жемқорлық және оның белгілері.
- ➔ Сыбайлас жемқорлыққа алып келетін жағдайлар: пара алу мен беру, пара алу мен беруде делдалдық жасау.

Негізгі Заңымыз конституциялық жүйе негіздерін бекіткен тәртізде Өзбекстан Республикасында мемлекет билігі Президент, Олий Мәжіліс, Министрлер Кабинеті мен республика соттары тарапынан жүзеге асырылуын белгілеп берген. Мемлекет билігінің жоғары органдары жерлердегі билік органдарын қалыптастырады.

Өзбекстанда мемлекет әкімшілігі әкімшіліктің заң шығаратын, орындаушы және сот тармақтарына бөлінген түрде жүзеге асырылады.

Мемлекет билігі органдары лауазымды тұлғаларынан тыс мүлікшілік формасынан тыс түрде кәсіпорын, мекеме және ұйымдарда өз қызметін жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттері де қылмысқа тартылады.

Кәсіпорын, мекеме мен ұйымдардағы лауазымды тұлғалардың қызметін басқару функциясы беріп қойылған ішкі органдар шеңберінде де алып барылады.

Билік яки лауазым өкілеттігін қиянатшылық жасау қылмысының объекті мемлекет билігі, басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нормалды қызмет көрсетуін қамтамасыз ететін әлеумет-



**Үкімет** дегенде белгілі бір құралдар – жігер, бедел, құқық, мәжбүрлеу, саяси билік, мемлекет органдары жүйесі арқылы адамдар қызметіне, мінез-құлқына әсер ету қабілеті мен мүмкіндігі түсініледі.



Үкіметті яки лауазым өкілеттігіне қиянатшылық жасау, яғни мемлекет органы, мемлекет қатысуындағы ұйым яки азаматтардың өзін-өзі басқару органы лауазымды тұлғасының өз лауазым өкілеттерінен қасақана пайдалануы азаматтардың құқықтарына яки заңмен қорғалатын мүдделеріне немесе мемлекет яки қоғам мүдделеріне зиян жеткізілуі болады.

тік қатынастар, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделері болып табылады.

Қылмыс объективті тараптан төмендегі үш анық белгіден тұрады:

- тұлғаның өз лауазым өкілеттігінен пайдалану көрінісіндегі қылмыс;
- азаматтардың құқықтары яки заңмен қорғалатын мүдделеріне немесе мемлекет яки қоғам мүдделеріне көп мөлшерде залал немесе байыпты залал жеткізу формасындағы қылмыстық салдар;
- қылмыс және келіп шыққан қылмыстық салдар арасында себепті байланыудың бар екендігі.

Лауазымды тұлғаның өз лауазым өкілеттігінен пайдалануы екі формада:

- билік өкілеттігін;
- лауазым өкілеттігін қиянатшылық жасау формаларында көрініс табады.

Билік яки лауазым өкілеттігін қиянатшылық жасаудың субъектив тарапы қасақана жасалуымен сипатталады.

Қылмыс мотивтері қылмыстың құқықтық бағалануына және қылмыстық жауапкерлікке өз әсерін тигізбейді.



Лауазымды тұлғаның мансап беделінен келіп шыққан және бұл тұлға иелеген лауазым өкілеттігіне берілген құқық пен міндеттемелерін жүзеге асырумен байланысты, бірақ өз мазмұны бойынша тиісті органның қызмет алып баруынан көзделген мақсат пен міндеттерге қайшы келетін әрекеттерін лауазым өкілеттігін қиянатшылық жасау деп сипатталады.





2003 жыл Нью-Йоркте қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Жемқорлыққа қарсы Конвенциясы алғысөзінде жемқорлық қоғамды түрлі жолдармен қыспаққа алатын қорқынышты індет екендігі және ол демократия мен құқықтың үстемдік негіздеріне нұқсан келтіруі, адам құқықтарының бұзылуына алып келуі, базарлардың қызметіне тосқауылдық жасауы, өмір сапасын нашарлатуы мен адамдар қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ұйымдасқан қылмыстық, терроризм және басқа оқиғалар тамыр жайып, гүлдеуі үшін жағдай жаратып беруі атап өтіледі.

Пара алу, яғни мемлекет органы, мемлекет қатысуындағы ұйым яки азаматтардың өзін-өзі басқару органы лауазымды тұлғасының өз қызмет жағдайынан пайдаланған түрде жасауы шарт яки мүмкін болған белгілі әрекетті пара беріп жатқан тұлғаның мүдделерін көздеп орындауы яки орындамауы орнына дәл өзі яки делдал арқылы заңға қайшы екендігін біле тұрып, материалды қымбаттылар алуы немесе мүліктік мүдделі болуында көрінеді.

Қылмыс тікелей қаскөйлікпен жасалады. Жемқорлық – билік пен басқару негіздерін бұзатын, оның тұрғындар алдындағы абыройына зақым жеткізетін, азаматтардың залал құқық пен мүдделеріне қатынас білдіретін қауіпті қылмыстық оқиғаның көп таралған және өзіне тән оқиғасы есептеледі.

Қылмыс объекті – мемлекет билігі мен басқару органдары қызметінің орнатылған тәртібі.

Заң түсінік беріліп жатқан қылмыс предметін лауазымды тұлғаның өз қызмет жағдайынан пайдаланған түрде жасауы шарт яки мүмкін болған



Лауазымды тұлғаның өз лауазым ұстанымынан азаматтар, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қарсы қасақана пайдалануын билік өкілеттігіне қиянатшылық жазау деп аталады.



Мемлекет билігі органдарының нормалды қызметін бұзу арқылы кінәлі тұлға мемлекет билігіне қолсұғушылық жасаған болады.



Пара тек қана заңсыздық пен залымдарға көмек береді.

**Махмұд  
Земахшари**



Лауазымды тұлғаның лауазым жағдайынан келіп шыққан және бұл тұлға иелеген лауазымын өкілеттігіне берілген құқықпен міндеттемелерді жүзеге асырумен байланысты, бірақ өз мазмұны бойынша тиісті органның қызмет алып баруынан көзделген мақсатпен міндеттерге қайшы келетін әрекеттерін лауазым өкілеттігін қиянатшылық жасау деп сипатталады.



Пара өңделіп кеткен жұмыстарды бұзады, бітіп жатқан жұмыстарды бұзады.

**Жүсіп Хас  
Хажиб**

белгілі әрекетті пара беріп жатқан тұлғаның мүдделерін көздеп орындауы яки орындамауы орнына дәл өзі яки делдал арқылы заңға қайшы екендігін біле тұрып, материалды бағалы заттар алуы немесе мүліктік пайда көру түсінілетін «пара» атауымен белгілейді.

Кез келген материалды бағалы заттар: ақша, шетел валютасы, қымбат бағалы бұйымдар, қымбат бағалы қағаздар, азық-түлік яки өнеркәсіп өнімдері мен басқалар пара предмети болуы мүмкін.

Пара алудың субъектив тарапы – дұрыс кек: кінәлі (пара алушы) материалды бағалы заттар яки мүліктік пайда оған өзінің қызмет жағдайынан келіп шығып пара берушінің мүддесінде бірер-бір әрекетті жасау яки етпеу үшін пара ретінде беріліп жатқандығын біледі және мұны қалайды.

Пара беру қылмыстың объекті және предмети – пара беру – пара алу қылмысының құрамы белгілерімен бірдей.

Қылмыстық объективті тараптан лауазымды тұлғаға тікелей яки делдал арқылы пара беруде көрінеді.

Пара беру, лауазымды тұлғаның өз қызмет жағдайынан пайдаланған түрде жасауы шарт яки мүмкін болған белгілі әрекетті пара берген тұлғаның мүддесін көздеп орындауы яки оның мүліктік мүдделі болуында көрінеді.

«Жалған делдал», яғни лауазымды тұлғаға пара беру қажеттілігін көрмеге қойып, бірер адамнан пара алған, бірақ алдау жолымен оны меңгерген тұлға қулық үшін жауапкерлікке тартылады. Пара берген тұлғаның әрекеттері пара беруге қастандық ретінде квалификация жасалады.

Пара беру арқылы әрекет яки әрекетсіздікке қол жеткізу үшін басқа тұлғаға пара ұсынған тұлға пара

беруші ретінде жауапкерлікке тартылады. Пара орнына белгілі әрекеттерді орындауға келіскен тұлға мен параны тапсырған тұлға пара беруде қатысушылар ретінде жауапкерлікке тартылады.

Пара алушы мен берушіден айырма түрде, делдал материалды қымбат бағалылар және басқалар орнына өз мүдделері жолында лауазымды тұлғамен бір әрекетті орындау яки орындамау үшін әрекет етпейді, бәлкім тек қана пара алушының нұсқауымен пара предметін тікелей береді. Пара алу-беруді ұйымдастырушы тұлға, бастамашылық яки жәрдемдесіп, бір уақыттың өзінде делдалдық етсе, пара берген яки алғандықта қатысушылық жасағандығы үшін жауапкерлікке тартылады.

Субъектив тараптан қылмыс тікелей қаскөйлікпен жасалады. Кінәлі оның әрекеттері пара алу-беру жөніндегі келісіміне қол жеткізу және пара алушы мен берушінің тапсырмасымен пара беруге бағытталғандығын біледі және мұны қалайды.

## Сұрақ пен тапсырмалар

1. Лауазымды тұлғаның өз өкілеттерінен заңға қайшы тәрізде пайдалануы қандай әрекеттерде көрінеді?
2. Билік яки лауазым өкілеттігін қиянатшылық жасаумен лауазым өкілеттігін қастандық жасау жолымен меңгеру яки ысырап жолымен талан-таражға салу қылмысы арасында қандай айырмашылықтар бар?
3. Пара беру мен пара алудың қандай жалпы тараптары бар?
4. Пара берудің қызметшіні параның орнына аударудан айырмашылығы неде?



Пара – пара берушінің мүдделерінде белгілі әрекеттер жасау берілген заңға қайшы сыйлық болып есептеледі.



Лауазымды тұлға тарапынан өз лауазым жағдайынан пайдалану дегенде тек қана лауазымды тұлға өкілеттігіне кіретін әрекеттерді жасау, бәлкім пара беруші мүдделерінде басқа лауазымды тұлғаларға әсер ету арқылы олардың өкілеттерінен пайдаланған түрде белгілі әрекеттер жасау да түсініледі.

# 16-§ Қоғам қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар



Еңбекті қорғау ережелерін бұзу техника қауіпсіздігі, өнеркәсіп санитариясы яки еңбекті қорғаудың басқа ережелерін осы ережелерін сақтауы үшін жауапты болған тұлға тарапынан бұзылуы түсініледі.

## Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Еңбекті қорғау ережелерін бұзу.
- Санитарияға тән заң құжаттарын яки эпидемияға қарсы күрес ережелерін бұзу.
- Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу.

## Еңбекті қорғау ережелерін бұзу

Бұл қылмыстың объекті, мүлікшілік формасынан тыс, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдарда істеп жатқан тұлғалардың еңбек жағдайларын тәртіпке салатын әлеуметтік қатынастар есептеледі.

Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдарда тек қана тұрғылықты істеп жатқан тұлғалар емес, бәлкім уақытынша істеп жатқан тұлғалар да жәбірленуші болуы мүмкін.

Қылмыстық объектив тараптан орташа яки ауыр тән жарақатын жеткізілуіне себеп болған:

- техника қауіпсіздігі;
- өнеркәсіп санитариясы;
- еңбекті қорғайтын басқа ережелердің бұзылуынан тұрады.



Әрбір тұлға еңбек ету, еркін кәсіп таңдау, әділетті еңбек жағдайларында істеу және заңда көрсетілген тәртіпте жұмыссыздықтан қорғалу құқығына ие.

**Өзбекстан Республикасының Конституциясының 37-бабы**

Субъектив тараптан қылмыс кінәнің пиғыл яки абайсыздық формалары арқылы жасалады.

Қылмысты жасау мотиві және одан көзделген мақсат қылмысты квалификация жасауға әсер етпейді.

## Санитарияға тән заң құжаттарын яки эпидемияға қарсы күрес ережелерін бұзу

Қылмыстың объекті қоғам қауіпсіздігі, адамдардың өмірі мен денсаулығы.

Объектив тараптан қылмыс адамдардың жаппай сырқаттануына яки улануына алып келген:

- ➔ санитарияға тән заң құжаттарын;
- ➔ эпидемияға қарсы күрес ережелерін бұзуда көрінеді.



### Шығармашылық қызмет

Берілген жағдайларды мұқияттылықпен оқы және тақырыппен байланыстыр. Оқиғалардың алдын алу үшін не істеу керек?

1. Ферғана облысы Тошлоқ ауданында жасайтын азамат Ш.А.-ның үйінде тұрмыстық газ балонынан абайсыздықпен пайдалану салдарында өрт шығып, үйдің 100 кв. метр майданындағы төбесі, шифр бөлігі және үй жиһаздары жанып залалданған.
2. Наманган облысының Наманган қаласында жүргізуші Ш.Қ. басқаруында болған «ГАЗ-53» модельді жүк автомобилінің газ жабдықтары жөнделмегендігі нәтижесінде өрт шыққан. Өрт салдарында жүргізуші Ш.Қ. және жолаушысы Б.Қ. тән жарақатын алып, ауруханаға жайғастырылған.
3. Ташкент облысында жайласқан жасауапкершілігі шектелген қоғамға тиісті лак-бояу өнімдерін істеп шығару цехында өрт шықты.
4. Ташкент қаласының Үштөбе ауданында жасайтын азамат С.Т.-ның малханасында электр сымдарының қысқа тұтануы нәтижесінде өрт шығып, малхананың 30 кв. метр майданда және көрші үйдің 90 кв. метр майданында там бөліктері жанып залалданған.



Жаппай наукастану дегенде белгілі бір аймақтағы көп санды кісілердің белгілі бір уақыт ішінде наукастануын түсіну қажет.

Бұл бап диспозициясы бланкетті болып, әрбір түрде санитарияға тән заң құжаттары яки эпидемияға қарсы күрес ережелерінің қайсы бөлімі бұзылғандығы жеке анықтауы шарт.

Субъектив тараптан қылмыс қасақана яки абайсыздық артынан жасалады.

## Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу

Қылмыстың объекті өрт қауіпсіздігі, яғни адамдардың, қоғам мен мемлекет мүлкінің өрттен қорғағандық жағдайы есептеледі.

Объектив тараптан қылмыс өрт қауіпсіздігі ережелерінің осы ережелер орындалуы үшін жауапты болған тұлға тарапынан бұзылуы денеге орташа яки ауыр жарақат жеткізілуіне алып келуінде көрінеді.



Өрт қауіпсіздігі ережелері – өрттің алдын алуға қаратылған талаптар, мөлшерлер мен стандарттарды сақтау тәртібін белгілейтін белгілі ережелер жиынтығы.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Еңбекті қорғау ережелерін бұзу қандай құқықтық салдарға алып келеді?
2. Жаппай ауру дегенде нелер назарда ұсталады? Пікірінді бекіту үшін мысадар келтір.
3. Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу қылмысының субъектив тараптарын түсіндір.
4. Еңбекті қорғау, санитарияға тән заң құжаттарын, эпидемияға қарсы күрес, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу қылмыстары қасақана яки абайсыздық нәтижесінде жасалған есептеледі.

# 17-§ Ақпарат технологиялары саласындағы қылмыстар

## Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Ақпараттан еркін пайдалану құқығы.
- Ақпараттандыру ережелерін бұзу. Компьютер ақпаратынан заңға қайшы түрде (рұқсатсыз) пайдалану.
- Компьютер жүйесінен заңға қайшы түрде (рұқсатсыз) пайдалану үшін арнайы құралдарды өткізу мақсатын көздеп дайындау немесе өткізу және тарату.

## Ақпараттан еркін пайдалану құқығы

Қазіргі күнде ақпарат қоғам өмірін құрудың қажетті факторларының біріне айналып баруда. Дегенмен, адам қызметінің ақпарат алу және оны қайта істеу процестерімен байланысты болмаған бірер бір тармағы қалмаған. Жылдам қарқындармен дамып бара жатқан қазіргі дүниеде азаматтардың жаңа жағдайларға бейімделулеріне көмектесу, оларға болып жатқан оқиғалар, процестер, жайттар туралы ақпарат беріп бару, сондай-ақ азаматтар, элеуметтік институттар мен мемлекет билігі органдары арасында тиімді қатынастар жүйесін орнатуға жағдай жаратуда, ең алдымен, азаматтардың ақпараттан пайдаланумен байланысты конституциялық құқықтарын жүзеге асыру және кепілдік беру мәселесі қажетті маңызға ие.

Ақпарат тек қана белгілі мәліметтерден тұратын объект, мәселен, мақала яки хабар ретінде, бәлкім



Өзбекстан Республикасының «Ақпарат еркіндігі принциптері мен кепілдіктері туралы» Заңын мұқияттылықпен оқып шық және ондағы «Ақпарат еркіндігіне» назар аудар.



**Ақпарат** – адам өз сезім органдары арқылы қабылдайтын барша сигналдар жиынтығы деу.





Ақпараттан еркін пайдалану құқығы адамның дүниеге келуімен оған берілетін, заңмен тыю салынбаған кезкелген ақпаратты алу, сақтау, тарату, жаңалау мүмкін болған фундаментал және кешенді құқығы. Табиғи, мұндай жағдай басқа тұлғалар, мемлекет пен қоғамның ақпарат бойынша қауіпсіздігіне зиян жеткізілмеуі қажет.



субъектің өзі үйреніп жатқан объектпен өзара байланыс жасау процесі ретінде де түсінуі шарт.

XX ғасырдың ақырына келіп, ақпарат қоғамда табиғи, қаржылық, еңбек және басқа ресурстарға да күшті және сезілерлі еркін әлеуметтік-саяси оқиға ретінде көрініс таба бастады.

Ақпарат «кім», «қашан», «не», «қай жерде», «қанша», деген сөздермен басталатын сұрақтарға жауап көрінісінде пайда болады.

Білім өз кезегінде «қандай» деген сөзбен басталатын сұрақтарға жауап көрінісінде пайда болады. Демек, Ақпараттан пайдалану білім алудың өзгерген формасы.



...Әркім пікірлеу, сөз және наным еркіндігі құқығына ие. Әркім өзі қалаған ақпаратты іздеу, алу және оны тарату құқығына ие, амалдағы конституциялық жүйеге қарсы қаратылған ақпарат және заңмен белгіленген басқа шектеулер бұдан тыс.

**Өзбекстан Республикасының  
Конституциясының 29-бабынан**

## Ақпараттандыру ережелерін бұзу

Өзбекстан Республикасының Конституциясы азаматтардың ақпаратқа болған құқықтарына иелік еткен түрде, оның негізгі мазмұнын бірнеше нормаларда белгілеп береді. Бірақ кейде берілген құқықтан дұрыс пайдаланбау салдарында да құқықтық жауапкершіліктер келіп шығады. Мәселен, компьютер жүйесінен пайдалануға рұқсаты болған тұлға тарапынан бұл жүйеден пайдалану ережелерінің бұзылуы салдарында компьютердегі ақпарат жоғалса, тосып қойылса, компьютер құрылғысының жұмысы бұзылса, ол Әкімшілік жауапкершілік туралы кодекстің 155<sup>1</sup>-бабына сәйкес жауапкерлікке тартылады. Хат-жазысулар, телефонда сөйлесу, телеграф хабарлары яки басқа хабарлардың сыр сақталуы тәртібін бұзу қылмыстық жауапкерлікке тартуға негіз болуы мүмкін. Мұндай қылмыс тек қана қасақана жасалады. Қылмыстың жасалу мотиві мен бұдан көзделген мақсат



*Ақпарат – бұл біздің сыртқы дүниеге бейімделу процесінде одан алатын мәліметтерді өзінде көрініс тапқан түсінік.*

**Н. Винер,**  
**Кибернетика пәнінің негізін салушылардың бірі**



Құпия ұсталған пән-техника, істеп шығару, экономика, саудаға тән яки басқа осы сияқты ақпаратты иесінің келісімінсіз жариялау яки одан пайдалану мақсатында әр түрлі әдісте топтау және қылмыстық жауапкерлікке тартылу үшін негіз болуы мүмкін.

## Халықаралық құқық



Ешкім адамның жеке яки жанұялық өміріне өз бетімен араласуы, адамның үй-жайы дербестігіне, оның хаттарындағы құпияларына яки ар, намысы мен құрметіне өз бетімен және басқыншылық жасауы мүмкін емес. Әрбір адам міне сондай араласу яки басқыншылықтан заң жолымен қорғалу құқығына ие.

**Адам құқықтары жалпыдүние декларациясы,**  
**12-бап**



### 155-бап. Ақпараттан пайдалану ережелерін бұзу

Ақпарат жүйесінен пайдалану мақсатында оған рұқсатсыз кіріп алуға көрсетілген ақпарат және ақпарат жүйелерінен пайдалану ережелерін бұзу — азаматтарға ең кем жалақының үштен бір бөлігінен бір есеге дейін, лауазымды тұлғаларға — бір есесінен үш есеге дейін мөлшерде айыппұл салуға себеп болады.

Ақпарат жүйелерінің ісін бұзуға алып келген дәл сондай құқықбұзушылық, дәл сондай-ақ кіру шектелген ақпарат жүйелерін ақпарат-есептеу тармақтарына жалғау барысында тиісті қорғау шараларын көрмегендік — азаматтарға ең кем жалақының бір есесінен үш есеге дейін, лауазымды тұлғаларға — үш есесінен бес есеге дейін мөлшерде айыппұл салуға себеп болады.

Заңды және жеке тұлғалардың ақпарат жүйелерін халықаралық ақпарат тармақтарына заңға қайшы түрде жалғау, бұл тармақтарда тиісті қорғау шараларын көрместен жалғану, сондай-ақ олардан мәліметтерді заңға қайшы түрде алу — азаматтарға ең кем жалақының екі есесінен бес есеге дейін, лауазымды тұлғаларға — бес есесінен жеті есеге дейін мөлшерде айыппұл салуға себеп болады.

Өзгенің электрон есептеу машиналары үшін жаратылған бағдарламасы яки мәліметтер базасын өз атынан шығару немесе заңға қайшы түрде одан нұсқа алу яки мұндай шығармаларын тарату — азаматтарға ең кем жалақының бір есесінен үш есеге дейін, лауазымды тұлғаларға — үш есесінен бес есеге дейін мөлшерде айыппұл салуға себеп болады.

**Әкімшілік жауапкершілік туралы кодекс**



оның квалификациясы үшін маңызға ие емес. Аталмыш қылмыстың объекті азаматтардың хат-жазысулары, телефондағы сөйлесулері, телеграф яки басқа хабарларының құпия сақталуына болған конституциялық құқықтары есептеледі.

## Шығармашылық қызмет




1. Төмендегі оқиғаны оқы. Оқиға қатысушыларының қызметіне құқықтық баға бер.
2. Кімнің қандай құқықтары бұзылған?
3. Сен сондай оқиғаға куәгер болсаң, қандай жол ұстанар едің?

*Үлкен үзіліс уақытында Надыра өзінің «Әдебиет» оқулығы үйде қалып кеткендігінен досы Гүлнарадан оқулығын беріп тұруды сұрады. Гүлнара асханаға бара жатқандығын айтып, сөмкесінен алуға рұқсат берді. Надыра досының сөмкесіндегі әдемі безетілген дәптерді көріп қалды және оны алып оқыды. Бұл дәптер қыздың жан дәптері болып, оған өзінің басынан өткендері мен өлеңдерін жазатын. Гүлнара асханадан қайтқанында, сыныптағы барша қыздар бір болып бір нәрсені оқитын, кейбіреулері мазақтап күлетін, басқалары: «Вай, жақсы өлең жазр екен», деп қоятын. Гүлнара қыздарға жақындасып, олардың қолында өзінің жан дәптерін көрді.*

*Оның беттері қызарып, дауылдап жана бастады, жүрегі тез-тез ұратын, аяғында күші қалмады.*

*Қолымен бетін жасырса, дәл баршасы өтіп кеткендей, қолын еріксіз бетіне алып барды. Гүлнара терең бір тыныс алды. Аяқтарына бірден жан бітіп, оны Надыра тарапқа бастады.*

*Гүлнара досының қолындағы оқулықты тартып алар екен, бетіне шапалақ тартып жіберді-де: «Ұятсыз, мен саған сеніпін зой» деді...*





Объектив тараптан қылмыс тұлғалардың пошта-телеграф хабарлары яки телефонда сөйлесуінің мазмұнымен заңға қайшы танысуында немесе азаматтардың хаттары, телеграммалары, телефакс, электрон пошта және басқалар арқылы жіберіліп жатқан мәліметтерді осы ақпараттар иесінің келісімінсіз жариялануында көрінеді.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Хат-жазысулар, телефонда сөйлесу, телеграф яки басқа хабарлардың құпия сақталуы тәртібін бұзу дегенде нені түсіндің?
2. Берілген суреттерді ақпарат десек олардан қайсылары үшін жауапкершілік белгіленуі мүмкін.
3. Ақпараттарды жақсы және жаманға ажырату мүмкін бе? Пікірінді сипаттап бер.
4. Ақпарат қауіпсіздігі мәселесі мен жаһандану арасында қандай байланыстылық бар?
5. «Ақпарат шабуылынан» Сен қалай қорғалғансың?
6. Жанұяңа тиісті болған мәліметтер қорғалуы шарт деп есептейсің бе? Не үшін?
7. Саған бір танысыңнан хат келді. Хатты алғаныңда конверт кім тарапынан ашылғандығын біліп қалдың. Қандай жол ұстанған болар едің?
8. Саған кімнен хат келіпті. Бірақ пошташы мекен-жайды адастырып хатты сенің пошта құтыңа қалдырыпты. Сен қандай жол ұстанған болар едің?

## III бөлім. ҚАРЖЫ ҚҰҚЫҒЫ

### 18-§ Өзбекстанда қаржы-кредит жүйесі

#### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Конституция қаржы-кредит құқығының негізгі көзі.
- Қаржы және мемлекет қаржылық қызметі.

#### Конституция қаржы-кредит құқығының негізгі көзі

Қаржы құқығы тәуелсіз құқық тармағы есептеледі. Қаржы құқығы Өзбекстан Республикасы заң құжаттарының тиісті саласы ретінде тіркеледі. Қаржы құқықтық нормалары жәрдемінде мемлекет тарапынан қаржылық жүйе әрекетке келтіріледі және одан пайдаланылады. Бұл сала түрлі құқық салаларымен тәртіпке салынады.

#### Құқық тарихынан



Қаржының жүзеге асуы тауар-ақша қатынастарының дамуы мен мемлекеттің өз функцияларын орындауы қаржылық ресурстарға болған қажеттілігімен байланысты. Алғаш бұл атау XII-XV ғасырларда Италияда пайда болды. Генуя, Венеция, Флоренция сияқты қалалар сауда, ақша есептері мен банктерінің қызметінде мәмілеге енгізілді. Кейіннен оны мемлекет тарапынан өз міндеттерін шешу үшін бағытталатын ақша қатынастары жүйесі, ақша қорларын пайда етумен байланысты түсінік ретінде қолдана бастады.



Қаржы ақша қаржылары қорларын жарату және олардан пайдалану процесіндегі әлеуметтік қатынастарды көрсететін экономикалық категориялар болады.





Қаржы жалпы мемлекет қажеттіліктерін қаржыландыру үшін қажет болған ақша қаржылары қорларын жарату, бөлу және олардан пайдаланумен байланысты болған экономикалық қатынастар жүйесі.



Мемлекет қаржылық қызметі дегенде орталықтанған және орталықтанбаған ақша қорларды мақсатқа сәйкес және жоспарлы құру, оны бөлу және пайдалануды түсінеміз.

Қаржы ақша қаржылары қорларын жарату және олардан пайдалану процесіндегі әлеуметтік қатынастарды көрсететін экономикалық категориялар болады.

Қаржы саласы қаржы құқығын бүтіндей қамтып алса да, қаржылық жүйенің түрлі сатыларында оның нормалары түрліше қолданылады. Дегенмен, қаржы құқықтық предметін — мемлекет және әкімшілік-аумақтық құрылымдарының қаржысы құрайды. Қаржы құқығы қаржылық жүйенің басқа буындарымен тығыз байланысты.

Қаржы ұғымы өте кең болып, өз мазмұнына сәйкес, экономикалық категориялардың бірі есептеледі. Мұндай категорияларға «ақша», «пайда», «өзіндік құн» сияқты басқа экономикалық түсініктер де кіреді. Бұлар категорияның мазмұнын және қоғам дамуындағы рөлін белгілейтін түрліше міндеттерін орындайды.

Мемлекет және жергілікті билік органдары ақша қорларында қаржыларды жинау және одан пайдаланумен байланысты болған қатынастар қаржы құқығымен тәртіпке салынады.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы қаржылық заң құжаттарының негізгі арқауын құрайды. Мемлекет қаржылық қатынастар мен қызметін құқықтық тәртіпке салудың негіздері Конституциясының XXV «Қаржы және кредит» бабында бекітілген.

Өзбекстан Республикасы қаржы жүйесі төмендегі буындарынан құралған:

а) мемлекет бюджеті, оның құрылымына кіретін республика бюджеті, Қарақалпақстан Республикасы бюджеті мен жергілікті бюджеттер;

ә) мемлекет мақсатты қорлары мен бюджеттен тыс қорлар;

б) қожалық жүргізуші субъекттер мен экономика тармақтары қаржысы;

в) кредит (мемлекет кредиті және банк кредиті);

г) мүлікті сақтандыру және жеке сақтандыру.



## Мемлекет қаржылық қызметі

Мемлекет өз алдында тұрған міндеттерді орындау процесінде белгілі бір қызмет түрін жүзеге асырады. Қаржылық қызмет процесінде жүзеге асатын құқықтық қатынастарды қаржы құқығы тәртіпке салады.

Аталмыш қатынастарды төмендегі топтарға бөлуге болады.

- 1) Мемлекет пен әкімшілік-аумақтық құрылымдардың бюджет саласындағы қызметі;
- 2) Мемлекет пен әкімшілік-аумақтық құрылымдардың салық саласындағы қызметі;
- 3) Мемлекет пен әкімшілік-аумақтық құрылымдардың кредит саласындағы қызметі;
- 4) Мемлекет пен жергілікті кәсіпорындардың қаржылық қызметі;
- 5) Ықтиярсыз сақтандыру саласындағы мемлекет қызметі;
- 6) Мемлекет пен жергілікті органдардың бюджеттен тыс қорлар саласындағы қызметі.

Мемлекеттің қаржылық қызметі мемлекет мойнындағы функциялардың орындалуын жабдықтау жолында ақша қаржыларын топтау, бөлу (қайта бөлу) саласындағы шаралардан тұрады. Бұл қызмет қаржылық қаржыларды топтау және қаржылық қаржыларды жұмсау арқылы жүзеге асырылады.

Қаржылық қаржыларды жұмсау үшін қаржыландыру және кредиттендіру әдістері қолданылады.

Қаржыландыру негізінде негізінен бюджет ұйымдарына мемлекет бюджетінен ақша қаржылары қайтарылмау негізінде ажыратылады.

Кредиттендіру негізінде ажыратылған ақша қаржылары кәсіпорын, ұйым мен азаматтар тарапынан белгілі уақытқа дейін қайтарылуы шарт.



### Орталықтанған қорлар

республика, облыстар, аудандар қорларынан құралып, олардан тек қана осы аймақтардың қажеттіліктері үшін ғана пайдаланылады.

### Орталықтанбаған қорлар

кәсіпорын мен ұйымдар ақша қорлары болып, олар істеп шығару және басқа әлеуметтік мақсаттарға істетіледі.

## Шығармашылық қызмет



Экономикалық білім негіздері пәнінен алған білімдеріңе таянып төмендегі сұрақтарға жауап беруге әрекет жаса.

1. Мемлекетімізде қандай салықтар енгізілген?

2. Ықтиярсыз төлемдер дегенде нені түсінесің?

Қандай ықтиярсыз төлемдерді білесің?

Ақша қаржысы белгілі мерзімге, белгілі сомада қайтару шартымен ажыратылады.

Мемлекеттің қаржылық қызметі төмендегі бірнеше принциптер негізінде жүзеге асырылады:

- заңдылық принципі;
- қаржылық қызметті жүзеге асыруда демократиялық принципі;
- қаржылық қызметті жүзеге асыруда азаматтардың және еңбек қоғамдарының қатысу принципі;
- ұлттық саясат принципі.

Өзбекстан мемлекетінің қаржылық қызметі — бұл Өзбекстан Республикасында әлеуметтік, экономикалық, мәдени салалардағы міндеттерді жүзеге асыру, мемлекеттің қауіпсіздігі мен қорғанысын жабдықтау мақсатында ақша қорларын жоспарлы құру, оны бөлу және одан мақсатқа сәйкес пайдалану.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Өзбекстан Республикасы қаржы жүйесі буындарын түсіндіріп бер.
2. Құқық жүйесінде қаржы құқығының ұстанған орны неде?
3. Қаржы құқығы қандай қатынастарды тәртіпке салады?
4. Мемлекет өзінің қаржылық қызметін қалай жүзеге асырады?
5. Сенің өміріңде мемлекеттің қаржылық қызметі қалай көрініс табады?
6. Білім саласында мемлекет қандай қаржылық қызметті жүзеге асырады?
7. Өзбекстан Республикасы қаржылық қызметі ұғымы.
8. Ақша қаржыларын топтау және оның түрлері.
9. Ақша қаржыларын бөлу және оның түрлері.

# 19-§ Қаржылық-құқықтық қатынастар

## Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Қаржылық-құқықтық қатынастар ұғымы және олардың өзіне тән ерекшеліктері.
- Қаржылық-құқықтық қатынастардың түрлері.
- Қаржы құқығы субъекттері ұғымы мен жүйесі.

## Қаржылық-құқықтық қатынастар ұғымы мен олардың өзіне тән ерекшеліктері

Қаржылық-құқықтық қатынастар құқықтық қатынастардың белгілі бір түрін құрайды. Осы қатынаспен кез келген құқықтық қатынасқа тән болған жалпы нәрселер оған да тиісті.

Қаржылық-құқықтық қатынастар кейбір өзіне тән ерекшеліктерге де ие болып, бұл ерекшеліктер оларды құқықтық қатынастардың басқа түрлерінен ажырату үшін мүмкіндік береді.

Бұл ерекшеліктер олардың жүзеге асу саласы (мемлекет қаржылық қызметі), қаржылық-құқықтық тәртіпке салудың өзіне тән екендігі (мемлекет қаржылық қызметін жүзеге асыратын орган ерік-жігерінің императивтігі және біржақтылығы), құқықтық тәртіпке салу объекті сияқтылармен белгіленеді.

Қаржылық қатынастардың негізгі ерекшеліктері төмендегілерен тұрады:

— *біріншіден*, қаржылық-құқықтық қатынастар тек қана мемлекет ақша қорларын жоспарлы жарату, бөлу және олардан пайдалану процесінде жүзеге асады;



Қаржылық-құқықтық қатынас – бұл мемлекет қаржылық қызметінде жүзеге асатын, мүлтік ерекшелікке ие болған қаржылық-құқықтық нормамен тәртіпке салынған әлеуметтік қатынас.



Қаржылық-құқықтық қатынастар барша уақыт ақша қаржылары есесіне жүзеге асады.

— *екіншіден*, қаржылық-құқықтық қатынастар көбінесе мүліктік қатынастардың түрлерінен есептеу, себебі бұл қатынастар объекті ретінде ақша қаржылары қатысады;

— *үшіншіден*, қаржылық-құқықтық қатынастар тараптарының бірі ретінде барша уақыт мемлекет яки оның өкілетті органы қатысады.

## Қаржылық-құқықтық қатынастардың түрлері. Қаржы құқығы субъекттері ұғымы мен жүйесі

Қаржылық-құқықтық қатынастардың бірнеше түрлерін ажыратып көрсету мүмкін. Мәселен, қаржы жүйесінің тиісті буынына қарап, бюджет, салық, мемлекет кредитін құрастыру бойынша, сақтандыру, ақша айналымы және есептер, валютаны тәртіпке салу сияқты құқықтық қатынастар және басқа.

Қаржылық-құқықтық қатынастарды материалды және процессуалды құқықтық қатынастарға ажырату қабылданған.



Қаржылық-құқықтық қатынастарды белгілейтін ерекшелігі мынан тұрады, яғни, олар негізінен мемлекет пен әлеуметтік өмірдің арнайы саласында, яғни мемлекеттің дәл қаржылық қызметі саласында құралады.

## Шығармашылық қызмет



Қаржылық-құқықтық қатынастардың негізгі объекті есептелген қаржылық қызмет тікелей және тікелей мемлекеттің қалау-еркі және мүдделерін көрсетеді.

1. Мемлекеттің ерік-жігері мен мүдделерін көрсетеді, дегенде нені түсіндің?
2. «Мемлекеттің ерік-жігері» сөзін Өзбекстан Республикасы Конституциясының 2-бабымен байланыстырып түсіндір.

Материалды қаржылық-құқықтық қатынастар қаржы құқығы субъекттерінің қаржылық-құқықтық нормалар материалдарында бекітілген құқық пен міндеттемелерін жүзеге асыру құралы есептеледі.

Процессуалды қаржылық-құқықтық қатынастар мемлекет ақша қорларын бөлу тәртібі, олардан пайдалануды бақылау жасау форма мен әдістерін белгілеу қатынасымен жүзеге асады.

Қаржылық-құқықтық қатынастар өз объектеріне ие. Бұл объектілер, ең алдымен, ақша және ақша міндеттемелері, бірақ тек қана мұнымен шектелмей, ақша қаржыларының жиналуы мен жұмсалуды қамтамасыз ететін тәртіп-ережелер, қаржылық қатынас қатысушыларының заң шеңберіндегі іс-әрекеті де кірітілуі мүмкін.

Қаржылық-құқықтық қатынастар екі жақты қатынас болып, онда міндеттемелердің орындалуын баршадан да әрдайым талап ету өкілеттігіне ие болған мемлекет (оның қаржы, салық, кредит мекемелері), екінші тараптан қаржылық-құқықтық нормалар қаратылған басқа тұлғалар (мемлекет пен қоғам басқармалары, заңды және жеке тұлғалар) қатысады.

Қаржылық-құқықтық қатынастар – қатынас объекті, қатынас субъекті, қатынас мазмұнын құрайды.



Ақша қатынастары орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қаржылары қорларын жарату және олардан пайдаланумен байланысты түрде жүзеге асады.



Қаржылық-құқықтық қатынастар мемлекет билігі ерекшелігінсіз бар болуы мүмкін емес.



Дэл қандай қатынастарда мемлекет қаржы құқығының субъекті бола алады? Сұраққа жауап беруде Өзбекстан Республикасының Конституциясы баптарынан пайдалан.

Қаржы құқығы нормалары талаптары қаржылық-құқықтық қатынастардың көп түрлілігі арқылы жүзеге асып, бұл қатынастардың тиісті субъекттерінсіз яки қатысушыларынсыз олардың бар болуы мүмкін емес.

Қаржы құқығында дәстүрлі түрде қаржы құқықтық субъекттерінің үш негізгі тобы ажыратылады.

**1. Әлеуметтік-аумақтық құрылымдар** — Өзбекстан Республикасы мен оның әкімшілік аумақтық бірліктері. Бұл орында олар қаржылық-құқықтық қабілет иелері есептеледі.

Аталмыш бірліктер қаржы құқықтық субъекті ретінде көбірек Өзбекстан Республикасы

Конституциясы, «Бюджет жүйесі туралы» және «Жергілікті мемлекет билігі туралы» заңдарда бекітілген бюджет қатынастары саласындағы өкілеттіктерін жүзеге асыруда көрініс табады. Осылайша дәл осы субъекттерге мемлекет пен жергілікті бюджет құқығы бекітіліп берілген. Кейбір құқықтық қатынастарда тек қана мемлекеттің өзі қаржы құқықтық субъекті ретінде қатысуы мүмкін.





**2. Қоғам субъекттері** — мемлекет қаржылық қызметі саласында тиісті заңды міндеттемелер мен құқықтар жиынтығын алу қабілетіне ие болған және олардың іс-жүзінде жүзеге асуы мүмкін емес. Демек, мемлекет органдары қаржылық-құқықтық қатынастардың мәжбүрлі қатысушылары қатарына кіріп, бұл қаржылық қызметтің мемлекет-билік ерекшелігі және оның құқықтық тәртіпке салу әдісінің өзіне тән екендігімен белгіленеді.

Қаржы құқықтық қоғам субъекттерінің ең көп санды тобын атқару комитетінің мемлекет органдары құрайды.

**3. Жеке субъекттер** — Өзбекстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары мен азаматтығы болмаған тұлғалар болып, олар тең қаржылық-құқықтық субъектілікке ие және осы қатынаспен заңдылықта жеке тұлғалар ретінде белгіленеді. Қаржы құқығы субъекттерінің бұл тобы негізінен салықтар мен алымдарды төлеуге тиісті қатынастарда қатысады. Осылайша жеке тұлғалар табыс салығы, жер салығы, мал-мүлік салығы мен заңдарда назарда ұсталған басқа салықтар және алымдарды төлеушілер есептеледі.



Өзбекстан Республикасының Конституциясының 100- және 122-баптары оқы және берілген мәтінмен сәйкестендір.



Мемлекет атқару органдары тізімін қалыптастыруға әрекет жаса.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Қаржылық-құқықтық қатынас қатысушылары кімдер?
2. Қаржылық қатынастардың негізгі ерекшеліктері неден тұрады?
3. Жеке тұлғалар қашан қаржылық-құқықтық қатынас қатысушылары болуы мүмкін?
4. Мемлекет қандай жайттарда қаржылық-құқықтық қатынас қатысушысы болады?



# 20-§ **Өзбекстан Республикасы мемлекет бюджеті мен бюджет құқығы**



**Бюджет құқығы** – қаржы құқығының бір бөлігі болып, мемлекеттің бюджет құрылуын, түрлі дәрежедегі бюджеттерді, олардың табыс бөлігін қалыптастыру және бюджет қаржыларының жұмсалуды, сондай-ақ жалпы мемлекеттің бюджет-қаржы саясатын қалыптастыру және жүзеге асыру тәртібін белгілейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

## **Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:**



- Бюджет ұғымы мен құқығы.
- Мемлекет бюджеті және оның әлеуметтік-экономикалық маңызы.

## **Бюджет ұғымы мен құқығы**

Бюджет құқығын мемлекет бюджеті қаржыларын құру, бөлу және олардан пайдалану бойынша жүзеге асатын әлеуметтік қатынастарды тәртіпке салатын қаржылық-құқықтық нормалар жиынтығы ретінде белгілеу мүмкін.

Мемлекет бюджет ұйымдары өз қызметтерін жүзеге асыру үшін керек болған барша қаржыларды бюджетінің тиісті қаражаттар бөлігінен алады.

Бюджет мемлекет билігі органдары функцияларын жабдықтау мақсатында ақша қаржыларын құрастыру және қаражат жасау формасы.

### **Бюджеттің негізгі міндеттері:**

- ұлттық табысты қайта бөлу;
- экономиканы тәртіпке салу;
- бюджет саласын қаржылық жабдықтау және мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүзеге асыру;
- орталықтанған ақша қаржылары қорларын құру және пайдалану үстінен бақылауды жүзеге асыру.

Бюджет туралы заң құжаттары, олардың басқа заң құжаттарында көрсетілген нормалары Бюджет

кодексіне сәйкес болуы керек. Егер мемлекетіміз тарапынан қол қойылған халықаралық келісімшарттарда бюджет туралы заң құжаттарына қайшы ережелер белгіленген болса, халықаралық келісімшарт ережелері қолданылады.

## Мемлекет бюджеті мен оның әлеуметтік-экономикалық маңызы

Мемлекет бюджеті әр жылы бекітіледі және ол 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін күште болады.

Мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік дамуы процесінде бюджеттен пайдалану нәтижесінде жүзеге асатын қатынастарды тәртіпке салатын құқықтық мөлшерлер жеке топқа ажыратылады және қаржы заң құжаттарының негізгі бөлімдерінің бірі болған — бюджет заңдарын құрайды.

Өзбекстан Республикасының бюджет жүйесі төмендегі принциптерге негізделеді:

- ➔ бюджет жүйесінің даралығы;
- ➔ бюджет жүйесінің Өзбекстан Республикасы Әкімшілік-аумақтық құрылуына сәйкестігі;



**Бюджет процесі** — бюджет жүйесі бюджеттерін қалыптастыру, құру, көріп шығу, қабылдау, бекіту және орындау, олардың орындалуын бақылау жасау, түрлі бюджеттерінің орындалуы туралы есептерді дайындау және бекіту, сондай-ақ олар арасындағы өзара қатынастар процесі.

**Бюджет процесі қатысушылары** — мемлекет билігі және басқаруы органдары, мемлекет қаржылық бақылау органдары, бюджет ұйымдары мен бюджеттен қаржы алушылар.

## Құқық тарихынан



Бюджет сөзі ағылшын тілінен келіп шығып, «қор» деген мағынаны білдіреді. Бюджет XVII ғасырдың екінші жартысында Франциядағы буржуа төңкерісінен кейін орнатылған. XIX ғасырдың екінші жартысында бюджет атауы Еуропа мемлекеттерінде таралған және XX ғасырдан бері барша мемлекеттерде бюджет категориясы пайдалана басталды.



**Бюджет ұйымы** – мемлекет функцияларын жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіпте мемлекет билігі органдарының қаулысына сәйкес құрылған, Мемлекет бюджеті қаржылары есебінен сақтап тұрылатын бейкоммерциялық ұйым.

- бюджет жүйесі бюджеттерінің баланстылығын және өзара байланыстылығы;
- бюджет жүйесі бюджеттері пайдаларын прогноз жасау және қаражаттарын жоспарлау;
- бюджет жүйесі бюджеттері қаржыларынан пайдаланудың анық бағытталғандығы және мақсаттылық ерекшелігі;
- бюджет жүйесі бюджеттерінің тәуелсіздігі;
- бюджет жүйесі бюджеттері қаржыларынан пайдаланудың нәтижелігі;
- қассаның даралығы;
- бюджет процесі қатысушыларының жауапкерлігі;
- ашықтық.

## Өзбекстанның Мемлекет бюджеті құрылымы

Мемлекет бюджеті төмендегі дәрежедегі бюджеттерден тұрады:

- Өзбекстан Республикасының республика бюджеті;



Қаржы жылы — 1 қаңтардан 31 желтоқсан соңына дейін болған уақытты өз ішіне алатын дәуір.

## Құқық тарихынан



2013 жыл 26 желтоқсанда Өзбекстан Республикасының бюджет жүйесі қаржыларын қалыптастыру, құру, көріп шығу, қабылдау, бекіту, атқару, мемлекет тарапынан қаржы жұмылдыру және бюджет туралы заң құжаттары орындалуын бақылау жасауға тән қатынастарды тәртіпке салатын «Өзбекстан Республикасының Бюджет кодексін бекіту туралы» Заңы қабылданды.

- Қарақалпақстан Республикасы бюджеті, облыстар мен Ташкент қаласы жергілікті бюджеттері.

Мемлекет бюджеті табыстары:

- ➔ салықтар мен басқа ықтиярсыз төлемдер;
- ➔ мемлекет активтерін орналастыру, пайдалануға беру және сатудан алынған табыстар;
- ➔ мұра, сыйға тарту құқығы бойынша мемлекет мүлкіне өткен ақша қаржылары;
- ➔ заңды және жеке тұлғалардан, сондай-ақ шет елдерден түсетін қайтарылмайтын ақша түсімдері;
- ➔ резидент-заңды тұлғаларға берілген бюджет ссудаларды және шет мемлекеттерге ажыратылған кредиттерді төлеу есебінен төлемдер;
- ➔ заң құжаттарына сәйкес басқа табыстар
- ➔ есебінен қалыптастырылады.



**Аумақтық қаржы органдары** — Қарақалпақстан Республикасының Қаржы министрлігі, облыстар мен Ташкент қала әкімдіктерінің қаржы басқармалары, аудандар мен қалалар әкімдіктердің қаржы бөлімдері.

**Қаржылық міндеттемелер** — бюджет ұйымдарында және бюджет қаржылары алушыларында оларға ақша қаржыларын өткізу міндеттемесін жүктейтін құжаттар, осы тұрғыдан, атқару құжаттары негізінде жүзеге асатын міндеттемелер.

## Сұрақ пен тапсырмалар



Өзбекстан Республикасының Бюджет кодексін тап және төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бюджет саласындағы өкілеттіктер қайсы мемлекет органдарына берілген?
2. Мемлекет мақсатты қорларының табыстары жөнінде мәлімет топтастыр.
3. Мемлекет бюджеті қаражаттарының құрамы неден тұрады?
4. Өзбекстан Республикасы Қаржы министрлігі құзырындағы бюджеттен тыс Зейнетақы қорының қаражаттары нелерден тұрады?



5. Өзбекстан Республикасы Тіктелу және даму қорының міндеті неден тұрады?
6. Төмендегі кестеде берілген сөздер дұрыс көрсетілген қатарды анықта.

1	<b>Қаржы жылы</b>	а	— бюджет жүйесі бюджеттерін қалыптастыру, құру, көріп шығу, қабылдау, бекіту және орындау, олардың орындалуын бақылау жасау, бюджет жүйесі бюджеттерінің орындалуы туралы есептерді дайындау және бекіту, сондай-ақ олар арасындағы өзара қатынастар процесі;
2	<b>Бюджет процесі</b>	ә	— мемлекет билігі мен басқаруы органдары, мемлекет қаржылық бақылау органдары, бюджет ұйымдары мен бюджет қаржылары алушылар;
3	<b>Бюджет процесі қатысушылары</b>	б	— бюджет ұйымдарында және бюджет қаржылары алушыларда оларға ақша қаржыларын өткізу міндеттемесін жүктейтін құжаттар, осы тұрғыдан атқару құжаттары негізінде жүзеге асатын міндеттемелер.
4	<b>Қаржылық міндеттемелер</b>	г	— мемлекет функцияларын жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіпте мемлекет билігі органдарының қаулысына сәйкес құрылған, мемлекет бюджеті қаржылары есебінен сақтап тұрылатын бейкоммерциялық ұйым.
5	<b>Бюджет ұйымы</b>	ғ	— 1 қаңтардан 31 желтоқсан күні соңына дейін болған уақытты өз ішіне алушы дәуір.

## 21-§ Мемлекет табыстарын құқықтық тәртіпке салу

### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Мемлекет табыстары.
- Салықтар ұғымы мен функциялары.
- Салықтар және басқа ықтиярсыз төлемдердің элементтері.

Мемлекет өз алдында тұрған міндет және функцияларын жүзеге асыруы үшін белгілі бір қаржылық ресурстарға ие болуы шарт. Сол себепті түрлі ақша төлемдері мен аударымдар көрінісіндегі мемлекет ұлттық табысының бір бөлігі оның қажеттіліктеріне бағытталады.

Нәтижеде ол өз табыстарына, яғни мемлекет табыстарына ие болады. Бұл табыс мемлекет иелігінде болып, тиісті мемлекет билігі органдары тарапынан иеленеді.

Мемлекет табыстарының көзі және жүйесі, сондай-ақ олардың әрбірінің маңызы мемлекет экономикалық жүйесіне байланысты болады.

Мемлекет табыстары жалғыз жүйеден құралып, оның элементтері ақша қаржылары кейбір түрлерінің белгілі жиындысын құрайды. Мемлекет пайдаларының жалғыз жүйесі осымен сипатталады, яғни амалдағы заң құжаттары мемлекет тарапынан өзінің барша табыстарын қалыптастыру үшін пайдаланылатын ақша қаржыларының дәл бір түрін белгілейді.

Мемлекет табыстарының жалғыз жүйесі олардың маңызының ең қажетті ерекшеліктерін көрсететін белгілерге қарап әр түрлі түрлер бойынша сипатталады.



**Мемлекет табыстары** – бұл мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын, мемлекет қорғанысын және қауіпсіздігін жабдықтау, сондай-ақ мемлекет органдарын функциялау бойынша міндеттерін орындау мақсатында қаржылық базаны құруға қаратылған мемлекет ұлттық пайдасының бір бөлігі есептеледі.





**Орталықтанған табыстар** дегенде ақша қаржыларының жалғыз жалпы мемлекет қорына, яғни мемлекеттің мемлекет бюджетіне келіп түсетін қаржылық ресурстар түсініледі.



**Мемлекеттің орталықтанбаған табыстарына** мемлекет кәсіпорындарының табыстары кіріп, Бұл табыстар заңдарда белгіленген тәртіпте кәсіпорындар еркіне келіп түседі және олар тарапынан тәуелсіз түрде істеп шығару мен әлеуметтік қажеттіліктер үшін пайдаланылады.

Қалыптасу және пайдалану тәртібіне қарап барша мемлекет табыстары орталықтандырылған және орталықтанбаған пайдаларға бөлінеді.

Салықтар мен басқа ықтиярсыз төлемдерді төлегенінен кейін кәсіпорындар алған пайда және олардың еркінде болған басқа табыстарды тәуелсіз түрде иелік етуі мүмкін.

Мемлекет табыстары мен олар арасында жүзеге асатын қатынастар заң құжаттары мөлшерлері Өзбекстан Республикасы Бюджет кодексі, Салық кодексі және басқа заңдар мен заңасты құжаттармен тәртіпке салынады.

Мемлекет табыстары өңірлік қасиетіне сәйкес, республика және жергілікті пайдаларға бөлінеді.

Мемлекет табыстары заңды ерекшелігі мен формасына сәйкес салық төлемдері мен салықсыз түсімдерге бөлінеді.

Салықтарға ықтиярсыз және индивидуалды қайтарып бермеу ерекшеліктері тән.

Салықсыз төлемдер ықтиярсыз және ерікті болуы мүмкін. Ықтиярсыз Салықсыз төлемдер мемлекет тарапынан белгілі бір заңды маңызды қызметтерді көрсету, бір қызметпен шұғылдану құқығын беру арқылы өндіріледі. Мұндай төлемдерде екі тарап та құқық және міндеттемелерге ие болады. Мемлекет табыстарын топтау әдісіне сәйкес ықтиярсыз төлемдер мен ерікті төлемдерге бөлінеді.

Мемлекет пен жергілікті органдардың еркіне келіп түсетін табыстардың үлкен бөлігін ықтиярсыз төлемдер құрайды. Бұларға салықтар, кеден және басқа төлемдер, түрлі түрдегі айыппұлдар мен қаржылық санкциялар кіреді.

Ерікті төлемдер лоторея ойындарын өткізуден, түрлі акциялардан, заңды және жеке тұлғалардың

қайырымдылықтарынан, мемлекет қымбат бағалы қағаздарын сатып алудан құралады.

Мүлікке болған қатынасты есепке алған түрде, қайтарып берілмейтін пайдаларға, уақытынша пайдаланылатын және қайтарып берілетін пайдаларға бөлу мүмкін. Мәселен, салықтар, баждар, алымдар, мемлекет мүлкін жекелендіруден келіп түсетін төлемдер мен басқа ықтиярсыз төлемдер қайтарып бермеу шартымен мемлекет табыстарына жиналады және мемлекет пен әкімшілік-аумақтық құрылымдардың мүлкі есептеледі.

Уақытынша пайдаланылатын табыстар мемлекет пен әкімшілік-аумақтық құрылымдардың табысына кірітілмеген болып, олар облигациялар, заемдарын таратудан, банктер тарапынан бюджеттен тыс қаржыларды толтыру үшін беретін кредиттерінен пайда болатын табыстар және басқалар.

Мемлекет бюджетінде жиналатын орталықтандырылған табыстар мемлекет қаражаттарын

қаптауының негізгі түпдерегі есептеледі, олар дұрыс және қисық салықтар негізінде қалыптастырылады.

## Салықтар ұғымы мен функциялары

Мемлекеттің ең қажетті белгілерінің бірі онда салықтардың енгізілгендігі. Қаржы құқығының құқықтық институттардың бірі салық құқығы болып, ол салық төлемдерін енгізу және өндіріп алу уақытында жүзеге асады.

Өзбекстан Республикасы аумағында Салық кодексінде назарда ұсталған салықтар және басқа ықтиярсыз төлемдер іске асады.

Салықтарға төмендегілер кіреді:

→ заңды тұлғалардан алынатын пайда салығы;



«Экономикалық білім негіздері» сабақтарында алған білімдеріңе таянып, дұрыс салық және қисық салық түсініктеріне анықтама бер.



Салықтар – оларды төлеуші тұлғалар үшін құлдық емес, бәлкім бостандық белгісі.

*А. Смит,  
салық салу  
теориясының  
негізін алушы*



Салықтар бұқаралық биліктің ажырамас бөліктері болған армия, сот, мемлекет аппараты қызметін және мемлекеттің басқа қажеттіліктерін материалды тұрғыдан жабдықтау үшін қажет.



Салықтар мен басқа мәжбүрлі төлемдердің элементтері төмендегілер:

- ✓ салық салу объекті;
- ✓ салық салынатын база;
- ✓ ставка;
- ✓ есептеп шығару тәртібі;
- ✓ салық дәуірі;
- ✓ салық есепті ұсыну тәртібі;
- ✓ төлеу тәртібі.

- ➔ жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы;
- ➔ қосылған құн салығы;
- ➔ акцизді салығы;
- ➔ жер телімінен пайдаланушылар үшін салықтар және арнайы төлемдер;
- ➔ су ресурстарынан пайдаланғандығы үшін салық;
- ➔ мал-мүлік салығы;
- ➔ жер салығы;
- ➔ бензин, дизель жанармайы мен газ қолданғандығы үшін алынатын салық.

Басқа мәжбүрлі төлемдер қатарына төмендегілер кіреді:

- ➔ мемлекет мақсатты қорларына мәжбүрлі төлемдер:
  - ✓ жалғыз әлеуметтік төлем;
  - ✓ бюджеттен тыс Зейнет қорына азаматтардың сақтандыру салықтары;
  - ✓ мемлекет мақсатты қорларына мәжбүрлі ажыратулар;
  - ✓ Республика жол қорына алымдар;
- ➔ мемлекет бажы;

## Құқық тарихынан



Салық құқығының алғаш жазба мөлшерлері Хаммурапи заңдарында (эра. алд. XVIII ғасыр) көрсетіп өтілген болып, біріншіден, салықтардың екі көрінісін: патша қазынасына төленетін орталықтанған салықтар мен жергілікті ақ сүйектер қазынасына төленетін жергілікті салықтарды; екіншіден, салық субъекттерін; үшіншіден, салық объекттерін; төртіншіден, салықтарды өндіру тәртібін; бесіншіден, жауапкершілік шаралары мен басқалар бекітіліп қойылған.

- кеден төлемдері;
- кейбір түрдегі тауарлармен бөлшек сауда жасау және кейбір түрдегі қызметтерін көрсету құқығы үшін алым.

Өлкеміз аумағында Салық кодексінде белгіленген жайттарда және тәртіпте салық салудың қарапайымдастырылған тәртібінде төмендегі салықтар төленуі мүмкін:

- жалғыз салық төлемі;
- жалғыз жер салығы;
- кәсіпкерлік қызметінің кейбір түрлері бойынша қатаң белгіленген салық.

Мемлекет жалпыұлттық бағдарламаларын жүзеге асыру дәуірінде тиісті қорлар құрылуы мүмкін болып, оларға заң перзенттерінде назарда ұсталған тәртіпте мәжбүрлі төлемдер белгіленеді.

## Салықтар мен басқа мәжбүрлі төлемдердің элементтері

Салық яки басқа мәжбүрлі төлем туралы заң құжаттарында оны төлеушілер, сондай-ақ оны есептеп шығу және төлеу үшін қажет элементтер белгілеп қойылған жайтта ғана бұл салық яки төлем белгіленген деп есептеледі.

Салық кодексінде назарда ұсталған жайттарда салық яки басқа мәжбүрлі төлем беріліп жатқанда салық туралы заң құжаттарында салық жеңілдіктері, сондай-ақ олардың салық төлеуші тарапынан қолданылуы үшін негіздер назарда ұсталуы мүмкін.

Салық төлеушілер, салықтар және басқа мәжбүрлі төлемдердің элементтері әрбір салық яки басқа мәжбүрлі төлеуге қолдану белгіленеді.



**Жеке**  
тұлғалардың салыққа тән құқық бұзушылықтар жасағандық үшін жауапкерлігі он алты жастан бастап жүзеге асады.



Заң құдіретті, бірақ қажеттілік одан да күштірек.

**Гёте**



Салықтың құқықтық қатынастары – салық құқығы мөлшерлерімен тәртіпке салынған әлеуметтік қаржылық қатынастар болып, бұл қатынастар салықтарды енгізу, заңды және жеке тұлғалардан, салық төлеушілердің басқа топтардан салықтарды өндіру процесінде жүзеге асады.

Салық құқықтық қатынастары төмендегі ерекшеліктерге ие:

*біріншіден*, салықтарды және басқа мәжбүрлі төлемдерді орнату және өндіруге қаратылған мемлекет қызметі процесінде жүзеге асады;

*екіншіден*, мақсатты жүйеге ие, яғни салық құқықтық қатынастарының жүйесі белгілі бір мақсатқа – салықтарды орнату және өндіруге қаратылған;

*үшіншіден*, белгілі бір субъекттер арасында болатын анық байланыстарды тәртіпке салады;

*төртіншіден*, мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қорғалады, яғни салық заңдары бұзылғанда мемлекеттің мәжбүрлеу шаралары әрекетке келеді.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Өзбекстан Республикасының Салық, Өзбекстан Республикасы Әкімшілік жауапкершілік туралы және Қылмыстық кодекстерін тап. Өзбекстан Республикасының Салық кодексінен салық төлеушілердің құқық және міндеттемелері белгіленген ережелерді оқы және түсіндіріп бер. Аталмыш міндеттемелерді орындамағандық үшін заңда қандай жазалар бегілену мүмкіндігін Өзбекстан Республикасының Әкімшілік жауапкершілік туралы және Қылмыстық кодекстерінен анықта.
2. Өзбекстан Республикасы аумағында Салық кодексінде назарда ұсталған қандай салықтар мен басқа мәжбүрлі төлемдер іске асады?

## 22-§ Мемлекет кредитінің құқықтық негіздері

### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:

- Мемлекет кредиті ұғымы.
- Мемлекет қарызы.



### Мемлекет кредиті

Қосымша ақша қаржыларын жарату мақсатында мемлекет оларды жұмылдырудың ерікті әдістерін қолдауы мүмкін. Осы негізде қаржылық қатынастардың арнайы жүйесі – мемлекет кредиті жүзеге асады.

Мемлекет кредитінде кредит қатынастары субъекттері, бір тараптан — мемлекет, екінші тараптан - заңды және жеке тұлғалар болады. Мұнда мемлекет бұл қатынастарда көрсетілген субъекттердің уақытынша бос тұрған ақша қаржыларын қарызға алушы ретінде қатысады.

Мемлекет кредиті бойынша жүзеге асатын құқықтық қатынастар әрқилы қаржылық құқықтық

**Кредит** (лат. creditum – ссуда) – ақша яки тауарларды, әдетте, пайыздар төлеп, қайтару шартымен беру болып, кредитормен қарыз алушы арасындағы экономикалық қатынастарды көрсетеді.



**Мемлекет кредиті** – мемлекет тарапынан мемлекет әлеуметтік-экономикалық дамуының ең қажетті мәселелері және бюджет тапшылығын қаптау үшін қажет болған қосымша қаржылық ресурстарды бағыттау мақсатында заңды және жеке тұлғалардың бос тұрған ақша қаржыларын қайтарушылық, мерзімділік, көре алмаушылық және еріктілік принциптеріне негізінен жұмылдыру бойынша қаржы құқығымен тәртіпке салынатын қатынастар.

**Кредит сомасы** – бұл қарызға берілетін ақша бірлігінің өлшемі.





**Кредит механизми** – кредит қатынастарын құруда қолданылатын элементтер жиынтығы.



**Кредит объекті** – уақытынша бос тұрған, берілуі мүмкін болған ақшалар мен тауарлар.



**Кредит субъекттері** – әр түрлі болуы мүмкін. Бұларға кәсіпорын, фирма, ұйым, мемлекет және түрлі топтағы тұрғын кіреді.

қатынастарға тән болған барша белгілерге ие. Бұл, әсіресе, олардың объектіге, мемлекет яки ол тарапынан өкілеттік берілген органның бұл қатынастар мәжбүрлі субъекті ретінде бар болуына, мемлекет кредиті саласындағы құқықтық қатынастардың мемлекет-билік ету қасиетіне тиісті. Қаржылық құқықтық қатынастар, белгілі, мүліктік ерекшелікке ие, себебі олар ақша қаржылары есесінен жүзеге асады. Бірақ мемлекет кредиті бойынша бұл қатынастар объекті кез келген ақша қаржылары емес, бәлкім заңды және жеке тұлғалардың тек қана уақытынша бос тұрған қаржылары болуы мүмкін.

Мемлекет кредиті саласында тек қана мемлекет қарыз міндеттемелері бойынша қатынастар, бәлкім мемлекет қарызының істеуіне делдалдық жасайтын құқықтық қатынастар да жүзеге асады. Олардың қатарына төмендегілер кіреді:

- ➔ Үкімет пен Орталық банк арасында болашақ қаржы жылында кредиттеудің ішкі және сыртқы деректерінен арыз алу жоспарлары туралы ақылдасу уақытында жүзеге асатын құқықтық қатынастар;
- ➔ Өзбекстан Республикасы мемлекет қарыз міндеттемелерін шығару шарттары, мемлекет заемдары бойынша қызмет көрсету және оларды мәмілеге шығару тәртібін белгілеу;
- ➔ мемлекет қысқа мерзімді облигациялары базарында дилерлік функцияларын орындау үшін келісімдер құру, сондай-ақ мемлекет заемдары облигацияларын жайғастыру және мәмілеге шығарумен байланысты болған ұйымдар қызметін бақылау жасау уақытында Орталық банк пен ұйымдар арасында жүзеге асатын құқықтық қатынастар және т. б.

## Мемлекет қарызы

Мемлекет қарызы – мемлекеттің сыртқы және ішкі кредит операциялары бойынша қарыздарлық сомасы. Мемлекет заемдары кредит қатынастарының бір түрі болып, онда мемлекет яки оның жергілікті органдары қарыз алушы немесе қарыз беруші ретінде әрекет жасайды.

Қаражаттарды өз уақытында және толық жүзеге асыру мақсатында мемлекет заемдар мен қаржы базарынан қаржыларды жұмылдырады.

Ақша қаржыларын жұмылдыру мемлекеттің қаржы базарындағы қызметінің селқос формасы ретінде сипатталады. Мемлекет ақша қаржыларын қарызға беруі оның қаржы базарындағы әрекетінің белсенді формасы ретінде қаралады.



**Мемлекет қарызы** –  
Өзбекстан  
Республикасының ішкі және сыртқы қаржыларды жұмылдыру нәтижесінде жүзеге асқан міндеттемелері.

## Сұрақ пен тапсырмалар



Берілген мәтінді оқы және сұрақтарға жауап бер.

*Халықаралық валюта қоры ең жоғары мемлекет (ішкі) қарызы бар болған дүниенің 20 мемлекетті белгілеп берді. Бұл тізімде Жапония жетекшілік етуде. 1990 жылдардың басынан Жапония үздіксіз тұрақтылықты басынан өткізді. Қазір Жапония үкіметі мемлекеттегі Салық түсімдерінің дерлік жартысын үлкен өлшемдегі қарызды төлеуге жұмсайды. Соған қарамай, 10 жылдық жапон облигациялары бойынша табыстылығын 1%-дан төмен дәрежеде қалуда.*

1. 10 жылдық жапон облигациялары бойынша табыстылығын таң қаларлық түрде 1%-дан төмен дәрежеде қалудың себебі неде деп ойлайсың?
2. Жапон халқының отансүйгіштігі мен тиістілігі тұрғысынан пікір білдір.
3. Экспресс тест тапсырмасын орында.

1	Кредит субъекттері	а	– уақытында бос тұрған, берілуі мүмкін болған ақшалар мен тауарлар
2	Кредит объекті	ә	– бұл қарызға берілетін ақша бірлігінің өлшемі
3	Кредит сомасы	б	– мемлекеттің сыртқы және ішкі кредит операциялары бойынша қарыздарлық сомасы.
4	Мемлекет қарызы	в	– кәсіпорын, фирма, ұйым, мемлекет пен түрлі топтағы тұрғындар

## IV бөлім. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

### 23-§ Табиғатты қорғаудың құқықтық негіздері



#### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- ➔ Өзбекстан Республикасының Конституциясы экология құқығының негізгі көзі.
- ➔ Экология құқығының мақсат-міндеттері мен негізгі бағыттары.

#### Өзбекстан Республикасының Конституциясы экология құқығының негізгі көзі

Экология құқығының деректері дегенде қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстардан тиімді пайдалану және тұрғындардың экологиялық қауіпсіздігін жабдықтаумен байланысты әлеуметтік қатынастарды тәртіпке салуға қызмет ететін заң құжаттары түсініледі.

Өзбекстан Республикасының Конституциясы Экология құқығының негізгі түпдерегі есептеледі.

Конституциямызда тұлға, қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, саяси-құқықтық, мәдени-рухани салаларындағы негіздері бекітілген болып, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстардан тиімді пайдалану бойынша мемлекет-құқықтық механизмін қалыптастыруда қажетті маңызға ие есептеледі.

Соның үшін де Конституцияда белгіленген ережелер арқылы жеке және заңды тұлғалар экология құқығы, борыштары мен еркіндіктерін пайда етеді.



Азаматтар қоршаған табиғи ортаға сақтықпен қатынаста болуға мәжбүр.

**Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 50-бап**

Конституциямызда азаматтар қоршаған табиғи ортаға сақтықпен қатынаста болуы міндеттеме ретінде тіркеледі. Бұнымен экологияға тиімді қатынаста болу мемлекет саясаты дәрежесінде тіркеледі.

Конституцияның «Қоғамның экономикалық негіздері» бөлімі баптарында мүлік құқығының мазмұны белгіленсе, екіншіден, мүліктен пайдалану құқығына ие болған жеке және заңды тұлғалардың қожалық және істеп шығару процесінде экологиялық ортаға зиян жеткізбеуі, яғни олардың экологиялық міндеттемелері бекітіледі.

Конституцияның 55-бабында берілген ереженің маңызы сонда, яғни, біріншіден, тәуелсіздігімізді материалды негізін ұйымдастырушы табиғи байлықтары халқымыздың байлығы, мүлкі екендігі, екіншіден, табиғи ресурстардан тек қана тиімді пайдалану қажеттілігі, үшіншіден, республикамыз табиғаты мемлекет қорғауына алынғандығы, яғни экологиялық-құқықтық қатынастарды мемлекет тарапынан кепілденуі сияқты қажетті бағыттарды бекітеді.



Жер, жер асты байлықтары, су, өсімдік пен хайуанат дүниесі және басқа табиғи қорлар жалпыұлттық байлық, олардан тиімді пайдалану қажет және олар мемлекет қорғауында.

**Өзбекстан  
Республикасының Конституциясы,  
55-бап**



Қазіргі күнде дүниенің көптеген аумақтарында таза ішімдік суының жетіспеушілігі артып баруда. Әлбетте, бұлардың баршасы су бассейндері ластануы, экологиялық мөлшерлер бұзылуынан су қорларының сапа жамандасуы салдарында болып жатқан бүгін ешбіреуімізге сыр емес. Айтып өту керек, өнеркәсіп қоқыстары мен минеральдарынан интенсивті пайдалану көптеген жайттарда суда зиянды химиялық заттардың артуына себеп болып, дұрыс емес суарулар топырақтың тұздалуы және судың булану дәрежесінің күшеюіне алып келеді.



Экологиялық қауіп дегенде нені түсінесің?

## Экология құқығының мақсат-міндеттері мен негізгі бағыттары

Экология құқығы табиғат пен қоғам жүйесінде пайда болатын экологиялық-құқықтық қатынастарды тәртіпке салуға қаратылған кең қамтулы және көп тармақты құқық салаларының бірі болып, табиғат пен қоғам арасындағы әлеуметтік қатынастарды құқықтық тараптан тәртіпке салуды үйренетін пән.

Экологиялық қатынастар жүйесінде табиғи ресурстар, яғни жер, жер асты байлықтары, су, өсімдік пен хайуанат дүниесінен пайдалану кең және қажетті орынды иелейді.

Табиғи ресурстардан тиімсіз пайдалану салдарында табиғатта түрлі экологиялық проблемалар пайда болады және экологиялық дағдарыс жеделдейді. Экология құқығының бағыттары табиғат-қоғам жүйесіндегі өзара қатынастар бағыты, шекараларын белгілеп беруде, экологиялық-құқықтық ме-

## Құқық тарихынан



Республикамыз бірқатар табиғатты сақтау саласындағы халықаралық-құқықтық құжаттар, мәселен, 1992 жылдағы «Биологиялық түрлілік туралы» Рио-де-Жанейро Конвенциясы, 1972 жылдағы «Дүниенің мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы» Конвенция, 1995 жыл 16 маусымдағы «Азия мен Африка батпақтарында жасайтын және көшіп жүретін құстарды қорғау туралы» келісім-шарт, 1973 жыл 3 наурыздағы «Жоғалу астанасындағы жабайы піл мен фауна түрлерімен халықаралық сауда жасау туралы» Конвенция, 1976 жыл 12 желтоқсандағы Қоршаған-ортаға әскери яки басқа зиян жеткізетін құралдар қолданылуының алдын алуға тиісті Конвенция, 1992 жыл 9 мамырдағы «Ауа-райы өзгеруі туралы» Шеңберлік Конвенция, 1985 жыл 22 наурыздағы «Азон қабатын сақтау туралы» Конвенция, «Азон қабатын бұзатын заттар туралы» Монреал баяндамасының 1994 жыл 17 желтоқсандағы «Энергетикалық хартиясы», 1994 жыл 17 сәуірдегі «Шөлдер мөлшерінің артуы мен құрғақшылыққа қарсы» Конвенция және басқаларға қосылған.

ханизмінің тұрақтылығын кепілдеуде және заңдар ереже-талаптарының экологиялық қатынастарын тәртіпке салуда қажетті маңызға ие.

Табиғат пен қоғам арасындағы өзара қатынастар өте әр түрлі және күрделі болғандығы үшін де экология құқығының бағыттарын төмендегі жүйеге бөледі:

- ➔ мемлекет пен құқықтың жалпы бағыттары;
- ➔ қоршаған табиғи органы қорғауға тән бағыттар;
- ➔ табиғи ресурстардан тиімді пайдалануға қаратылған бағыттар.

Экология құқығы құқық жүйесінің саласы ретінде экологиялық қатынастарды тәртіпке салуда заңдылық, әлеуметтік әділет, ашықтық, сендіру және мәжбүрлеу шараларының ынтымақтастығы, тұлғалар құқық пен борыштарының бірлігі және басқалардан пайдаланады.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Мәтінді оқы және экологиялық апаттың қоғамға әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани әсерлерін сипатта.

*Арал теңізінің апатқа ұшырауы табиғатқа да үлкен залал жеткізуде. Өңірде хайуанат пен өсімдіктер әлемі генофондының дерлік жартысынан көбі, яғни балықтардың 11, сүт емізушілердің 12, құстардың 26 және өсімдіктердің 11 түрі жоқ болып кеткен.*

2. Мемлекетімізде қоршаған-ортаны, табиғатты қорғауға тән қабылданған заң және заң асты құжаттарын жина және танысып шық. Аталмыш құжаттардың қабылдануынан көзделген негізгі мақсаттарды анықта.
3. Өзің қоршаған ортаны, табиғатты қорғауда қалай қатысасың?



### Арал теңізі тарихынан

XX ғасырдың 60-жылдарында Әмудария мен Сырдариядан Арал теңізіне әр жылы 56 куб. км су құйылған. Тұрғындардың сезілерлі тәрізде көбеюі, урбанизация, жерлердің қарқынды меңгерілуі, экологиялық салдарды ойламастан Арал теңізі бассейнінде ірі гидротехникалық ирригация құрылыстарының құрылуы кеңістіктегі ең әдемі бассейнің құрып кетуіне алып келді.

## 24-§ Экологиялық құқықбұзушылық үшін жауапкершілік



**Экологиялық құқық** – табиғат пен қоғам арасында пайда болатын әлеуметтік қатынастарды құқықтық тараптан тәртіпке салуды үйренетін қор. Экология құқығы бүгінгі күнде Өзбекстан Республикасының тәуелсіз құқық жүйесінде өз орны мен деңгейіне ие болған жеке бағыт пен ерекшеліктерге ие болған құқық саласы есептеледі.

### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Экологиялық жауапкершілік ұғымы, маңызы және түрлері.
- Өзбекстан Республикасының «Табиғатты қорғау туралы» Заңы.
- Экология құқық бұзушылық үшін жауапкершілік.

Экологиялық жауапкершілік дегенде әдептілік құндылықтар, ұлттық және халықаралық құқық нормалары тарапынан қоршаған табиғи ортаны қорғау мақсатында орнатылған ереже мен мөлшерлердің бірер мемлекет, заңды яки жеке тұлғалар тарапынан бұзылуы салдарында оларға қолданылатын жаза шаралары түсініледі.

Экологиялық жауапкершілік мазмұн мен маңызына сәйкес үш көріністе пайда болады:

- экологиялық-әлеуметтік жауапкершілік;
- экологиялық-экономикалық жауапкершілік;
- экологиялық-құқықтық жауапкершілік.

**Экологиялық-әлеуметтік жауапкершілік** кісілердің қоғамдық алдындағы жауапкерлігі.

**Экологиялық-экономикалық жауапкершілік** экономикалық-құқықтық жауапкерліктің бір түрі болып, ол ұлттық яки халықаралық құқық нормаларында белгіленген ереже мен мөлшерлердің бұзылуы мен мұның салдарында оларға тек қана экономикалық жауапкершілік шаралары төлем түрін қолданылады.



**Экономикалық жауапкершілік** ретінде табиғи ресурстардан пайдалану және қоршаған-ортаны ластану үшін төлемдер қолданылады.

**Экологиялық-құқықтық жауапкерлікке** ұлттық және халықаралық құқық нормаларында белгіленген экологиялық қатынас қатысушылары үшін мәжбүрлі күшке ие болған ереже және мөлшерлерін бұзғандар үшін заңды тұстағы жаза шаралары қолданылуы кіреді.

## Өзбекстан Республикасының «Табиғатты қорғау туралы» Заңы

Өзбекстан Республикасының «Табиғатты қорғау туралы» Заңы табиғи орта жағдайларын сақтаудың, табиғи ресурстардан тиімді пайдаланудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілеп береді. Заңның мақсаты адам және табиғат арасындағы қатынастар бірге дамуын, экология жүйелері, табиғат комплекстері мен кейбір объекттер қорғалуын қамтамасыз етуден, азаматтардың ыңғайлы қоршаған ортаға ие болу құқығын кепілдеуден тұрады.

## Табиғатты қорғауға тән заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

Табиғатты қорғаудың стандарттары, нормалары, ережелері мен басқа нормативті-техникалық талаптарын бұзуда, осы тұрғыдан:

- ➔ кәсіпорындар, құрылыстар, транспорт құралдары және басқа объекттерді жоспарлау, құру, тіктеу және жабдықтау, олардан пайдалану яки оларды аяқтау барысында, экология тұрғысынан қауіпті өнімдерін шетелдерге шығару және шетелдерден алып келуде аумақтың белгілеп қойылған экология сыйым-



Экологиялық жауапкершілік экологиялық қауіпсіз ортаны қамтамасыз етудегі мемлекет, қоғам және тұлғалардың қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы борыштары мен міндеттемелері және оларды орындамауынан жүзеге асатын әлеуметтік-экономикалық және заңды характердегі салдар.



Экологиялық қылмыстар– қоршаған табиғи ортаға әлеуметтік қауіпті зиян жеткізетін әлеуметтік қауіпті қылмыстар жинағы.



Өткен ғасырдың орталарында атмосфера құрамында  $\text{CO}_2$ -нің мөлшері 0,02% болса, қазіргі уақытта бұл сан 0,03% -ға дейін асқан.

Сыртқы ортаға шығарылатын  $\text{CO}_2$ -нің 31%-ды АҚШ, 18%-ды-ТМД мемлекеттері, 7%-ды Қытай, 5,4%-ды Германия, 4,7%-ды Жапония, 3%-ды Франция шығарып тастауда. Қалған 31%-ды басқа мемлекеттердің есесіне тура келеді.

дылығын, экология нормалары, ережелерін бұзуда;

- ➔ табиғи байлықтардан өз бетімен пайдалануда, мемлекет экология экспертизасы талаптарын орындамағандықта табиғи ресурстардан пайдаланғандығы үшін белгіленген төлемді, сондай-ақ қоршаған ортаны ластағандық және оған зиянды әсер көрсетудің басқа түрлері үшін компенсация төлемдері төлеуден бас тартуда;
- ➔ Табиғатты қорғау объекттерін құру жоспарларын, табиғатты қорғауға сай басқа шараларды орындамауда;
- ➔ қоршаған табиғи ортаны тіктеу, оған болатын зиянды әсер салдарын жою және табиғи ресурстарды қайта істеп шығару шараларын көрмегендікте;



### **12-бап. Адамның жасау үшін қолайлы қоршаған табиғи ортаға ие болу құқығы мен бұл ортаны сақтап қалу жөніндегі борышы**

Өзбекстан Республикасы тұрғындары өз денсаулығы мен болашақ ұрпақтың денсаулығы үшін қолайлы табиғи ортада жасау, өз денсаулығын қоршаған ортаның зиянды әсерінен қорғау құқығына ие.

Міне осы мақсатта Өзбекстан Республикасы тұрғындары табиғатты қорғау бойынша қоғам ұйымдарына бірігу, қоршаған табиғи ортаның жағдайы және оны қорғау тұрғысынан көріліп жатқан шараларға тиісті ақпараттарды талап ету және алу құқығына ие.

Өзбекстан Республикасы тұрғындары табиғи ресурстардан тиімді пайдалануы, табиғат байлықтарына сақтықпен қатынаста болуы, экология талаптарын сақтауы шарт.

**Өзбекстан Республикасының  
«Табиғатты қорғау туралы» Заңы**

- табиғатты қорғау үстінен мемлекет бақылауын жүзеге асырып жатқан басқармалардың нұсқауларын орындамағандықта;
- табиғатты қорғау объектітері мен қорғалатын табиғи аймақтардың құқықтық режимін бұзғандықта;
- қоршаған табиғи ортаға зиянды әсерді есепке алу ережелерін бұзғандықта;
- қоқыстарды, химияландыру құралдарын, сондай-ақ радиоактив және зиянды химиялық заттарды сақтау, тастау, олардан пайдалану, оларды зиянсыздандыру және көміп жіберу уақытында табиғатты қорғау талаптарын бұзғандықта;
- қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы мемлекет бақылауын жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың объектілерге баруына, кейбір тұлғалар және табиғатты қорғау қоғам ұйымдарына өз құқық пен міндеттерін жүзеге асыруына тосқауылдық жасағандықта;
- қоршаған табиғи ортаның жағдайы мен оның ресурстарынан пайдалану туралы өз уақытында және дұрыс ақпарат беруден бас тартқандықта кінәлі болған тұлғалар Өзбекстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық және басқа түрдегі жауапкерлікке тартылады.





## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Пән-техника әсерінде қоршаған-ортаның өзгеру процесінің мазмұнын түсіндір.
2. Экологиялық дағдарыс дегенде нені түсінесің?
3. Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 193-196-баптарын оқы және қылмыс субъекттерін анықта. Қылмыстың субъектив тарапына баға бер.

Кәмелетке толмаған тұлғалардың жауапкершілік шеңберін анықта.

*1. А., К. және Б. есімді тұлғалар (баршасы 16 жас) орманға дем алуға шықты. Олар алау жақты және оған көптеген жаңа кесілген ағаш бұтақтарын тастады. Тез арада алауды басқарып болмай қалды және желдің әсерінде ол орман деңгейінен тез тарала бастады. Мұның нәтижесінде табиғатқа көп мөлшерде зиян жеткізілді.*

*2. Кәмелетке толмаған Н. есімді тұлға істеп шығару кәсіпорнынан шығарылған қоқыстарды белгіленген шұқырға төкпестен, жақын жердегі су бассейніне төгіп жіберуі нәтижесінде ауылда жұқпалы ауру эпидемиясының таралуына себеп болды, сондай-ақ шаруа малдарының да ауруына алып келді.*

*3. Күзгі демалыс күндерінде Г. ата-анасы және інілерімен дала аулаға дем алуға барды. Кеш күз болғаны үшін барша жақты ағаш жапырақтары қаптаған. Г. інілерімен ауладағы және көшедегі жапырақтарды даланың бір шетіне жинады-да жағып жіберді. Бұл жағдайды көрген атасы лезде келіп, алауды өшірді және ұлына ескерту жасады. тереңірек шұқыр қазуды және жапырақтарды сол шұқырға көміп жіберуді бұйырды. Егер жапырақтар жағып жіберілсе, қандай құқықтық салдар келіп шығуы мүмкін еді?*

## V бөлім. ПРОЦЕССУАЛДЫ ҚҰҚЫҚ

# 25- Қылмыстық-процессуалды 26-§ заң құжаттары

### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Өзбекстан Республикасының Конституциясы процессуалды құқықтың негізгі көзі.
- Халықаралық құқықтың тән алынған принциптерінің процессуалды заңдылықта көрсетілуі. Кінәсіздік презумпциясы.
- Қылмыстық-процессуалды заң құжаттарының міндеттері.
- Өзбекстан Республикасының Азаматтық процессуалды және Қылмыстық процессуалды кодекстері.

### Өзбекстан Республикасының Конституциясы процессуалды құқықтың негізгі көзі

Қылмыстық-процессуалды құқық сотта істерінің жүргізілуі, сондай-ақ сұрастыру және алғашқы тергеу процесінде қатысушылар мен басқа мүдделі тұлғалардың құқықтарын назарда ұстайды.

Процессуалды құқық Өзбекстан Республикасының Конституциясында белгіленген жеке құқық пен еркіндіктерді қажетсіз және негізсіз шектемеуіне қызмет етеді.



Өзбекстан Республикасында демократия жалпыадамилық принциптерге негізделді, оларға сәйкес адам, оның өмірі, еркіндігі, құрметі, қадір-қасиеті мен басқа дербес құқықтары жоғары құндылық есептеледі.

**Өзбекстан Республикасы Конституциясының 13-бабынан**





Қылмыс жа-сағандықта ай-ыпталып жатқан әрбір тұлғаның ісі сотта заңды тәртіпте, жарияланымды көріп шығылып, оның кінәсі анықталмағанша ол кінәлі деп есептелмейді. Сотта айыпталып жатқан тұлғаға өзін қорғау үшін барша жағдайлар жаратылып беріледі.

**Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 26-бап**

Процессуалды құқықтар демократиялық характерде болып, шағым мен араздықтарды, құқық бұзушылық, соның ішінде қылмыс істерінің тез және дұрыс тексерілуі, негізді, заңды және тиімді шешілуіне кепілдік береді.

Процессуалды құқық заңды тұлғалардың мүдделерін қорғауға да қызмет етеді. Қылмыстық ісінде күдікті тұлға мен айыпталушының тиісті ең қажетті процессуалды құқығы қорғалу және қорғаушының көмегінен пайдаланудан тұрады.

### **Жалпы қабылданған халықаралық құқық принциптерінің процессуалды заңдылықта іске асырылғандығы**

Адамдардың саяси құқық пен еркіндіктерін қамтамасыз ететін қажетті халықаралық құқықтық құжат 1966 жыл 16 желтоқсанда БҰҰ тарапынан қабылданған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт есептеледі. Аталмыш Пакт 5 бөлім, 53 бапты өз ішіне алады.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт бірінші кезекте барша азаматтардың саяси құқықтарын, мемлекет пен қоғам жұмыстарын басқаруда қатысуын қамтамасыз етеді.

Аталмыш пакттің 14-бабы үшінші бөлімі және Адам құқықтары мен негізгі еркіндіктерін қорғау

## **Халықаралық құқық**



Барша адамдар заң алдында тең және ешбір айырмасыз заңмен тең қорғалу құқығына ие. Барша адамдар бұл Декларацияға қарсы болған әрқилы кемсітуден және сондай кемсітуге үндейтін әр түрлі араздастырулардан тең қорғалу құқығына ие.

**Адам құқықтары жалпыдүние декларациясының 7-бабынан**

туралы Еуропа конвенциясының 6-бабы үшінші бөлігіне сәйкес қылмыс жасауда айыпталушы тұлғаның сот ісі негізсіз кешіктіруіне жол бермейді. Айыпталушының бұл құқығы әділеттің негізгі кепілдіктерінің бірін өзінде көрсетеді. Сот тарапынан қылмыс ісінің қосымша тергеу өткізу үшін қайтарылуы бұл кепілге қайшы.

## Айыпсыздық презумпциясы

Айыпсыздық презумпциясына сәйкес айыпталушының қылмысы заңды тәртіпте дәлелдемейінше ол айыпсыз деп есептеледі. Күдікті, айыпталушы яки сотталушы оның қылмыста кінәлігі заңда назарда ұсталған тәртіпте дәлелденгенге және сот үкімімен заңды күшке кіргенге дейін айыпсыз. Ол өзінің айыпсыздығын дәлелдеуі шарт емес. Айыпсыздыққа тән барша күдіктер, егер де оларды жою мүмкіндігі болмаса, күдікті, айыпталушы яки сотталушының пайдасына шешілуі шарт. Заң қолданылып жатқанда келіп шығатын күдіктер де оның, айыпталушының, сотталушының пайдасына шешіледі.



**23-бап.**  
**Айыпсыздық презумпциясы**  
Күдікті, айыпталушы яки сотталушы оның қылмыс жасауда айыптылығы заңда назарда ұсталған тәртіпте дәлелденгенге дейін және заңды күшке кірген сот үкімімен анықталғанға дейін айыпсыз есептеледі.

**Өзбекстан Республикасы Қылмыстық процессуалды кодексінен**

## Халықаралық құқық

1. Қылмыс жасағандықта айыпталған әрбір адам қорғау үшін барша мүмкіндіктер қамтамасыз етілген түрде, ашық сот мәжілісі жолымен оның кінәсі заңды тәртіпте анықталмайынша айыпсыз деп есептелуге құқылы.

2. Ешкім, жасалған уақытта ұлттық заңдар яки халықаралық құқықтарға сәйкес қылмыс деп табылмаған әрекеті яки қызметсіздігі үшін жазаға үкім етілуі мүмкін емес. Сондай-ақ қылмыс жасалған уақытта қолданылуы мүмкін болған жазаға ауырлау жаза берілуі мүмкін емес.

**Адам құқықтары жалпыдүние декларациясының 11-бабынан**





## Қылмыстық-процессуалды заң құжаттарының міндеттері

Әрбір тұлғаға өз құқық пен еркіндіктерін сот арқылы қорғау, мемлекет органдары, лауазымды тұлғалар, қоғам бірлестіктерінің заңға қайшы әрекеттері үстінен сотқа арыз жасау құқығы кепілденеді.

**Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 44-бап**

Қылмыстық-процессуалды заң құжаттарының міндеттері қылмыстарды тез және толық ашудан, қылмыс жасаған әрбір тұлғаға әділетті жаза берілуі және кінәсі болмаған ешбір тұлға жауапкерлікке тартылмауы және үкім шығарылмауы үшін айыптыларды жариялаудан және заңның дұрыс орындалуын қамтамасыз етуден тұрады.

Қылмыстық істерін жүргізудің қылмыстық-процессуалды заңдарда белгіленген тәртібі заңдылықты бекемдеуге, қылмыстардың алдын алуға, тұлға, мемлекет пен қоғам мүдделерін қорғауға көмек беруі шарт.

Қылмыстық процесі — процесс қатысушыларының белгілі қылмыстық процессуалды қызметі және осы қызметке тиісті болған құқықтық қатынастар жүйесін құрайды.

Қылмыстық процесінің міндеттері — қылмыстарды ашу, айыптарды әділетті жазалау, сондай-ақ басқа қылмыстардың алдын алу, азаматтарды заңдылықты сақтау рухында тәрбиелеуден тұрады.

Қылмыстық процесінің ажырамас ерекшелігін оның құқықтық табиғаты — аталмыш қызмет пен тиісті әлеуметтік қатынастардың заң тұрғыдан қатаң тәртіпке салуды құрайды.

Қылмыстық процессуалды заңы белгілі процессуалды әрекеттерді тіркеуге алатын тиісті құжаттар:

сұрастыру мен алғашқы тергеу басқышында — қаулылар мен хаттамалар, сот талқысы басқышында — ұйғарымдар, үкімдер мен басқаларды назарда ұстайды.



## Сұрақ пен тапсырмалар

Машинасында аурухана есігіне дейін келген Ш. есімді тұлға артқы орындықта отырған, басынан қан сорғалап жатқан, киімдері шаң, аяқ-қолы тырналған, өзі әдемі 10 жастардағы бір қызды бірден көтеріп алды да, жүргіргенше қабылдау бөлмесіне асықты. Жасы қырықтардан асқан орта бойлы дәрігердің: «Не болды?» — деп берген сұрағына: «Білмеймін, көшеден осы жағдайда таптым», — деп жауап берді. Дәрігер қызды тексеріп, медбикеге шұғыл рентген бөлмесіне алып баруды бұйырды.

Өзі Ш. есімді тұлғадан оқиға желісін сұрап, кезекшілік дәптеріне белгілеп бара екен: «Баршаңыз солай дейсіз. Қыларын қылып болғаннан кейін жауабын да беру керек-қой, інім! — деп қойды. — Біз ішкі істер органдарына хабар береміз. Міне, мына жерге қол қой. Машинаң және телефоныңның нөмірін жазуды ұмытпа. Еш жерге кетіп қалма, мен қыздан хабар аламын».

Дәрігер қыздың алдынан қайтқанында Ш. есімді тұлға әлдеқашан кетіп үлгерген еді. «Бұл бала нағыз қылмысшы екен-ғой, қашып кетті», — деген пікір өтті дәрігердің көңілінен. Осы кез есіктен ішкі істер қызметкерлері кіріп келді. Олар бір адам оқиға мен қызды бұл жерге алып келгендігі жөнінде хабар бергенін айтты. Оқиға жеріндегі видео жазуынан анықталуынша, «Lasetti» маркалы ақ машина қызды ұрып, оқиға жерінен жасырынған. Артынан келе жатқан «Matiz» автомашинасының жүргізушісі қызды ауруханаға алып келген. Ішкі істер қызметшілері ақ «Lasetti» иесін тапқынын да айтып өтті. Дәрігер жазасыз жігітті негізсіз айыптағаны үшін тілін тістеп қалды.

1. Оқиға қатысушыларына өз пікіріңді білдір.
2. Ш. есімді тұлғаны қылмыскер деуге бола ма?
3. Ақ түсті «Lasetti» жүргізушісін ше?
4. Дәрігер дұрыс жұмыс жасады ма?
5. Бұл жерде айыпсыздық презумпциясы бұзылған ба? Пікіріңді сипаттап бер.

## 27-§ Қылмыстық процесс қатысушылары



Қылмыстық процесі төмендегілермен сипатталатын бірнеше басқыштардан тұрады:

а) қылмыстық процесінің жалпы міндеттерінен келіп шығатын өзінің жеке міндеттерімен;

ә) қатысушылардың жеке құрамымен;

б) бұл қатысушылардың өзіне тән әрекеттері және құқықтық қатынастарымен;

в) бұл қызметке қорытынды жасалатын өзіне тән құжаттармен.

### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- ➔ Қылмыстық процесс қатысушылары.
- ➔ Процесте қатысатын басқа тұлғалар.

Қылмыс процесінде сұрастырушы, тергеуші, судья, сот мәжіліс хатшысы, прокурор қатысады.

Қылмыс ісін жүргізуде топтар мен олардың өкілдері де қатысуы мүмкін.

Сондай-ақ қылмыс процесінде өз мүдделерін қорғайтын тұлғалар. Қорғаушылар мен уәкілдер қатысады. Бұларға айыпталушы, күдікті, қорғаушы, жәбірленуші, азаматтық даугер, азаматтық жауапты, күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, жәбірленушінің заңды өкілдері, жәбірленушінің, азаматтық даугердің және азаматтық жауаптының өкілдері кіреді.

Қылмыстық процесінде қатысатын басқа тұлғалар ретінде куәгер, куәгердің адвокаты, эксперт, маман, аудармашы, бейтараптарды алуымыз мүмкін.

Өзбекстан Республикасы Қылмыстық-процессуалды кодексінде қылмыс процесінде қатысушылардың құқық пен міндеттемелері жеке тіркелген.

Төмендегі жайттарда судья, сондай-ақ халық кеңесші, прокурор, тергеуші, сұрастырушы, тергеуге дейін тексеруді жүзеге асыратын органның лауазымды тұлғасы, сот мәжілісінің хатшысы қылмыс ісін жүргізуде қатысуға құқылы емес және оны қабылдамау шарт, егер де:

1) ол осы іс бойынша жәбірленуші, азаматтық даугер, азаматтық жауапты, эксперт, маман, аудармашы, бейтарап, куәгер, қорғаушы ретінде, күмәнданушы, айыпталушы, сотталушының заңды өкімі яки жәбірленуші азаматтық куәгер, азаматтық жауаптының өкілі ретінде қатысып жатқан яки ілгері қатысқан болса;

2) ол бұл істі жүргізу үшін жауапты болған бірер лауазымды тұлғаның яки Қылмыстық процессуалды кодекстің 76-бабы бірінші бөлімінің 1-бөлігінде көрсетілген өзге тұлғалардың туысы болса;

3) оның бейтараптығына және риясыздық куә тудыратын басқа жайттар бар болса.

Судья ілгері осы істі жүргізуде тергеуге дейін тексеруді жүзеге асыратын органның лауазымды тұлғасы, сұрастырушы, тергеуші, прокурор, сот мәжілісінің хатшысы ретінде қатысқан болса, сол істі болшақта көруде қатыса алмайды. Бірінші инстанция, апелляция яки кассация инстанциясы сотында немесе бақылау тәртібінде істі көруде қатысқан судья оның қатысуында шығарылған үкім, ұйғарым (қаулы) жоққа шығарылғаннан кейін сол істі көруде қатыса алмайды.

Қылмыс ісін бірінші инстанция сотында көруде қатысқан судья осы қылмыс ісін апелляция яки кас-



Ойлап көрші қылмыс процесінің басқыштары бір-бірінен кейін қатаң ізбе-із жүзеге асырса, қандай салдарға алып келуі мүмкін?



Егер тергеуге дейін тексеруді жүзеге асыратын органның лауазымды тұлғасы Өзбекстан Республикасы Қылмыстық-процессуалды кодексінің 76, 79-баптарында көрсетілген жағдайлар бар екендігінен өзін-өзі қабылдамаса, оны қабылдамау мәселесі мүдделі тұлғалардың арыздарына сәйкес тергеуге дейін тексеруді жүзеге асыратын орган бастығы яки прокурор тарапынан шешіледі. Қабылдамауды қанағаттандыру яки қанағаттандырмау жөнінде қаулы шығарылады.



Абыржу мен қысталаңдық қайғы мен жамандық кесірінен тыныштықтың бұзылуы болады. Бұдан-мадам өзінің өткені, қазіргі жағдайы және болашағының қандай болуынан тыс өзін өзі сөгеді.

**Әбу Әли  
ибн Сино**

сация инстанциясында немесе бақылау тәртібінде көруде қатыса алмайды.

Қылмыстық ісін апелляция инстанциясы сотында көруде қатысқан судья осы қылмыс ісін бірінші инстанция яки кассация инстанциясы сотында немесе бақылау тәртібінде көруде қатыса алмайды.

Қылмыс ісін кассация инстанциясы сотында көруде қатысқан судья осы қылмыс ісін бірінші инстанция яки апелляция инстанциясы сотында немесе бақылау тәртібінде көруде қатыса алмайды.

Қылмыс ісін бақылау тәртібінде көруде қатысқан судья осы қылмыс ісін бірінші инстанция, апелляция яки кассация инстанциясы сотында көруде қатыса алмайды.

Сұрастырушының, тергеушінің, сондай-ақ сот мәжіліс хатшысының өз процессуалды міндеттемесін орындауы, егер де, бұл іс қосымша тергеу жүргізу яки сотта жаңадан көру үшін жіберілген болса, олар тарапынан тиістісінше сұрастыру, алғашқы тергеу жүргізуге, сондай-ақ сот мәжіліс хаттамасын құруға кедергі жасамайды.





## Сұрақ пен тапсырмалар

1. Шұғыл мәліметті үйрену мақсатында Әндіжан облысының Балықшы ауданында жасайтын, 1979 жылда туылған М.А.-ның жасау үйі тексерілгенде құрылысы бітпеген үйінен қағаз парағына оралған, ауырлығы 326,5 г болған есірткі заты табылып, дәлелді заттар ретінде алынды.

2. 2018 жылдың 16 ақпан күні Қылмыстық істері бойынша Ташкент облысы сотында даңқ таратқан А.Т. және оның қылмыстық серіктері ретінде күмәнданып жатқандар үстінен кезектегі сот мәжілісі болып өтті.

Сот мәжілісінде қылмыстық іс бойынша сотталушылар өздерінің соңғы сөздерін айтты. Олар Қылмыстық кодекстің 177-бабы 3-бөлімінің «а» және «б» бөлігі 188-бабы, 189-бабы, 190-бабы 2-бөлімінің «а» және «в» бөліктерінде көзде ұсталған қылмыстарды жасағандықта айыпталған.

1. Аталмыш қылмыстар қылмыстық процесінің қайсы басқышында болады.
2. Олар қайсы басқыштардан өтіп болған?
3. Қылмыстық үдерісінде қайсы тұлғалар қатысқан деп ойлайсың? Пікіріңді Өзбекстан Республикасы Қылмыстық процессуалды кодексінің баптары негізінде сипаттап бер.
4. Бұл қылмыстық үдерісінде өз мүдделерін қорғайтын тұлғаларды ажыратып көрсет.
5. Қандай жайттарда судья, сондай-ақ халық кеңесшісі, прокурор, тергеуші, сұрастырушы тергеуге дейін тексеруді жүзеге асыратын органның лауазымды тұлғасы, сот мәжілісінің хатшысы қылмыс ісін жүргізуде қатысуға құқылы емес және оны қабылдамауы шарт?
6. Қылмыс ісін бірінші инстанция сотында көруде қатысқан судья сол мәселе бойынша қайсы инстанция соттарында қатыса алмайды?



## 28-§ Қылмыстық процессуалды заңдылықта анықтауы шарт болған жағдайлар



Дәлелдеу істі заңды, негізделген және әділетті шешу үшін маңызға ие болған жағдайлар туралы ақиқатты анықтау мақсатында дәлелдерді топтау, тексеру және бағалаудан тұрады.



Мәліметтер мен нәрселерді тергеу әрекеті хаттамасы яки сот мәжіліс хаттамасында тіркелгеннен кейін ғана олардан дәлел ретінде пайдалануға болады.

### Бүгін сабақта төмендегі тақырыптармен танысасың:



- Дәлелдер мен дәлелденуі шарт болған жайттар. Дәлелдер мен олардың түрлері.
- Дәлелдеудің жалпы шарттары.
- Тергеу жүргізу және оның тәртібі.
- Кәмелетке толмаған тұлғаны тергеу жасау тәртібі, айыпты жариялау шарттары.

### Дәлелдер мен дәлелденуі шарт болған жайттар

Әлеуметтік қауіпті қылмыс екендігін, осы қылмысты жасаған тұлғаның кінәлі-айыпсыздығын және істі дұрыс шешу үшін маңызға ие болған басқа жайттарды сұрастырушының, тергеушінің және соттың заңда белгіленген тәртіпте анықтауына негіз болатын әрқилы шынайы мәліметтер қылмыс ісі бойынша дәлел есептеледі.

Бұл мәліметтер куәгер, жәбірленуші, күдікті, айыпталушы, сотталушының түсініктемелері, эксперттің қорытындысы, шикізаттық дәлелдер, дауысты жазулар, видеожазулар, кинобейне мен фотосуреттерден тұратын материалдар, тергеу және сот әрекеттерінің хаттамалары және басқа құжаттармен анықталады.

Заңда белгіленген талаптарын сақтаған түрде өткізілген жедел-іздістіру шараларының нәтижелері Қылмыстық процессуалды кодекс нормаларына сәй-



...

процессуалды заңдылықты қатаң бұзған түрде яки заңсыз әдістермен, осы тұрғыдан:

қылмыстық процесі қатысушылары яки олардың жақын туыстарын қинау, психологиялық және жеке қысым және басқа аяусыз, адамгершілікке қарсы немесе қадір-қасиетті кемсітуші мәміле түрлерін қолдаған түрде, күдікті, айыпталушы яки сотталушының қорғауға болған құқығын, сондай-ақ аудармашы қызметінен пайдалану құқығын бұзған түрде;

қылмыс процесінде қатысып жатқан тұлғаға құқық пен міндеттемелерін түсіндірмеу салдарында оны шалғытқан түрде, аталмыш қылмыс жұмысы бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру құқығына ие болмаған тұлға тарапынан процессуалды әрекеттерді өткізу салдарында;

беймәлім деректен немесе қылмыс ісі бойынша іс жүргізу процесінде анықтау мүмкін болмаған деректен, алғашқы тергеу процесінде жәбірленуші, куәгер, күдікті, айыпталушы, сотталушының сотта бар дәлелдер жиынтығымен өз шешімін таппаған түсініктемелерден; бар дәлелдермен бекітілген жайттардан тыс, жәбірленуші, куәгер, күдіктіден алынған және тиісті түрде заңды күшке ие болмаған мәліметтерден қылмыс істері бойынша дәлел ретінде пайдалануға жол берілмесін.

**Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жыл 30 қарашадағы «Сот-тергеу қызметінде азаматтардың құқық пен еркіндіктері кепілдіктерін күшейту бойынша қосымша шаралар туралы» ПЖ-5268-санды Жарлығынан**



Тергеудин жалпы жалғасу уақыты бір күнде сегіз сағаттан аспауы қажет. Дем алу және тамақтану үшін берілетін бір сағат демалыс бұл есепке кірмейді.

кес тексерілгенен және бағаланғанынан соң қылмыс ісі бойынша дәлелдер деп іске асырылуы мүмкін.

Дәлелдеуде төмендегілерге тыйым салынады:

1) тұлғалардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті болған яки олардың абыройы және қадір-қасиетін кемсіту әрекеттерін жасау;

2) зорлық, қорқыту, алдау және заңға қайшы басқа жолдармен көрсетіп, түсіндіру, қорытындылар алуға, эксперименталды әрекеттерді орындауға, құжаттар яки бұйымдар даярлануына және берілуіне қол жеткізу;

3) түнгі уақытта, яғни кеш сағат 22:00-ден таңертең сағат 6:00-ге дейін тергеу әрекеттерін алып бару.

Даярланып жатқан яки жасалып жатқан қылмыстың алдын алу, қылмыс ізінің жоғалуына яки күдіктінің қашып кетуіне жол бермеу, эксперимент процесінде тексеріліп жатқан оқиғаның жағдайын қайтадан тіктеу қажеттілігі болған жайттар мұнан тыс. Тергеу яки сот әрекеттері процесінде алып қойылатын нәрселер мен құжаттар тиісті хаттамаларда анық көрсетіледі. Сонымен бірге нәрсе яки құжат иесіне хаттама нұсқасы яки оның көшірмесі тапсырылып, тілхат алынады. Іске байланысы болмаған нәрсе мен құжаттар заңды иесіне дереу қайтарылады.

Азаматтар сақтауы тыйым салынған нәрсе мен құжаттар жойылады яки оларды сақтауға өкілеттілігі болған және оларды иелік ететін мекемелер яки ұйымдарға беріледі.

## Тергеу жүргізу

Сұрастырушы яки тергеуші куәгерді, жәбірленушіні, күдіктіні және айыпталушыны сұрастыру, алғашқы тергеу өткізілетін жерде яки тергеуге алынушы қай жерде болса, сол жерде, ал сот сот талқысы жүріп жатқан жерде тергеу жасалады.

Сұрастырушы, тергеуші мен сот тергеу жасау алдынан тергелушіден оның фамилиясы, аты мен атасының атын, туылған уақыты (жылы, айы, күні) және туылған жерін, жасау жері мен жұмыс орнын, мансабы, жаттығу түрі, мәліметі, жанұялық жағдайын, сотталғандығы яки сотталмағандығын анықтауы және бұл мәліметтерді қылмыс ісіндегі яки тергелушінің жеке құжаттарындағы мәліметтермен салыстырып көруі немесе тергелуші өзін кім деп таныстырған болса, дәл сол тұлға екендігіне басқа жолдармен сенім білдіруі шарт.

Тергелуші жұмыс жүргізіліп жатқан тілді біледі ме, ол қайсы тілде түсініктемелерін бере алуы мүмкіндігін де анықтауы шарт.

Тергелушінің тұлғасы анықталғаннан кейін оған Қылмыстық-процессуалды кодексінде назарда ұсталған құқық пен міндеттемелері түсіндіріледі. Бұл құқық пен міндеттемелер түсіндірілгендігін тергеу хаттамасы яки сот мәжіліс хаттамасында тіркеледі.

Тергелушінің түсініктемелері сандар яки жадыда сақталуы қиын басқа мәліметтерге тиісті болса, ол тергеу процесінде өзіндегі яки іске қосып қойылған құжаттардан немесе басқа жазулардан пайдалануы мүмкін.

Тергеу алынушыға тергеу жүргізу процесінде өзіндегі құжаттар мен басқа жазуларды оқып есітіруге рұқсат етілуі мүмкін.

Сұрастырушы, тергеуші мен сот тергеу жүргізушіден тергеу жүргізу процесінде ол пайдаланып жатқан құжаттар мен басқа жазуларды талап етуі, оларды кейін қайтарып беруі яки іске қосып қоюы мүмкін.

Он алты жасқа дейін болған **куәгер яки жәбірленушіні тергеу жүргізудің** заңды өкілі яки үлкен жастағы жақын туысы, педагог яки жәбірленушінің өкілі қатысуында олардың разылығымен өткізіледі.



Кәмелетке толмаған күдіктіні, айыпталушыны тергеу жүргізуге кеткен жалпы уақыт күн барысында дем алу мен тамақтану үшін бір сағаттық демалысты есепке алмағанда алты сағаттан аспауы керек.



Уақытты  
«ессіз»,  
«кане еді»,  
«егерделермен»  
өткізген кісінің  
өмірі ең қысқа  
өмір екен.

**Кубро**



Адамзат  
ойлап тапқан  
қиратушы  
қарулардың  
арасында сөз  
ең қауіпті және  
күшті қару  
ретінде қалуда.

**Пауло Коело**

Көрсетілген тұлғалар тергеуге алынушының рұқсатымен куәгер яки жәбірленушіге сұрақтар беруі мүмкін.

Кәмелетке толмаған күдікті мен айыпталушы қорғаушының қатысуында тергеу жасалады.

Тергеу жүргізу барысында сұрастырушының, тергеушінің рұқсатымен кәмелетке толмағанның заңды өкілі қатысуы мүмкін.

Қорғаушы мен заңды өкіл күдіктіге және айыпталушыға сұрақтар беруге құқылы. Тергеу соңында қорғаушы және заңды өкіл хаттамамен танысу және ол туралы өз пікірлерін білдіруге құқылы.

## Сұрақ пен тапсырмалар



1. Дәлелдер не үшін керек? Дәлелдеудің жалпы шарттарын түсіндіріп бер.
2. Кәмелетке толмағандардың жұмыстары бойынша дәлелденуі шарт болған жағдайларды түсіндіріп бер?
3. Кәмелетке толмаған күдіктіні тергеу жүргізу шарттары неден тұрады?
4. Өзбекстан Республикасы Президентінің жоғарыдағы Жарлығы қандай қатынастарды тәртіпке салуға қызмет етеді?

*3. есімді 14 жасты тұлға пиротехника бұйымдарын мемлекет шекарасынан заңсыз жолдармен көрші мемлекеттен алып кіру процесінде қолға түсті.*

*Кәмелетке толмаған 3. есімді тұлға Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы Қаптанбек посылынан есірткі заттарын алып өтуде қатысып жатқанында кеден қызметшілері тарапынан қолға алынды.*

**Аталмыш мәселе қатысушыларының айыбын дәлелдеу үшін қандай әрекеттер жасалады?**

# Мазмұны

Кіріспе .....	3
1-§. Өзбекстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің құқықтық негізі .....	4

## I бөлім. ЖАНҰЯ ҚҰҚЫҒЫ

2-§. Жанұя қоғамның негізгі буыны.....	8
3-§. Неке құру тәртібі мен шарттары .....	14
4-§. Ерлі-зайыптының жеке құқық пен міндеттемелері .....	19
5-§. Ерлі-зайыптының мүліктік құқық пен міндеттемелері .....	23
6-§. Күйеу мен әйел мал-мүлкінің келісімшарттық тәртібі.....	27

## II бөлім. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ

7-§. Қылмыстық құқықтың мақсаты, міндеті мен бағыттары .....	34
8-§. Қылмыс белгілері .....	39
9-§. Қылмыстық жауапкершілік пен жаза жүйесі...	44
10-11-§. Азаматтардың Конституция мен заңдарда бекітіліп қойылған құқық және еркіндіктеріне қарсы қылмыстар .....	51
12-§. Жанұяға, жастарға және әдепке қарсы қылмыстар .....	62
13-§. Тыныштық пен қауіпсіздікке қарсы қылмыстар .....	68



14-§. Экономика саласындағы қылмыстар .....	74
15-§. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар .....	81
16-§. Қоғам қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар .....	86
17-§. Ақпарат технологиялары саласындағы қылмыстар .....	89

### **III бөлім. ҚАРЖЫ ҚҰҚЫҒЫ**

18-§. Өзбекстанда қаржы-кредит жүйесі .....	95
19-§. Қаржылық-құқықтық қатынастар .....	99
20-§. Өзбекстан Республикасы мемлекет бюджеті мен бюджет құқығы .....	104
21-§. Мемлекет табыстарын құқықтық тәртіпке салу .....	109
22-§. Мемлекет кредитінің құқықтық негіздері ....	115

### **IV бөлім. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

23-§. Табиғатты қорғаудың құқықтық негіздері....	118
24-§. Экологиялық құқықбұзушылық үшін жауапкершілік .....	122

### **V бөлім. ПРОЦЕССУАЛДЫ ҚҰҚЫҚ**

25-26-§. Қылмыстық-процессуалды заң құжаттары .....	127
27-§. Қылмыстық процесс қатысушылары.....	132
28-§. Қылмыстық процессуалды заңдылықта анықтауы шарт болған жағдайлар.....	136

*O'quv nashri*

**Nargiza Kamaritdinovna ISMATOVA,  
Omina Abduraxmanovna KARIMOVA**

## «DAVLAT VA HUQUQ ASOSLARI»

O'rta ta'lim muassasalarining 11-sinfi uchun darslik

*(Qozoq tilida)*

*Birinchi nashr*

Toshkent – «Yangiyul Poligraph Service» – 2018

Баспа лицензиясы AI №185, 10.05.2011 ж.

Аудармашы – Д. Бектаева  
Редактор — Б. Шухратов  
Техникалық редактор – М. Рықсиев  
Беттеуші және көркем әшекейлеуші — Ж. Азимов

Оригинал макеттен басуға рұқсат етілді 15.06.2018.  
Пішімі 70x90 1/16. «Times New Roman» гарнитурасы. Офсеттік қағазы.  
Офсеттік баспа әдісте басылды.  
Баспа табағы 9,0. Ш. б. т. 10,53.  
Нұсқасы Тапсырыс №

«Yangiyul Poligraph Service» ЖШС баспаханасында басылды.  
112001, Ташкент облысы, Янгийул қаласы, Самарқант көшесі, 44-үй.

### Жалға берілген оқулықтың жағдайы көрсететін кесте

Р/с	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

**Оқулық жалға беріліп, оқу жылының соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кесте сынып жетекшісі тарапынан төмендегідей бағалау мөлшерлеріне негізделіп толтырылады:**

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барша парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазу және сызықтар жоқ.
Орташа	Мұқаба езілген, әжептәуір сызылып, шеттері жыртылған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралу жағдайы бар, пайдаланушы тарапынан өңделген, кейбір беттеріне сызылған.
Нашар	Мұқабаға сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған яки мүлдем жоқ, нашар жөнделген, өңделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.